Асбест митохондриямен реттелетін токсиндік жолы арқылы альвеолярлы эпителий жасушаларында (АЭЖ) БОТ-рін ішінара қамтитын механизмдер арқылы өкпенің уыттылығын тудырады [4], сонымен қатар митохондриялық ДНҚ (мтДНҚ) мен функционалды электрон тасымалдауына әсер етеді, бұл митохондриядан алынған БОТ өндірісіне әкеліп, АЭЖ апоптозына септігін тигізеді. Митохондриялық белсенді оттегі түрлері (мтБОТ) өкпенің идиопатиялық фиброзы, асбестоз, созылмалы обструктивті өкпе ауруы және өкпенің қатерлі ісігін қамтитын әртүрлі өкпе ауруларының патогенезіне қатысады. Осылайша, БОТ митохондриялық дисфункция, ДНҚ зақымдануы және апоптоз сияқты биологиялық процестердің кең ауқымын белсендіреді [5].

Биохимиялық деректер ішкі митохондриялық мембрананың жалпы ақуызының шамамен 30% тыныс алу тізбегіндегі электронды тасымалдау жүйесіне және АТФ түзілуіне қатысатын функционалды ферментті ақуыздарымен ұсынылғанын көрсетеді. Морфометриялық зерттеулерде біз асбест әсерінен митохондрия ауданының, периметрінің, сыртқы және ішкі мембраналардың орташа диаметрінің, кристалардың диаметрінің және мембрана аралық кеңістіктің ұлғаюын, сондай-ақ митохондриялық кристалардың ұзындығының азаюын көрсеттік. Митохондрияларға тән ультрақұрылымның өзгеруі тіннің функционалдық жағдайының өзгеруін және соның салдары ретінде патологиялық процестің дамуының басталуын көрсетеді [6].

Сүтқоректілердің организміне хризотил асбест шаңының әсерін зерттеу мақсатында егеуқұйрықтардың өкпе тінде липидтердің асқын тотығуы (ЛАТ) мен антиоксиданттық жүйенің ферменттері – супероксиддисмутаза және каталазаға биохимиялық зерттеу жүргізілді. Нәтижелерді салыстырмалы талдау асбест шаңының әртүрлі дозаларымен әсер еткен жануарларда липидтердің асқын тотығу белсенділігінің жоғарылауы және супероксиддисмутаза және каталаза ферменттерінің белсенділігінің төмендеуі байқалатынын көрсетті.

Биохимиялық зерттеулер салмағы 200-250 г. ақ аталық Wistar егеуқұйрықтарына жүргізілді, олар табиғи жарықпен және су мен тағамға еркін қол жетімділікпен стандартты виварий жағдайында ұсталды. Жүргізілген манипуляциялар Женева конвенциясына (1990 ж.) және жануарларға адамгершілікпен қарау туралы Хельсинки декларациясына және жануарларға эксперимент жүргізудің этикалық стандарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Жануарлар 3 топқа бөлінді (әрқайсысында 6 дарадан): I топ – бақылау жануарлары, оларға 1 мл физиологиялық ерітінді, II топ – 25 мг хризотил асбест

шаңы енгізілген жануарлар, III топ – 50 мг хризотил асбест шаңы енгізілген жануарлар. Хризотил асбест шаңын Е.Н.Городенская, өзгерткен В.И. Парашина (1954) әдісі бойынша тәжірибелік егеуқұйрықтардың өкпесіне (трахея ішіне) енгізді. Тәжірибе үшін Жітіқара кен орнының (Қазақстан) хризотил асбесті пайдаланылды. Хризотил асбест шаңы физиологиялық ерітіндіде ерітілді. Егеуқұйрықтар хризотил асбест шаңын енгізген соң 60 күннен кейін эфирлік анестезияны қолданып, декапитация әдісі арқылы тәжірибеден шығарылды.

Липидтердің асқын тотығу көрсеткіші ретінде малондиальдегидтің (МДА) мөлшері В.С. Конюхова (1989) және диен конъюгаттары (ДК) В.А.Костюк және басқалар (1984) әдісі бойынша анықталды. МДА анықтау әдісі қышқыл ортада жоғары температурада МДА тиобарбитур қышқылымен әрекеттесіп, 535 нм абсорбциялық максимумы бар түсті қызғылт үшметин кешенін түзетініне негізделген. Малондиальдегид концентрациясы мкмоль/л-де көрсетілген. Гептан/изопропанол жүйесінде өкпе тінінен алынған және 233-234 нм абсорбциялық максимумға ие диен конъюгаттары спирттік фазасында тіркелді. Диен конъюгаттарының мөлшері нм/мг липидтермен көрсетілген. Антиоксиданттық қорғаныс жүйесінің белсенділігі өкпе тініндегі супероксид дисмутаза мен каталазаның мөлшерімен бағаланды.

Бұл жұмыста статистикалық талдаудың стандартты әдістері қолданылды. Зерттелетін параметрлердегі эксперименттік топтар арасындағы параметрлік айырмашылықтардың маңыздылығы Стьюденттің Т-критерий көмегімен бағаланды.

Зерттеу нәтижелері жануарлардың бақылау тобындағы өкпе тінінде липидтердің асқын тотығу өнімдерінің құрамын сипаттайтын диен конъюгаттары  $1,78 \pm 0,16$  нм/мг, ал асбестпен 25 мг тозаңдалған жануарларда бұл көрсеткіш  $3,22 \pm 0,26$  нм/мг ( $p < 0,01$ ) болатынын көрсетті. 50 мг асбест шаңы енгізілген жануарларда көрсеткіштер  $2,93 \pm 0,32$  нм/мг ( $p < 0,05$ ) құрады, бұл ДК-нің сенімді жоғарылағанын көрсетеді (1-кесте).

*Кесте 1. Хризотил асбестінің ЛАТ көрсеткіштеріне әсері және егеуқұйрықтардың өкпе жасушаларындағы антиоксиданттық ферменттердің белсенділігі.*

Көрсеткіштер	Бақылау тобы	Асбест шаңымен өңделген (25 мг/мл)	Асбест шаңымен өңделген (50 мг/мл)
Диен конъюгаттары	$1,78 \pm 0,16$	$3,22 \pm 0,26^{**}$	$2,93 \pm 0,32^*$
Малон диальдегидтері	$0,54 \pm 0,04$	$0,73 \pm 0,06^*$	$0,91 \pm 0,05^{***}$
Супероксид-дисмутаза	$1,08 \pm 0,1$	$0,82 \pm 0,02^*$	$0,74 \pm 0,04^{**}$
Каталаза	$1,42 \pm 0,3$	$0,75 \pm 0,06^*$	$0,72 \pm 0,04^*$

*Ескерту:* бақылау тобымен айырмашылықтар сенімділігі: \*- $p < 0,05$ , \*\*-  $p < 0,01$ , \*\*\*-  $p < 0,001$ .

Егеуқұйрықтардың бақылау тобындағы малондиальдегид концентрациясы  $0,54 \pm 0,04$  мкмоль/л, ал асбест шаңымен 25 мг дозада әсер еткен жануарларда  $0,73 \pm 0,06$  мкмоль/л болды. Бақылау тобына қатысты өсу тенденциясы 50 мг  $0,91 \pm 0,05$  мкмоль/л ( $p < 0,01$ ) дозада шаңға ұшыраған жануарларда тіркелді, онда МДА концентрациясы 40,7%-ға ( $p < 0,01$ ) айтарлықтай өсті. Осылайша, хризотил-асбест шаңымен шаңдалған тәжірибелік егеуқұйрықтарда асбест шаңының әсеріне жауап ретінде дененің қорғаныс механизмдерін ынталандыратын ДК және МДА деңгейлерінің жоғарылауымен сипатталатын елеулі өзгерістер анықталды.

Бақылау тобындағы СОД белсенділігі  $1,08 \pm 0,1$  бірлік/мг ақуызға тең болды, асбест шаңымен 25 мг дозада әсер еткен жануарларда  $0,82 \pm 0,02$  бірлік/мг ақуызға ( $p < 0,05$ ) төмендеу тенденциясы байқалды, бұл бақылау тобымен салыстырғанда 24,1%-ға ( $p < 0,05$ ) төмен. 50 мг дозада асбест шаңына ұшыраған жануарлардың белсенділігі  $0,74 \pm 0,04$  бірлік/мг ақуызға ( $p < 0,01$ ) айтарлықтай төмендеді, ал бақылау тобына қатысты бұл 31,5% ( $p < 0,01$ ) төмен болды.

Каталаза да егеуқұйрықтың өкпе тінінде белсенділіктің төмендеуін көрсетті. Зерттеу көрсеткендей, бақылау жануарларында каталаза белсенділігі  $1,42 \pm 0,3$  бірлік/мг ақуыз шегінде, ал шаңға ұшыраған жануарларда 25 мг дозада  $0,75 \pm 0,06$  бірлік/мг ақуызға ( $p < 0,05$ ) дейін төмендегені байқалды, бұл бақылау тобымен салыстырғанда 47,2% ( $p < 0,05$ ) төмен. Асбест шаңымен әсер еткендерде 50 мг дозада  $0,72 \pm 0,04$  бірлік/мг ақуызға ( $p < 0,05$ ) құрады, бақылау тобымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 49,3%-ға ( $p < 0,05$ ) төмен болды.

Асбестпен әсер еткенде тотығу стрессінің дамуы байқалады, ол липидтердің асқын тотығу өнімдері деңгейінің жоғарылауымен, сондай-ақ егеуқұйрықтардың өкпе тіндерінде антиоксиданттық қорғаныстың төмендеуінен көрінеді. Антиоксидантты қорғаудың бірінші буынының ферменттерінің белсенділігі айтарлықтай төмендейтіні көрсетілген. Жалпы алғанда, асбест әсерінен ЛАТ жүйесінің және антиоксиданттық қорғаныстың теңгерімсіздігі иммунометаболикалық процестердің координациясының бұзылуының нәтижесі болып табылады және организмнің бейімделу реакцияларының төмендеуін көрсетеді.

### Қолданылған әдебиеттер

- 1 Castranova V., Vallyathan V. Silicosis and coal workers' pneumoconiosis. Environ Health Perspect. 2000 Aug;108 Suppl 4 (Suppl 4): 675-84.
- 2 Ospina D., Villegas V.E., Rodriguez-Leguizamon G., Rondon-Lagos M. Analyzing biological and molecular characteristics and genomic damage induced by exposure to asbestos. Cancer Manag Res. 2019 May 30; 11: 4997-5012.
- 3 Cheng Y.Y., Rath E.M., Linton A., Yuen M.L., Takahashi K., Lee K. The current understanding of asbestos-induced epigenetic changes associated with lung cancer. Lung Cancer (Auckl). 2020 Jan 8; 11: 1-11.

4 Kim S-J, Cheres P, Jablonski RP. Mitochondrial catalase overexpressed transgenic mice are protected against lung fibrosis in part via preventing alveolar epithelial cell mitochondrial DNA damage. *Free Radic Biol Med.* 2016 Dec; 10: 482-490. doi: 10.1016/j.freeradbiomed.2016.11.007.

5 Kim S.J., Cheres P., Jablonski R.P., Williams D.B., Kamp D.W.. The role of mitochondrial DNA in mediating alveolar epithelial cell apoptosis and pulmonary fibrosis. *Int J Mol Sci.* 2015; 16(9). – С. 214-215.

6 Айнагулова Г.С., Рзаев Ф.Г., Гасымов Э.К., Берсимбай Р.И. Морфометрическая характеристика ультраструктуры митохондрий легких крыс после введения животным хризотил асбеста // Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Серия биологические науки. – № 2(143), 2023. – С. 123-140.

ҒТАМР 27.21

## КҮРДЕЛІ ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Ә.Б. Дауек**

*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ; Алматы қ.*

**М.А. Муратбекова**

*Ғылыми жетекші, PhD-доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ; Алматы қ.*

Қазіргі уақытта қайта құру, дамытушылық функциялары мектептегі білім берудегі қайта бағдарлаудың негізгі міндеттері болып табылады. Интеллектуалды тұлғаның дамуы, оқу-танымдық қызметінің алғашқы жоспарларына шығатындығын білдіреді. Қазіргі уақытта мектептерде оқу-танымдық ойларын дамытуға математикамен бәсекеге түсе алатын пән жоқ. Бірнеше ондаған жылдар бойы тригонометрия мектеп курсының жеке пәні ретінде қарастырылмайды, сондықтан ол мектеп курсындағы геометрия және алгебра ғана емес, алгебра және анализ бастауында да кездеседі. Тарихи түрде тригонометриялық теңдеулер және теңсіздіктер мектеп курсында ерекше орын алады. Гректер тригонометрияны ғылымдар ішіндегі ең маңызды ғылым ретінде есептеген. Сондықтан да біз тригонометрияны мектеп курсындағы және барлық математика ғылымдарының ішіндегі маңызды бөлім деп есептейміз. Мектеп курсындағы тригонометриялық теңсіздіктер орта білім беру мектептерінде маңызды орын алады, олардың мазмұнына, оқу материалына және оқу-танымдық қызметіне байланысты, сондай – ақ құрылымына және қолдануына, көптеген есептердің шешуіне және теориялық, қолданбалы сипатқа ие.

**Түйін сөздер:** тригонометрия, тригонометриялық теңдеулер, тригонометриялық теңсіздіктер, оқыту әдістемесі, бірлік шеңбер.

Мектептегі математикалық білімнің тригонометриялық теңдеу мен теңсіздіктерді шешуінің бірнеше бағыттары бар:

- Теңсіздіктерді шешу;
- Теңсіздіктердің жүйесін құру;
- Теңсіздіктерді дәлелдеу.

Ғылыми-әдістемелік және математикалық әдебиеттер талдауы көрсетіп отырғандай, бірінші және екінші бағыттарға көп көңіл бөлінеді. Математиканы оқытуда қолданбалы бағытты қолдануды күшейту, біздің уақыттың талабына сай болып келеді. Талдаулар көрсеткендей мектептегі білім беру,

тригонометриялық теңдеулердің шешу мүмкіндіктерін, әсіресе тригонометриялық теңсіздіктерді шешу бағыттары бұл тұрғыдан жеткілікті. Сонымен қатар айта кету керек, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер оқушылардың білім сапасы үшін алғышарттар қояды, яғни мектеп курсы бойынша барлық тригонометриялық материалдар және алгебра материалымен тығыз байланыс жасауға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін қарастырғанда оны өзіндік жаңа мазмұнға көшіру қарастырылды.

*Тригонометриялық теңсіздіктер және оларды шешу тәсілдері.*

Тригонометриялық өрнектерден құралған теңсіздіктерді тригонометриялық теңсіздіктер деп атайды. Тригонометриялық теңсіздіктерді түрлендіріп, төмендегідей қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерге келтіріп шешеді:  $\sin x > a$ ,  $\cos x \leq a$ ,  $\operatorname{tg} x \geq a$ ,  $\operatorname{ctg} x > a$  және т.с.с. [1].


Тригонометриялық теңсіздіктерді шешудің бірнеше мысалын қарастырайық:

1.  $\sin x \geq \frac{\sqrt{3}}{2}$  тригонометриялық теңсіздігін шешейік.

Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу бойынша бірінші сабақта оқушыларға теңсіздіктерді шешу үшін қажет барлық негізгі біліктілікті көрсететін алгоритмді шешімді ұсынамыз.

*1-қадам.* Бірлік шеңбер сызамыз, ординатасында осінде  $\frac{\sqrt{3}}{2}$  нүктесін белгілейміз, сол арқылы абцисса осіне параллел түзу жүргіземіз. Бұл түзу бірлік шеңберді екі нүкте арқылы қиып өтеді. Осыларды әр нүктесі синусы  $\frac{\sqrt{3}}{2}$  тең болатын санды білдіреді.

*2-қадам.* Бұл түзу шеңберді екі доғаға бөлді.  $\frac{\sqrt{3}}{2}$  қарағанда, синусы бар санды көрсететінін белгілейміз. Әрине, бұл доға жүргізілген түзуден жоғары жағында орналасқан (1-сурет).



Сурет 1.


*3-қадам.* Белгіленген доғаның бір соңын таңдаймыз. Бірлік шеңберде суреттелген  $\frac{\pi}{3}$  нүктесінде жазамыз.

*4-қадам.* Белгіленген доғаның екінші соңына сәйкес санды таңдап алу үшін, осы доға бойынша аталған жерден бастап екінші соңына дейін өтеміз. Сонымен қатар, сағат тіліне қарсы жүретінімізгенде мәндері көбейетінін

ескертеміз (қарсы қозғалу кезінде сандар азаяды). Бірлік шеңберінің екінші соңында суреттелген доғаның  $\frac{2\pi}{3}$  белгіленген санды жазамыз [2].

Осылай,  $\sin x \geq \frac{\sqrt{3}}{2}$  теңсіздігін  $\frac{\pi}{3} \leq x \leq \frac{2\pi}{3}$  теңсіздігінің сандары қанағаттандыратынын көреміз. Біз синустың функциясының бір жүйесінде орналасқан сандардың теңсіздігін шештік. Сондықтан теңсіздіктің барлық шешімдері келесі түрде жазылуы мүмкін:  $\frac{\pi}{3} + 2\pi n \leq x \leq \frac{2\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z$ .

Суретті мұқият қарап, неліктен  $\sin x \geq \frac{\sqrt{3}}{2}$  теңсіздігінің барлық шешімдері  $-\frac{4\pi}{3} + 2\pi n \leq x \leq \frac{\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z$  түрінде болатындығына назар аударыңыз (2-сурет).




Сурет 2.

Оқушылардың назарын, косинустар функциясының теңсіздігін шешу кезінде түзуі ордината осіне параллельді жүргізілетіндігіне назар аудару қажет.

2. Теңсіздікті шешудің кестелік түрі.


$-1 < \frac{\sqrt{3}}{2} < 1$  ескере отырып,  $y = \sin x$  және  $y = \frac{\sqrt{3}}{2}$  кестесін құрамыз (3-сурет).



Сурет 3.

Содан соң  $x_0 = \arcsin a, x_1 = -\arcsin a + \pi, x_2 = \arcsin a + 2\pi$  формуласы арқылы табылған  $\sin x = \frac{\sqrt{3}}{2}$  теңдеуін және оның шешімін жазамыз:  $x_0 = \frac{\pi}{3}, x_1 = -\frac{\pi}{3}, x_2 = \frac{7\pi}{3}$ . ( $n$ -ге мән бере отырып 0; 1; 2, құралған теңдеудің үш түбірін табамыз).  $x_0, x_1, x_2$  мәндері  $y = \sin x$  және  $y = \frac{\sqrt{3}}{2}$  кестелердің қиылысу нүктелерінің үш абсцисасы болып табылады.  $(x_0; x_1)$  аралығында  $\sin x > \frac{\sqrt{3}}{2}$


теңсіздігі, ал  $(x_1; x_2)$  аралығында  $\sin x < \frac{\sqrt{3}}{2}$  теңсіздігі орындалатыны ақиқат. Бізді бірінші жағдай қызықтырады, синустың периодына осы аралықтағы сандарды қосып, келесі теңсіздіктің шешімін табамыз  $\sin x > \frac{\sqrt{3}}{2}$  мына түрде  $\frac{\pi}{3} + 2\pi n < x < -\frac{\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z$  (4-сурет).



Сурет 4.

Қорытынды жасайық.  $\sin x \geq \frac{\sqrt{3}}{2}$  теңсіздігін шешу үшін, сәйкес теңдеу құрып, оны шешу керек. Алынған формуладан  $x_0$  және  $x_1$  түбірлерін тауып, теңсіздік жауабын келесі түрде жазып аламыз  $x_0 + 2\pi n \leq x \leq x_1 + 2\pi n, n \in Z$ .

Үшіншіден, тригонометриялық теңсіздік түбірлерінің көптігі кестелі түрде шешкенде дәлелденеді (5-сурет).



Сурет 5.


Оқушыларға теңсіздіктің шешімі болатын айналымдар бір ғана аралықта қайталана беретіндігін көрсету керек. Сол сияқты синус функциясының кестесі үшін де ұқсас суреттерді қарастыруға болады.

Төртіншіден, оқушылармен тригонометриялық жүйелердің түрленуін көрсету бойынша жұмыс жүргізу, оқушылардың осы тригонометриялық теңсіздіктерді шешудегі назарын аудару қажет [3].

3.  $\cos x > \frac{1}{2}$  тригонометриялық теңсіздігін шешейік.


1-қадам. Бірлік шеңбер сызып, абсцисса осінде  $\frac{1}{2}$  нүктесін белгілейміз. Ордината осіне параллел түзу өткіземіз. Бұл түзу бірлік шеңберді екі нүктедегі кесіп өтеді. Осы нүктелердің әрқайсысы косинусы  $\frac{1}{2}$ -ге сандарды білдіреді (6-сурет).





Сурет 6.

2-қадам. Бұл түзу шеңберді екі доғаға бөлді. Косинус бар  $\frac{1}{2}$  сандар бейнеленген доғаның біреуін белгілейік. Әрине, бұл доға сызылған түзуден жоғары орналасқан (7-сурет).



Сурет 7.

3-қадам. Белгіленген доғаның бір сонын таңдаймыз. бірлік шеңбердің  $-\frac{\pi}{3}$  нүктесімен бейнелеген сандардың біреуін жазып аламыз.


4-қадам. Белгілен доғаның екінші соңына сәйкес санды таңдап алу үшін, осы доға бойынша аталған жерден бастап екінші соңына дейін өтеміз. Сонымен қатар, сағат тіліне қарсы жүретімізде мәндері көбейетінін ескертеміз(қарсы қозғалу кезінде сандар азаяды). Бірлік шеберінің екінші соңында суреттелген доғаның  $\frac{\pi}{3}$  белгіленген санды жазамыз.

Осылай,  $\cos x > \frac{1}{2}$  теңсіздігін  $\frac{\pi}{3} \leq x \leq \frac{2\pi}{3}$  теңсіздігінің сандары қанағаттандыратынын көреміз. Біз косинус функциясының бір жүйесінде орналасқан сандардың теңсіздігін шештік. Сондықтан теңсіздіктің барлық шешімдері келесі түрде жазылуы мүмкін:  $\frac{\pi}{3} + 2\pi n \leq x \leq \frac{2\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z$ . [4].

4.  $\operatorname{tg} x \geq -1$  тригонометриялық теңсіздігін шешейік.


1-қадам. Бірлік шеңбер сызайық. Жоғарғы және төменгі нүктені шегеріп тастаймыз, себебі ол тангенске кірмейтін сандарды бейнелейді. Тангенстердің сызығында -1 нүктесін белгілейміз және координаталардың басымен қосамыз.

Ол түзу бірлік шеңберді қиып өтеді. Қиылысу нүктесі тангенсі  $-1$  тең болған сандарды бейнелейді (8-сурет).




Сурет 8.

2-қадам. Тангенс  $-1$  тең немесе одан да көп болатын нүктелер үшін доғаны белгілейміз. Доғалардың келесі соңын  $\frac{\pi}{2}$  санымен белгілейміз (9-сурет).




Сурет 9.

3-қадам. Тангенспен доғаның екінші жағын тиісті санды әрқашан арктангенспен белгіленуге болады. Осы жағдайда бұл арктангенс  $-1$ , немесе  $-\frac{\pi}{4}$ . Енді, тангенстің  $\pi$  периоды функциясын екенін ескере отырып, мынадай теңсіздіктің шешімі шығарамыз:  $-\frac{\pi}{4} + \pi n \leq x < \frac{\pi}{2} + \pi n, n \in Z$  (10-сурет).



10-сурет.

Суретке назар аударыңыз және неліктен  $\operatorname{tg} x \leq -1$  теңсіздіктердің барлық шешімдері  $-\frac{\pi}{2} + \pi n < x \leq -\frac{\pi}{4} + \pi n, n \in Z$  түрде жазылуы мүмкін екенін анықтаңыз (11-сурет).



Сурет 11.

Мектеп математика курсына теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелеріне байланысты материалдар математиканың негізгі бөлігін құрайды, өйткені теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері математиканың әр бөлімдерінде және маңызды қолданбалы есептерді шығаруда кеңінен қолданылады. Осыған орай оқушыларды мектеп қабырғасында теңдеулер мен теңсіздіктер желісінің қолданбалық, теориялық-математикалық желілермен байланысын құру бағыттарын игерту мәселесі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге үйрету материалдарын талдау мен сапалы игерту мәселесімен тығыз байланысты. Тригонометриялық теңдіктер мен теңсіздіктер математиканы және жалпы жеке тұлғаны дамытуда лайықты орын алады.

Бұл жұмыстың практикалық маңызы зор, өйткені тригонометриялық теңсіздіктер көбінесе ЖОО-ға түсу үшін тапсыратын емтихан материалдарында кездеседі, ал мектеп курсына дағы математикада бұл тақырып жеткіліксіз оқытылады. Зерттеуді алгебра пәнінің таңдау пәндерін жүргізу үшін немесе емтиханға дайындық кезінде материал ретінде пайдалануға болады.

### Қолданылған әдебиеттер

- 1 Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра және анализ бастамалары: 10-сынып. «Мектеп» баспасы, 2019. – 240 б.
- 2 Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р.Н. Алгебра және анализ бастамалары: 10-сынып. «Атамұра» баспасы, 2019. – 272 б.
- 3 Лященко Е.И. Методические рекомендации по формированию ведущих понятий курса математики. – Ленинград, 1988. – 72 с.
- 4 Мордкович А.Г. Алгебра и начала анализа. 10-11 кл.: Учебник для общеобразовательных учреждений. – М.: Мнемозина, 2000. – 336 с.

ҒТАМР 27.17

## ЛОГАРИФМДІК ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ ТАМАША ӘДІСТЕРІ

**А.Н. Ақболат**

*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

**Ж.Х. Жунусова**

*Ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Мектеп математика курсына «Логарифм» тақырыбы 11-сыныпта оқытылады. Бұл тақырыпта оқушылар логарифмдік теңдеулер және олардың жүйелерін шешу жолдарымен танысып, логарифмдік теңдеулерге берілген есептерді шешу жолдарын үйренеді. «Логарифм» тақырыбы өте өзекті тақырыптардың бірі, өйткені көптеген күрделі арифметикалық амалдарды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Кез келген мамандықты білу үшін математикалық білім қажет, өйткені математикалық білім өмірдің қажетті құрамдас бөлігі. Логарифм ғылым мен техникада, информатика саласында, дискретті математиканың көптеген салаларында кеңінен қолданылады. Логарифмдерді есептеулерді жеңілдету құралы ретінде XVII ғасырдың басында Джон Непьер енгізді. Оның ғалымдарға, инженерлерге және басқа да есептеулерді жеңілдетуге тигізген көмегі көп болды.

**Түйін сөздер:** дәреже, дәреженің негізі, дәреженің көрсеткіші, теңдеу, теңдеудің түбірі, дәрежеге шығару, түбір табу.

Алгебраны кейде «Жеті амалдан тұратын арифметика» деп атайды, өйткені алгебра төрт арифметикалық амалдан басқа дәрежеге шығару және оған кері екі амалды қарастырады. Мысалы,  $4 \cdot 4 \cdot 4 = 4^3 = 64$  теңдігін алайық. Бұл теңдік дәрежеге шығару деп аталады. Бұл амалда дәреженің негізі 5 саны және дәреженің көрсеткіші 3 саны беріліп, дәреженің мәні 64 саны ізделінеді. Енді дәрежеге шығаруға кері амалды анықтайық:

27 санын алу үшін қандай санды үшінші дәрежеге шығару қажет екенін анықтау керек болсын. Егер ол санды  $x$  деп белгілесек, онда  $x^3 = 27$  теңдеуін аламыз. Берілген дәреже 27 саны бойынша  $x$  санын табу амалы түбір шығару деп аталып, былай белгілейді:  $x = \sqrt[3]{27}$ . Осыдан,  $x = 3$ .

125 санын алу үшін негізі 5 болатын дәрежені қандай көрсеткішке шығару үшін, ол санды  $x$  деп белгілесек, онда  $5^x = 125$  түріндегі теңдеуді аламыз. Дәреженің берілген негізі 5 саны және берілген дәреже 125 саны

бойынша дәреженің көрсеткішін  $x$  табу амалын логарифмді табу деп атааймыз.  $5^x = 125$  түріндегі теңдеуде  $x = 3$ . өйткені,  $5^3 = 125$ .

*Анықтама.* Қандай да бір  $a$  санын  $x$  дәрежеге шығару арқылы алынған  $b$  санын  $a^x = b$  теңдеуі түрінде жазуға болады., мұндағы  $a$  және  $b$  берілген сандар, ал  $x$  – белгісіз шама. Бұл теңдеудің әр уақытта түбірі бола бермеді.

Мысалы,  $a$  саны оң,  $b$  саны теріс болса, онд теңдеудің шешімі жоқ, себебі көрсеткіштік функция әрдайым нөлден үлкен.  $a^x > 0$ . Ал егер,  $a$  және  $b$  оң сандар,  $a \neq 1$  болса теңдеудің түбірі бар және ол біреу ғана болады.

*Анықтама.*  $b$  саны шығу үшін  $a$  негізі шығарылатын  $x$  дәреже көрсеткішін  $b$  оң санының  $a$  негізі бойынша логарифмі деп атайды.  $\log_a b = x$  жазуы негізі  $a$  болатын  $b$  санының логарифмі  $x$ -ке тең деп оқылады.

Логарифмнің қиаеттері:

1. Негізі  $a$  ( $a$  кез келген оң сан) болатын  $a$  санының логарифмі бірге тең:  $\log_a a = 1$

2. Негізі  $a$  болатын бір санының логарифмі нөлге тең:  $\log_a 1 = 0$

3. Екі немесе бірнеше оң сандардың көбейтіндісінің логарифмі көбейткіштердің логарифмдерінің қосындысына тең:  $\log_a (bc) = \log_a b + \log_a c$

4. Қатынастың немесе бөлшектің логарифмі алымының логарифмі мен бөлімінің логарифмінің айырымына тең:  $\log_a \left(\frac{b}{c}\right) = \log_a b - \log_a c$

5. Дәреженің логарифмі дәреже көрсеткішін дәреже негізінің логарифміне көбейткенге тең:  $\log_a b^n = n \log_a b$

6. Жаңа негізге көшу формуласы:  $\log_a x = \frac{\log_b x}{\log_b a}$

Өрнекті логарифмдей білу логарифмдеудің нәтижесі бойынша осы нәтижені беретін өрнекті табуға мүмкіндік береді. Мысалы,  $\log_a x = \log_a b + 4 \log_a c - 5 \log_a e$  теңдеуі  $x = \frac{bc^4}{e^5}$  болады. Мұндай операцияны *потенциалдау* деп атайды.

Егер  $a$  және  $b$  – оң сандар,  $a \neq 1$  болса, онда кез келген  $k \neq 0$  саны үшін  $\log_a b = \log_{a^k} b^k$  теңдігі орындалады. Практикада логарифмнің дербес түрі қолданылады.

*Анықтама.* Негізі 10 болатын санның логарифмі *ондық логарифм* деп аталады. Ондық логарифмді жазу үшін  $\lg$  белгісі қолданылады. Мысалы,  $\log_{10} 17$  орнына  $\lg 17$  деп жазылады. Ондық логарифмнің өзіне тән үш қасиеті бар:

1. Бір саны және одан кейінгі нөлдерден тұратын оң санның ондық логарифмі нөлдердің санына тең бүтін оң сан болады, яғни  $a = 10^n$  болса, онда  $\lg a = \lg 10^n = n$ .

2. Бір саны және оның алдындағы нөлдерден тұратын оң ондық бөлшектің ондық логарифмі  $n$  болады, яғни  $a = 10^{-n}$  болса, онда  $\lg a = \lg 10^{-n} = -n$ .

3. 10 санының бүтін немесе нөлінші дәрежеге тең емес рационал санның ондық логарифмі иррационал сан болады. Мысалы,  $\lg 11, \lg 17, \lg 0,38$ .

Есептің шешімін табуды жеңілдету үшін ондық логарифмдерді қолданған тиімді. Сонымен қатар негізі  $e = 1,347892229.....$  ( $e$  иррационал сан, сондықтан шексіз периодсыз ондық бөлшек ретінде жазылады) болатын логарифм де қолданылады.

*Анықтама.* Негізі  $e$  болатын санның логарифмі *натурал логарифм* деп аталады. Натурал логарифмді жазу үшін  $\ln$  белгісі қолданылады. Мысалы,  $\log_e 15$  орнына  $\ln 15$  деп жазылады.

*Логарифмге берілген есептерді шешудің тамаша әдістерін қарастырайық.*

Логарифмдік теңдеулерді шешуде анықталу облысы оң сандар ғана болғандықтан, бөгде түбірлердің пайда болуы мүмкін. Сондықтан шыққан мәндерді теңдеуге қойып тексеру керек және анықталу облысына тиісті немесе тиісті емес екенін анықтаған жөн.

*Логарифмнің анықтамасы негізінде шешу.*

1-мысал. Теңдеуді шешіңіз:  $\log_3 x + \log_9 x + \log_{27} x = \frac{22}{3}$

$x$ -тің барлық теріс емес мәндерінде логарифм белгісінің ішіндегі өрнек әрқашан оң болатыны анық.

$$\log_3 x + \log_9 x + \log_{27} x = \frac{22}{3}$$

$$\frac{11}{6} \log_3 x = \frac{22}{3}$$

$$\log_3 x = 4$$

$$x = 3^4 = 81$$

Жауабы: 81

*Потенциалау әдісі.*

$\log_a f(x) = \log_a g(x)$  түріндегі логарифмнің теңдеуі,  $f(x) > 0, g(x) > 0$  шарттарын ескереміз және ол  $f(x) = g(x)$  теңдеуімен мәндес.

2-мысал. Теңдеуді шешіңіз:  $2 \lg \left( x + \frac{1}{2} \right) - \lg(x-1) = \lg \left( x + \frac{5}{2} \right) + \lg 2$

$$\begin{cases} x + \frac{1}{2} > 0 \\ x - 1 > 0 \Rightarrow x \in (1; \infty) \\ x + \frac{5}{2} > 0 \end{cases}$$

$$2 \lg \left( x + \frac{1}{2} \right) = \lg \left( x + \frac{5}{2} \right) + \lg 2 + \lg(x - 1)$$

$$\lg \left( x + \frac{1}{2} \right)^2 = \lg \left[ \left( x + \frac{5}{2} \right) (2x - 2) \right]$$

ММЖ:  $x^2 + x + \frac{1}{4} = 2x^2 + 3x - 5$

$$4x^2 + 8x - 21 = 0$$

$$D = \sqrt{64 + 4 \cdot 4 \cdot 21} = \sqrt{400} = 20$$

$$x_{1/2} = \frac{-8 \pm 20}{8} = \begin{cases} \frac{3}{2} \\ -\frac{7}{2} \end{cases}$$

ММЖ-на  $-\frac{7}{2}$  жатпайды.

Жауабы: 1,5

*Жаңа айнымалы енгізу әдісі*

3-мысал. Теңдеуді шешіңіз:  $\lg^2 x + \lg \frac{2}{x} + \lg \frac{5}{x} = 4$

ММЖ:  $x > 0$ .

$$\lg^2 x + \lg 2 - \lg x + \lg 5 - \lg x = 4$$

$$\lg^2 x - 2 \lg x + \lg 10 - 4 = 0$$

$$\lg^2 x - 2 \lg x - 3 = 0$$

$$\lg x = t$$

$$t^2 - 2t - 3 = 0$$

$$D = \sqrt{4 + 12} = \sqrt{16} = 4$$

$$t_1 = 3, t_2 = -1$$

$$1. \lg x = 3 \Rightarrow x = 10^3 = 1000$$

$$2. \lg x = -1 \Rightarrow x = 10^{-1} = \frac{1}{10}$$

Жауабы: 1000,  $\frac{1}{10}$

Негізінде және дәрежелік көрсеткішінде айнымалысы бар теңдеулерді шешуде мүшелеп логарифмдеу әдісі қолданылады. Егер дәрежелік көрсеткішінде логарифм бар болса, онда теңдеудің екі жағы да сол логарифмнің негізінде логарифмдейміз [7].

4-мысал. Теңдеуді шешіңіз:  $x^{\lg x} = 10000x^3$

ММЖ:  $x > 0$ .

Теңдеуді негізін 10-ға тең етіп логарифмдейік:

$$\lg(x^{\lg x}) = \lg(10000x^3)$$

$$\lg x \cdot \lg x = \lg 10000 + \lg x^3$$

$$\lg^2 x - 3\lg x - 4 = 0$$

$$1. \lg x = 4 \Rightarrow x = 10^4 = 10000$$

$$2. \lg x = -1 \Rightarrow x = 10^{-1} = \frac{1}{10}$$

Жауабы:  $10000, \frac{1}{10}$

Бұл мақалада логарифмдік теңдеулерді шешудің тамаша әдістері мен қатар логарифмнің өмірдегі маңызы жайлы айтылды. Оқушылар бұл тақырыпты терең меңгерулері үшін, логарифмдер ұғымын және оларға байланысты ережелер мен анықтамаларды толық меңгеру үшін қарапайым негіздерден бастап үйрену керек. Оқушыларға логарифмдік теңдеулерге берілген есептерді алдымен жеңіл деңгейден бастап, күрделілігі жоғары есептерді шешуге үйрететін болса жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондай-ақ тақырыпты үйреткенде, ол тақырыптың практикадағы қолданысы жайлы айту өте маңызды. Мысалы, логарифмнің астрономия саласына қосқан үлесі зор. Астрономия саласында өте үлкен масштабтармен жұмыс жасалады. Адамның санасы мұндай нәрселерді нақты көлемде қабылдауға қабілетті емес, кейде 10 мың есе кішірейтілген масштабтармен жұмыс жасауға тура келеді. Ол үшін логарифмдік шкала жасалады. Сондай-ақ іс жүзінде қуат функцияларының графиктері үшін де қолданылады. Қорытындылай келе, логарифм тақырыбының оқушылар үшін өте маңызы екеніне көз жеткіздік, сонымен қатар бұл тақырыпқа берілген есептерді шығару барысында оқушылардың ойлау, логикалық қабілеттерінің артатындығын айта кеткен жөн.

### Қолданылған әдебиеттер

1 Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова. – Алматы: Мектеп, 2019. – 176 б.

2 Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. – Алматы, 2019. – 240 б.

3 Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. – Алматы, 2020. – 198 б.

4 Алгебра: жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған оқулық. Г.Н. Солтан, А.Е. Солтан, А.Ж. Жумадилова. – Көкшетау: Келешек-2030, 2019. – 320 б.



5 Кокурина Ю.К. Арифметика, алгебра, анализ. – Владимир: ВлГУ, 2016. – 143 с.

6 Мордкович А.Г. Алгебра и начала анализа. 10-11 кл. Учебник. – М.: Мнемозина, 2014.

7 Базаров Е.М, Мирзахмедов А.С. Талапкерге арналған оқулық. – Алматы, 2017. – 375 б.

ҒТАМР 29.03.37

## ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ӘДІСТЕР

**Д.Ж. Жунісов**

*Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*

**Л.У. Таймуратова**

*Ф.-м.ғ.к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.*

Бұл мақалада физиканы оқытудағы эксперименттік әдістер туралы сөз қозғалады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістермен қатар дамуды талап ететін бұл мәселе туралы түсінік беріледі. Физика пәнін оқыту кезінде эксперименттік әдістің маңызы орасан зор. Оның көмегінсіз, жалпы білімді толық игеруге қол жеткізу мүмкін емес десек қателеспейміз.

Физика саласында пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру эксперименттік әдіске тікелей байланысты. Жалпы, мектептегі физикалық эксперимент аясындағы оқу іс-әрекеті табиғи құбылыстарды тереңірек зерттеуге ықпал етеді. Сонымен қатар оқушылар физикалық эксперимент саласындағы дағдыларды меңгеруге машықтанады.

**Түйін сөздер:** физика, эксперименттік әдіс, тәжірибе, табиғи құбылыстар, демонстрациялық эксперимент, зертханалық жұмыс, физикалық практикум, сыныптан тыс жұмыс.

Эксперимент латынның *experimentum* – сынақ, тәжірибе сөзінен шыққан. Эксперимент – ғылыми бағыттағы тәжірибе, белгілі бір құбылысты зерттеуде орын алған жағдайларда бақылау. Аталған құбылыстың барысын бақылауға және шарттары қайталанған сайын оны қайта құруға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, эксперименттік әдіс – бұл бақыланатын және басқарылатын жағдайларда табиғат құбылыстарын зерттейтін ғылыми әдіс.

Егер бұрын оқу пәнінің негізгі мақсаты ретінде оқушылардың оның негіздерін терең білу және іргелі білімдерін қалыптастыру қойылса, ендігі жерде, бірінші орынға оқушының дамуы мен тәрбиесі, оның болашақта мамандық таңдауға дайындығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсат етіледі. Білім беру парадигмасының өзі заман талабына сай өзгереді. Мұғалім білім беріп қана қоймайды, оның басты міндеті – оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. Осы тұста физикалық эксперимент танымдық іс-әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Эксперименттер оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оларды физиканы оқуға ынталандыруға арналған үлкен көмекші.

Физикалық эксперимент, физиканы зерттеу табиғатты танудың, құбылыстар мен заңдылықтарды түйсінудің керемет әдісі. Әйгілі физик Галилео Галилей физика – негізінде эксперименталды ғылым екенін түсініру жолында еңбек етті. Бұл дегеніміз, физикалық эксперимент табиғи құбылыстар туралы білімнің негізгі көзі болып табылатынын меңзейді.


Кез-келген тұжырымға сыни көзқараспен қарап, сапаны қалыптастыру қазіргі мектеп қабырғасында физиканы зерттеудің маңызды мақсаттарының бірі. Бұл сан алуан эксперименттер мен көптеген зертханалық жұмыстарға қызмет етеді. Физикалық эксперимент оқушыларға физикалық құбылыстарды зерттеуге және талдауға үйретеді. Осы арқыл олар әмбебап және өмірдегі басқа салаларына да қатысты екенін атап өту маңызды.

Оқушылардың эксперименттік әрекеттері шығармашылық сипатта болады. Соның ішінде зертханалық жұмыстар мен сыныптан тыс эксперименттерге қатысты. Эксперимент – бұл өнер. Қажырлы еңбекпен көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Ескеретін жайт, шынайы білімге тек табандылық пен қызығушылық танытатын адам келеді. Әрбір мақсаты бар физика мұғалімі өзінің эксперимент стилін дамытуға ұмтылуы керек. Оқушылар бір нәрседі қателеседі деп қорықпау керек, сондай жағдайда эксперимент бірден сәтсіздікке ұшырайды. Оқушылар қателік жіберу арқылы үйренеді және бұл олардың өзін-өзі сынауын дамытады.


Физика ғылымының дамуы да, тікелей эксперименттік әдіс негізінде жүзеге асырылады. Мұнда белгілі бір гипотезаның ақиқаттық алғышарты тәжірибе, эксперимент болып табылады. Физикалық эксперименттердің ішінде көбіне физиканың ұзақ уақыт бойы дамуын анықтайтын іргелі эксперименттер ерекше орын алады.

Іргелі физикалық эксперименттерді зерттеу физика ғылымының даму тарихымен, қалыптасуымен және ғалымдардың өмірбаяндарымен таныстыруға, сол арқылы физиканы мәдениет контекстінде ұсынуға мүмкіндік береді. Физика ғылымының дамуы ретінде көрсетілетін іргелі тәжірибелерді атап өтсек.

Механика бөлімінде классикалық физиканың негізін қалушы әйгілі ғалымдар Галилейдің дене қозғалысын зерттеудегі тәжірибелері, ой эксперименттері және инерция заңы, Ньютонның «Бүкіләлемдік тартылыс заңын» ашуы.




а)




б)

Сурет 1. а) Галилейдің дене қозғалысын зерттеудегі тәжірибесі;  
б) Ньютонның «Бүкіләлемдік тартылыс заңын» ашуы.

Молекулалық физика бөлімінде Браунның «Молекулалардың жылу қозғалысын зерттеу» тәжірибелері, Перреннің «Молекулалардың массасын өлшеу» және «Авогадро константасын анықтау» тәжірибелері.




а)



б)

Сурет 2. а) Браунның «Молекулалардың жылу қозғалысын зерттеу» тәжірибесі; б) Перреннің «Молекулалардың массасын өлшеу» және «Авогадро константасын анықтау» тәжірибелері.

Электродинамика бөлімінде электростатикалық өзара әрекеттесу бойынша Кулон тәжірибелері, Рикке, Иоффе, Милликен, Мандельштам, Папалекси, Толмен, Стюарт тәжірибелері, электронды өткізгіштік теориясының негізі.



а)




б)

Сурет 3. а) Кулон тәжірибелері; б) Иоффе-Милликен тәжірибелері.

Оптика бөлімінде Ньютон «Жарық дисперсиясы», «Жарық интерференциясы» бойынша тәжірибелері, Юнг тәжірибесі және т.б.



а)



б)

Сурет 4. а) Ньютонның «Жарық дисперсиясы» тәжірибелері; б) Юнг тәжірибесі.

### Физикалық эксперименттің түрлері.

Физика пәнін оқытуда эксперименттік әдіс сан алуан түрлерде жүзеге асырылады. Олар: демонстрациялық эксперимент, зертханалық жұмыс, физикалық практикум және оқушылардың сыныптан тыс эксперименттік жұмыстары.

Бірқатар ғалымдар физикалық эксперименттің тағы бір тобын атап көрсетеді. Олардың қатарында: 1) демонстрациялық тәжірибелер; 2) фронтальды зертханалық сабақтар; 3) фронтальды зертханалық тәжірибелер; 4) физикалық практикум; 5) сыныптан тыс тәжірибелер мен бақылаулар; 6) ойлауды дамыту эксперименті; 7) техникалық модельдеу және жобалау бар.

Аталған классификацияда егжей-тегжейлі қарауды талап ететін тармақтар болуы мүмкін. Мысалы, фронтальды зертханалық жұмыстар мен фронтальды зертханалық сабақтар бірдей тапсырмалар бойынша ұжымдық жұмысты қамтиды, яғни, олардың арасындағы айырмашылық өте аз. Ойлауды дамыту экспериментін экспериментке емес, физикалық тапсырмаға жатқызған дұрыс болар. Техникалық модельдеу және жобалау физикалық эксперимент бойынша сыныптан тыс жұмыстарға сәйкес келуі мүмкін.

Заманауи үш өлшемді модельдеу бойынша компьютерлердің бағдарламалық жасақтамалары есептеу жүйелерінің өнімділігінің өсуіне себеп болды. Қазірдің өзінде берілген пәндік аймақты өте дәл модельдейтін компьютерлік бағдарламалар бар. Бұл компьютерлік модельдер виртуалды шындықты сапалы түрде көрсетеді және оның әрекеттері мұғалімдерді оқытудың тиімділігін едәуір арттыруға септігін тигізеді.

«Адам-компьютер» жүйесіндегі өзара әрекеттесудің қазіргі жағдайы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Көпшіліктің қолы жете бермейтін техника, технологиялар бар. Сол себепті, оқушы мен ақпараттық технологиялар арасындағы байланыстың жаңа әдістері алдағы уақытта ұсынылады. Оқу мақсатындағы виртуалды әлемдерді құру физиканы оқытудағы виртуалды эксперименттің маңыздылығын одан әрі арттыратыны анық.

Осы орайда бізге физикалық эксперимент түрлерінің жіктелуін толықтырып оған виртуалды экспериментті нақты қосу орынды болып көрінеді:

1. Демонстрациялық эксперимент;
2. Фронтальды зертханалық жұмыстар;
3. Физикалық практикум жұмысы;
4. Эксперименттік тапсырмалар;
5. Сыныптан тыс физикалық тәжірибелер;
6. Виртуалды эксперименттер.

Әрі қарай, физикалық эксперименттің өзіндік дәрежесіне сүйене отырып, олардың келесідей жіктелуін қарастырамыз.

1. Мұғалім жүргізетін эксперименттер:
  - а. Демонстрациялар
  - б. Компьютерлік демонстрациялар.
2. Оқушылар орындайтын эксперименттер:
  - а. Зертханалық жұмыстар;
  - б. Физикалық практикум;
  - в. Эксперименттік тапсырмалар;
  - г. Сыныптан тыс тәжірибелер;
  - д. Виртуалды эксперименттер.

Егер оқушылардың эксперименттік жұмыстары туралы айтатын болсақ, оларды үш түрге бөлуге болады: сапалық, сандық және шығармашылық. Зертханалық жұмыстарды, физикалық практикумды, сыныптан тыс эксперименттер сапалық және сандық эксперименттер бөліміне кіреді. Ал шығармашылық эксперименттер қатарын сыныптан тыс тәжірибелер мен виртуалды эксперименттерді қамтуы мүмкін.

#### *Демонстрациялық эксперимент.*

Демонстрациялық эксперимент – бұл табиғи құбылыстарды көрсетуге, өзге де құбылыстармен байланыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа ұғымдар қалыптастыруға немесе табиғат заңы деңгейінде жалпылау жасауға мүмкіндік беретін тәжірибелер жүйесі.

Эксперименттерді көрсету теориялық материалға қажетті қосымша болып табылады. Демонстрацияның белгілі бір мақсаты болуы керек және зерттелетін материалмен органикалық түрде байланысты болуы керек. Демонстрациялық тәжірибелер нақты, түсінікті, әрі дәл болуы керек. Ол үшін мұғалім демонстрациялар қою техникасын дұрыс ұстану керек.

#### *Зертханалық жұмыстар.*

Фронтальды зертханалық жұмыс – бұл эксперименттік әдісті зертханалық жағдайда, әдетте физика кабинетінде, мұғалімнің жетекшілігімен белгілі бір тақырып бойынша физикалық эксперимент түрінде жүзеге асыру.

Зертханалық жұмыстың қысқа мерзімділігіне байланысты (бір сабақ уақытында) алдын-ала мұқият дайындық жүргізу қажет. Мысалы, жұмыс жоспарын құру, қажетті бастапқы деректер мен оқу-әдістемелік материалдарды дайындау. Оқушылар сабақта өткен теориялық материалды мақсатты түрде

қайталау үшін, зертханалық жұмыстың тақырыбы және жоспарымен алдын ала танысуы керек.

*Физикалық практикум.*

Егер зертханалық жұмыс мұғалімнің жетекшілігімен топтық зерттеуге көбірек мән беретін болса, онда физикалық практикумның жұмысы оқушылардың өзіндік әрекеттеріне басымдылық береді.

Физика зертханасында оқушылар физиканың белгілі заңдылықтарын тексеріп қана қоймай, лабораториялық аспаптармен жұмыс істеуді үйренеді, эксперименттік зерттеу дағдыларын меңгереді, өлшеу нәтижелерін сауатты есептеуді және оларға сыни қарауды үйренеді.

Физикалық практикум – бұл физика пәнінің кез-келген бөлімін аяқтаған кезде немесе жалпы курсты аяқтаған уақытта оқушылар орындайтын физикалық эксперименттер қатары. Физикалық практикумның жұмысы фронтальды зертханалық жұмыстармен салыстырғанда жеке, әрі оқшауланған түрде орындалады.

*Эксперименттік тапсырмалар.*

Эксперименттік тапсырмалар физикалық экспериментті орындауға арналған шығармашылық тапсырма болып табылады. Оқушыға экспериментте қолданылатын құрал-жабдықтардың белгілі бір жиынтығы беріледі. Соның негізінде түпкі мақсат тұжырымдалады, бірақ нақты бір нұсқаулар берілмейді.

Эксперименттік мәселені шешу кезінде оқушылар оны шешу жолдарын өз бетінше іздеуге, іс-әрекет жоспарын егжей-тегжейлі әзірлеуге, қажетті аспаптарды таңдауына тура келеді. Егер қолайлы құралдар болмаса, оларды стандартты емес пайдалану жолдарын табу керек. Мысалы, кей жағдайларда оқушыларға қол жетімді заттар мен материалдардан өлшеу құралдарын, оның қажетті бөліктері мен тораптарын өз бетінше жасау қажет болуы мүмкін.

*Оқушылардың сыныптан тыс эксперименттік жұмыстары.*

Бұл эксперименттер пәндік мектеп үйірмелерінің сабақтарында (физикалық, физикалық-техникалық, радиотехникалық және т.б.), мектеп конференцияларында немесе үйде орындалады. Пәндік үйірмелерде сыныптан тыс жұмыстың үш негізгі бағыты жүзеге асырылады. Олар: білім беру, сындарлы-техникалық және оқу-зерттеу бағыттарындағы жұмыстар.

Баланың танымдық дамуы барысында үйдегі эксперименттік жұмыстар маңызды рөл атқарады. Бұл жағдайда оқушылар физикалық эксперименттің нақты нұсқаулығынан басқа, импровизацияланған материалдардан эксперименттік құралдың барлық қажетті элементтерін жасайды. Осы арқылы олардың шығармашылық бастамасының дамуына, физикалық заңдылықтарды тереңірек түсінуіне тиімді әсер етеді.

*Виртуалды эксперименттер.*

Заманауи ақпараттық технологиялардың көмегімен физикалық процестерді модельдеу – физикалық оқу экспериментін жүргізу әдістемесіне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Виртуалды эксперименттер деп біз оқушылардың оқу компьютерлік моделі бар жұмысын түсінеміз. Бұл – зерттелетін физикалық процесті,

құбылысты немесе объектіні дидактикалық негізделген, толық модельдейтін және модельді қажетті дәрежеде басқаруға мүмкіндік беретін оқу мақсатындағы бағдарламалық жасақтамалар тобы.

Оқу эксперименттері қолжетімділік тұрғысынан төмен дәрежеде. Бұл жағдайда физикалық оқу эксперименттің бұрынғы түрлерін қарастырған кезде бірқатар дидактикалық талаптар да қойылады. Осыған байланысты виртуалды модельдер мен эксперименттер сөзсіз оң нәтиже береді. Виртуалды эксперименттер алмастырылмайды, бірақ табиғи эксперименттерді толықтыра алады. Бұл білім беру жүйесінің, оқу процесінің дамуы жолында басты назарға алатын мәселе.

Қорыта келе, эксперименттік әдіс зерттелетін процестің барысына белсенді және мақсатты араласуды, объектінің тиісті өзгеруін және бақыланатын жағдайларда қайталануын қамтиды.

Физикадағы эксперименттік әдіс эксперименттің теориялық және практикалық дайындығынан тұрады. Бұған мыналар жатады: гипотезаны тұжырымдау, танымдық тапсырманы ұсыну, эксперименттік қондырғыны құру, эксперимент жүргізу, өлшеулер мен есептеулер жүргізу, сұрақ қою, деректерді талдау, құбылыс пен оның қасиеттерін сипаттау, ғылыми тұжырым қорытындылау.

Эксперименттік әдіс танымдық іс-әрекеттің дамуын анықтайтын теория мен практика арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Білімнің ғылыми әдістерін қолдану арқылы алынған сапалы білім – ғылыми дүниетанымның негізінде жатыр.

### Қолданылған әдебиеттер

1 Ким В.С. Виртуальные эксперименты в обучении физике. Монография. – Уссурийск: Изд. Филиала ДВФУ в г.Уссурийске, 2012. – 184 с.

2 Каменецкий С.Е., Пурешева Н.С., Вадеевская Н.Е. Теория и методика обучения физике в школе: Общие вопросы: Учеб.пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 2000. – 368 с.

3 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: Учебник для студ. пед. вузов: В 2 кн. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1999. – Кн. 1: Общие основы. Процесс обучения. – 576 с.

4 Буров В., Дик Ю., Зворыкин Б. Фронтальные лабораторные занятия по физике в 7-11 классах. – М.: Просвещение, 1996. – 368 с.

5 Гирке Р., Шпрокхоф Г. Эксперимент по курсу элементарной физики. Ч.1. – М.: Учпедгиз, 1959. – 264 с.

6 Пурешева Н.С. Фундаментальные эксперименты в физической науке: элективный курс. 10-11 классы. Физика: газ. изд. дома «Первое сентября», 2005. – №11. – С. 28-32.

7 Суербаев А.Х. О комплексном системном подходе при усовершенствовании учебного эксперимента по физике // Наука и школа, 2009. – С.51-55.



8 Варламов С.Д., Зильберман А.Р., Зинковский В.И. Экспериментальные задачи на уроках физики и физических олимпиадах. – М.: МЦНМО, 2009. – 184 с.

9 Шутов В.И., Сухов В.Г., Подлесный Д.В. Эксперимент в физике. Физический практикум. – М.: ФИЗМАЛИТ, 2005. – 184 с.

10 Каменецкий С.Е., Пурышева Н.С., Важеевская Н.Е. Теория и методика обучения физике в школе: Общие вопросы: Учеб.пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 2000. – 368 с.

ҒТАМР 31.01.45

## ХИМИЯ ПӘНІНДЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

**Г.Н. Жылысбаева**

*Т.ғ.к., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

**Б.А. Бакирова**

*Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

Химия пәнін оқытуда оқушылардың тұлғалық дамуы мен шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруда өз бетінше жұмыс істей арудың маңызы зор. Мектептегі өзіндік жұмыстардың түрлі оқыту әдістері арқылы ұйымдастырылуы оқушылардағы білім сапасын арттыруда, оқушылар мен мұғалімдердің ізденушілік қабілеттерін жоғарылатуда.

Мектеп оқушыларының химия пәні арқылы дербес ойлауға, еркін жұмыс жасауға, қызығушылық деңгейін көтеруге интербелсенді әдістер қолданылды.

Зерттеу жүргізуге екі сынып таңдалынып, бір сынып эксперименттік сынып ретінде, екіншісі бақылау сыныбы ретінде қарастырылды. Сауалнама нәтижесіне сәйкес қызығушылық деңгейі төмен сынып эксперименттік сынып болып алынды. Екі сынып оқушыларынан да сабақтан бұрын және кейін сауалнама сұрақтары алынды. Сабақ барысындағы белсенділіктері мен тілдік құзыреттіліктері өзі бетінше тапсырмаларды орындай білу дағдылары бағаланды. Қолданылған әдіс тәсілдер нәтижесінде эксперименттік сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылықтары артып, оқу үлгеріміне сәйкес білім сапалары біршама жақсарған. Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылықтарының артуы, өзіндік тапсырмаларды жылдам әрі сапалы орындай алу, уақыт бірлігінде тиімді жұмыс атқару, коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру сияқты қабілеттері болашақта тұлғалық дамуда, білімді маман болуда көмектеседі.

**Түйін сөздер:** химияны оқыту, белсенділік, өзіндік жұмыс, интербелсенді әдістер, шығармашылық тәуелсіздік, дербестік.

Бейорганикалық химияны оқыту процесінде мұғалімнің міндеті оқу бағдарламасында көзделген білімді қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар оқушылардың дербестігі мен ойлау белсенділігін дамыту болып табылады. Сондықтан химия пәні мұғалімі жұмысының негізгі қағидасы шығармашылық белсенділікті, ой еркіндігін дамытуға бағытталған қызметті ұйымдастыру болып табылады. Оқушының өзіндік жұмысы әрқашан белгілі бір

дидактикалық бағытқа ие. Мұндай дидактикалық бағыттағы мақсаттарға: жаңа материалды зерттеу, қолда бар білім мен дағдыларды жетілдіру немесе оқу нәтижелерін тексеруді жатқызуға болады [1].

Оқу процесінде оқушылардың дербестігі мен шығармашылық белсенділігі теориясының дамуына көрнекті педагогтар Ю.К. Бабанский, М.А.Данилов, Б.П. Есипов, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, И.Т. Огородников, М.Н. Скаткин және елеулі үлес қосқан психологтар Д.Н. Эпифанский, Л.С.Выготский, П.Я. Галперин, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, С.Л. Рубинштейн және т.б. Бұл зерттеулер оқушылардың шығармашылық тәуелсіздігі мен ойлау белсенділіктерін дамытудың тиімді құралдарының бірі өз бетінше жұмыс жасау екенін көрсетті [2]. Материалды игеру кезінде оқушылардың өзіндік жұмыс жүйесін ұйымдастыру қазіргі кездегі химия сабақтарының тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады. К.Д. Ушинский оқушылардың тәуелсіз ойлары тек өзіндік жұмыс негізінде пайда болады деп дәлелдеді [3]. Оқудағы дербестік оқушының бойында сабаққа деген зейінділікті, ойлау жылдамдығын арттыра отырып тақырыпқа деген жауаптылықты қалыптастырады. Сабақ барысындағы белсенділік пен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілеттерін қалыптастыру тәрбиелеудің ажырамас бөлігі. Бұл әрбір мұғалімнің алдында бірінші кезекте тұратын міндетті әрекеттер қатарына кіреді [4]. Өзіндік жұмыстар-бұл мақсат емес. Бұл оқушылардың терең және берік білімі үшін күрес құралы, олардың жеке қасиеттері ретінде тәуелсіздік белсенділігін қалыптастыру, ақыл-ой қабілеттерін дамыту құралы [5].

Modern technology continues to evolve, and critical thinking is what sets us apart from algorithms. However, with the development of artificial intelligence, computer intelligence or machine intelligence, in the next 10 years, critical thinking is likely to be seen in terms of judgments and questions about things like ethics and essentially what makes us human. Those elements, may become much more important in critical thinking. Students that use critical thinking are able to overcome prejudices and choose the best course of action in a variety of scenarios. Educators believe that critical thinking is essential for young people in the twenty-first century. In today's advanced world when a vast amount of material is readily available, people must possess not only knowledge but also the ability to think critically. The most important abilities for undergraduates in the twenty-first century are the capacity to ask questions, analyze any type of data, synthesize, interpret, evaluate, and form conclusions. Therefore, this skill is used in many areas of human life. Additionally, it contributes to developing necessary skills that assist students to structure information, to find arguments to defend their own point of view, and to prepare for life after school and the workforce. Simply put, students learn how to gather information, how to analyze and evaluate the validity and reliability of the data, and how to use this information to make a diagnosis [1]. However, Marin and Pava argue that English teachers do not have enough training on critical thinking and exercises that develop students' cognitive skills are hardly ever used in English lessons. In addition, the instructors who taken an interest in their think about highlighted that undergraduates indeed discover it troublesome to make strides basic considering in their possess dialect, as instructive arrangement primarily centers on tests and worldwide exams instead of advancement of students' cognitive aptitudes [2]. In this way, both students and instructors ought to utilize basic considering abilities amid the lesson. The utilize of basic considering methods in English lessons provides a number of advantageous impacts for both undergraduates and instructors. With the assistance of basic considering, the undergraduate starts to see data more effectively, intrigued within the theme being examined increments, the capacity to tune in to the resistance position and the capacity to work in a group shows up. The teacher, in turn, becomes a valuable source of information for students, and the teacher creates a favorable atmosphere of cooperation between students.

Foreign language lessons contribute to the improvement of basic considering through a assortment of fabric and through the intelligently incorporation of undergraduates within the instructive prepare. For instance, by applying the technology of developing critical thinking through reading authentic texts in foreign language lessons, the teacher develops the personality of the student primarily through direct language teaching, resulting in the formation of communicative competence, which provides comfortable conditions for cognitive activity and self-improvement. The teacher motivates the student, develops their desire to put into practice the knowledge gained in the lesson, as well as show interest not only in the material being studied, but also in the learning process itself. The active involvement of each student in the process of mastering the educational material in a foreign language lesson ensures work in a group or cooperation of students. This technology is the most efficient and

productive alternative to traditional teaching methods. The use of critical thinking in English classes improves student personality development, increases productivity and comprehension of the material, and encourages self-education and self-development—all of which are crucial in today's educational system. It also advances foreign language proficiency.

When applying critical thinking in the classroom, there are three steps involved. Every phase has specific aims and objectives along with a set of methods designed to improve research and creative endeavors before understanding and applying the learned material. The «call» is the initial phase, when students' prior knowledge is triggered, their curiosity about the subject is piqued, and the objectives of learning the next course content are established. The meaningful «comprehension» stage is the second one, where students work directly and purposefully with the material. The reading process is always accompanied by student actions that allow students to track their own understanding. At the same time, the concept of «text» is interpreted very broadly: it is a written text, a teacher's speech, and video material. The third stage is «reflection». At this stage, the student forms a personal attitude to the text and fixes it either with the help of his own text or his position in the discussion. It is here that an active rethinking of one's own ideas takes place, taking into account the newly acquired knowledge [3].

It is crucial to allow students to openly voice their opinions on the subject being studied at the challenge stage, free from the fear of making mistakes and receiving corrections from the teacher. Additionally, teachers should make a note of every comment they make because it will be useful for future research. However, there are not any «right» or «wrong» assertions at this point. Educators include both group and individual work as well. In the group, students may express their thoughts and hear other people's perspectives without having to worry about making a mistake. Individual work also allows each student to update their knowledge and experience. Sharing opinions can generate ideas that are often unexpected and productive; the emergence of interesting questions, the search for answers that will stimulate the study of new material. In addition, often some students are afraid to express their opinion to the teacher or immediately to a large audience, so classes in small groups make them feel more comfortable. At this point in the process, the teacher's job is to help students recall what they already know about the subject, facilitate a peaceful exchange of ideas in groups, and organize and correct the knowledge they have learned. At the same time, it's critical to refrain from passing judgment on the responses because every student's viewpoint matters.

Students must comprehend the main idea of every task, replicate the presentation's logic, highlight the issue, compare it to what they already know, and decide what further information is necessary in order to come to a conclusion and develop their point of view on a given topic or problem. Apparently, this requires the formation of certain intellectual skills. Students should be able to analyze the collected data, evaluate their significance, select the necessary, structure the information, then synthesize it in order to use it in solving the problem, to argue their point of view. The role of the teacher is to be a thoughtful assistant, stimulating

students to tireless learning and helping them develop productive thinking skills. Critical thinking is formed primarily in discussion, writing and active work with texts. It is obvious that while studying the same topic in many cases, teachers can use different methods and techniques that will give the same result. Whether it will be an explanation or a story, the assimilation of material from a textbook or independent practical work – all methods will be effective only if they cause intense mental work of the student, aimed at solving cognitive and practical problems. With any method, work must be structured in such a way that children have cognitive questions that require independent understanding of the material, conclusions, generalizations and testing them in practice. The structure of the lesson on critical thinking is peculiar. For instance, «Six Thinking Hats» method is one of the most powerful mind-organization techniques developed by English writer, psychologist and creative thinker Edward de Bono. The six thinking hats approach helps students think more creatively and adaptably, overcome creative blockages, make wise decisions, and more precisely match their goals and tasks with their way of thinking. It works particularly effectively for assessing novel and unconventional concepts when it's critical to consider all points of view and evaluate the situation from several angles. It is important for the teacher to demonstrate to the students what a quality source of information is. This will help students understand what should and should not be relied on when preparing projects, how to find authoritative opinions and research.

In conclusion, it should be mentioned that using a range of tasks that foster critical thinking while teaching a foreign language can greatly increase each student's amount of time spent practicing speech in the classroom, ensure that all group members have absorbed the material, and address a number of educational and developmental issues. In turn, the teacher takes on the role of planner for the students' autonomous learning, cognitive, communicative, and creative activities. Teachers also have the chance to enhance the learning process, help students become more proficient communicators, and contribute to the overall development of their personalities. The development of critical skills provides the ability to evaluate these facts and information. Also, critical thinking is mainly important for the reason that it gives students the ability to distinguish fact from fiction when they are trying to learn about the world around them. They can also evaluate ideas. We often reason about real facts and fiction, but this is a rather simplistic view because critical thinking helps students to actually think about their own opinions as well as evaluate ideas that other people offer them. By means of the regular use of critical thinking skills in foreign language lessons, students will learn to correctly perceive new foreign language information, carefully and critically examine it. It is crucial that students be able to simultaneously weigh opposing viewpoints, examine each concept with a modicum of skepticism, and determine whether or not each one has practical application. Critical thinking abilities that students develop through study are crucial for success in school and the workplace, as well as for success in life. It has been established that critical thinking technology plays a significant role in helping students successfully enhance their communicative, academic, and professional proficiency in a foreign language.



## **References**

- 1 Bensley D.A., & Murtagh M.P. (2012). Guidelines for a scientific approach to critical thinking assessment. *Teaching of Psychology*, 39(1), 5-16. <https://doi.org/10.1177/0098628311430642>.
- 2 Marin M. & Pava L. (2017). Conceptions of Critical Thinking from University EFL Teachers. *English Language Teaching*. 10.78.10.5539/elt.v10n7p78.
- 3 Kucherova N. (2016). Use of critical thinking techniques at lessons of Economics.

ҒТАМР 14.25.09

## АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

**Э.Н. Айтжанова**

*П.ғ.м., аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ.*

**М.Қ. Манатауова**

*Студент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ.*

Бұл мақалада мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтарды құрайтын нысандарының тәлім-тәрбиелік ықпалы негізінде әлеуметтендірудің факторлары айтылады. Оқушылар бойына адамгершілік сезімдерді және жағымды мінез-құлықты қалыптастыру деңгейлері анықталып, мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру бойынша жүргізілген іс-шаралардың тәрбие жұмыстарында жүйелі түрде пайдалану жолдары қарастырылды. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары барысында оқушылардың бойына адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіруді жүзеге асыруға қажетті жағдайлардың тудырылуы үшін ұсыныстар берілді.

**Түйін сөздер:** әлеуметтендіру, адамгершілік, тәрбие, бастауыш сынып, өскелең ұрпақ, құзыреттілік.

Адам өмірге дайын мінез-құлық нормалар, рухани құндылықтар және қызығушылықтармен келмейді. Бұл қасиеттердің барлығы адамда уақыт өте әр түрлі әлеуметтік құрылымдар мен топтарда қалыптасып, дамып, қоғам дамуындағы өзгерістерге орай, қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасқан топтар мен жеке адамдардың іс-әрекетін реттейтін талаптарға бағынады. Ал әрбір адам қалыптасып, дамып тұлға, дербес адамға айналғанша өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік жүйенің мәдени мұралары мен құндылықтарын игеруде өзіне тән жолдары мен сатылардан өтеді. Әлеуметтендіру үрдісі әлеуметтіктен тыс қалған адамды тәрбие арқылы әлеуметтендіріп, сол қоғамға сай өмір сүруге дағдыландырады. Жалпы баланы әлеуметтендіруде тәрбие жұмыстарының бағыттарының ішінде адамгершілік тәрбиесінің мәніні зор және бастауыш мектеп жасындағы балалардың бойында адамгершілік тәрбиесін беру арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Сонымен, жас ұрпақтың әлеуметтенуі дегеніміз – жас, өсіп келе жатқан әрбір баланың басқалармен қарым-қатынас және іс-әрекет барысында өзі өмір

сүріп отырған қоғамда қабылданып, тұрақтанған адамгершілік сапалары мен мінез-құлық нормаларын, тәртіп ережелері мен құндылықтарды өз бойына сіңіріп, әлеуметтік тәжірибені меңгеріп қалыптасуы, өмірге бейімделуі.

О. Нұсқабаев мектептік оқу, тәрбие, білім беру жүйесіндегі тұлғаны әлеуметтендіру мәселелеріне баса көңіл бөле отырып, әлеуметтендіру «... өзінің мазмұнына мемлекеттік тәрбие жүйесіне тән белгілерден басқа қоршаған нақты әлеуметтік ортаның ықпалымен өмірдің өзінен туындайтын әрі күнделікті тұрмыста жиі кездесіп отыратын тәрбиелік мүмкіндіктерді де қамтиды» деп жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін басқа факторлардың да ықпалды әсеріне тоқталады [1]. Бұдан, мектептік тәлім-тәрбие үрдісінің мазмұны мен қоршаған өмір шындығының болмысына сезімдік, танымдық дәрежеде бейімделуі арасындағы мақсатты бірліктің қажеттігін, жас ұрпақты қоғамдық талаптарға сәйкес әлеуметтендірудегі бұл екі процестің маңыздылығын көруге болады.

Бастауыш мектеп жасындағы әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту процесі әлеуметтік қатынастардың қарқынды дамуымен, әлеуметтік рөлдер мен функциялардың өзгеруімен, балалардың қоршаған қоғаммен әлеуметтік-адамгершілік қарым-қатынасының кеңеюімен, әлеуметтік идеялардың динамизмімен және әлемге ерекше көзқарасымен сипатталады.

Кіші оқушының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді шарты әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастырудың негізі болып табылатын оқу пәндері мазмұнының білім беру-тәрбиелік әлеуеті болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік құзіреттілік феноменін және оның компоненттерін, кіші оқушының әлеуметтік құзіреттілігінің жас ерекшеліктерін, авторлық технологияны негіздеуге және жобалауға мүмкіндік беретін бастауыш сынып оқушыларына арналған оқу материалдарының білім беру және тәрбиелік әлеуетін талдау мен теориялық түсінудің объективті қажеттілігі туындайды.

Өйткені, адам бойында қалыптасатын тәлім-тәрбие және оның әлеуметтенуі – рухани байлық. Ал ол рухани байлықтың, тұлғаның бала кезінен, оның өзімен бірге өсіп, дамуына, қалыптасуына қоршаған өмір шындығының болмысы, туып-өскен орта, халықтың эстетикалық, этикалық салт-дәстүрлері, ата-әже, ата-ана тәрбиесі, т.б. факторлар зор ықпал ететіні мәлім [2]. Әсіресе, бұл факторлар жас ұрпаққа адамгершілік-имандылық тәрбие беруде маңызды рөлге ие.

Олай болса, өскелең ұрпақты адамгершілік тұрғыдан әлеуметтендіруде, әсіресе, жалпы білім беретін мектептің орны мен ролі айрықша бөлек. Өйткені, өсіп келе жатқан жас, жеткіншек ұрпақтың адамгершілік бітім-болмысының, жеке тұлға ретінде қалыптасуының бастапқы кезеңі оқыту мен тәрбиелеудің осы мектептегі жылдарымен дәл келеді.

Адамгершілік қадір-қасиеттердің қалыптасуы жеке тұлғаның мінез-құлық тәртібінің де сапасын анықтайтын құбылыс. Жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесіне ықпал ететін факторлар – қоршаған өмір құбылыстары, табиғат адамдар еңбегінің түрлері, қоғамдық, әлеуметтік қатынастар, экономикалық жағдайлар т.б. оның әр жас кезіндегі мінез-құлқының тұлғалық болмысының,

тәртібінің өзгеруіне, моральдық жағынан бекінуіне мүмкіндік жасайды. Бір сөзбен айтқанда тұлғаның қалыптасуына саяси, экономикалық, рухани, моральдық факторларда, биологиялық, физиологиялық факторларда әсер етеді, ал тұлғаның бітім-болмысының мәні оның әлеуметтік сипатынан көрінеді. Мысалы, мектеп оқушысының адамгершілік тұрғыдан қалыптасып, дамуы-оның әр жастағы физиологиялық, психикалық дамуынан өзін қоршаған ортамен, жанұя мүшелерімен және басқаларымен қарым-қатынасының дұрыс қалыптасуынан, оқу, білім арқылы өмірлік тәжірибе жинақтауынан және оны күнделікті қолдануынан көрініс табады [3].

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзіреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайлар оқу пәндерінің құралдары болып табылады:

- бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған тиісті білім беру кеңістігін құру;
- оқу пәндерінің мазмұнын ықпалдастыруды жүзеге асыру (пәнаралық байланыстар);
- құрамдас бөліктер ретінде кезеңдерді (ұғымдық-диалогтық, репродуктивті-құзыреттілік, шығармашылық-проекттік), мазмұндық байланыстар қамтитын бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру технологиясын әзірлеу және іске асыру.

Тұлғаның әлеуметтенуі оның ана тіліне, күнделікті тұрмыс жағдайындағы мінез-құлқына, шығармашылыққа деген ынтасы мен өз халқының мәдениетін қабылдау қабілетіне байланысты. Бастауыш сынып оқушысының қалыптасуы оның қоршаған ортасын тануы мен өмір сүру барысында кездесетін жақсылықтар мен жамандықтардан тұрады. Сондықтан сыртқы орта баланың әлеуметтік тұлға болып қалыптасуына әсер ететін басты фактор. Тәрбиелік іс-әрекеттер барысында, олардың бойында қоршаған орта ықпалымен көрініс табатын жағымсыз, яғни девианттық мінез-құлықтан арылтуды және оның қалыптасу себеп-салдарын анықтап алуды да талап етеді.

Девианттық мінез-құлық – бұл «балалар мен жас өспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан қасақана жалтаруы, отбасынан немесе балаларды оқыту – тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, сондай-ақ олардың қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы» [4, 15-17 б.].

Демек, жас өспірімдердің бойын ауытқымалы (яғни девианттық) мінез-құлық нышандарынан арылту арқылы, олардың бойына қоғамымызда қабылданып, орнығып келе жатқан рухани жаңа құндылықтық бағдарларды, соның ішінде, әсіресе, ең алдымен, ұлтжандылықты, азаматтылықты, бастауыш моральдық және адамгершілік қадір-қасиеттер мен мұраттарды, өзге ұлт өкілдеріне деген құрмет пен сыйластықты, қоғамдық тәртіп ережелері мен құқықтық нормалардың талаптарын мүлтіксіз орындаушылықты қалыптастыру орта мектептердегі оқу-тәрбие процестерінің негізгі міндеттерінің бірінен саналады.

Бастауыш сынып оқушыларынан жасы кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстардың көп бөлігінің басты себебі, олардың арақ ішімдіктеріне салынуы мен есірткіге әуестіктері болып отыр. Ал, есірткінің медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық орталығының мәліметіне қарағанда, бұл кеселге тәуелді болғандардың республика бойынша саны 250 мыңнан асса, оның тең жартысынан астамын жастар мен жасөспірімдер құрап отыр [4].

Бұл мәліметтер, Қазақстанның әр аймағындағы мектеп оқушылары арасында орын алып отырған келеңсіз құбылыстар мен жағымсыз мінез-құлықтық қылықтарды ауыздықтауды, мектептегі тәрбие іс-шаралары мен тәлімдік насихатты істердің, қоғамдық талаптарға сай, ұлттық және жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды жасөспірім бойына сіңіру мәнінде жүргізілуін қамтамасыз ететін дәрежеде болуын талап етеді. Сондықтан жеке тұлғаны қоғамға бейімделгіш, жан-жақты дамыған әлеуметті етіп тәрбиелегіміз келсе, онда әлеуметтендіру жұмысын мектептің бастауыш сатысынан бастағанымыз жөн болар.

Жалпыадамзаттық құндылықтар қатарынан орын алатын адамгершілік қадір-қасиеттер мен сапаларды оқушылардың бойына дарыту үшін, ең алдымен, олардың саналығын көтеру, екіншіден, жағымды мінез-құлықтың тәртіп дағдыларына баулу, үшіншіден, адамгершілік құндылықтарды игерте отырып, қазіргі қоғамдық талаптар негізінде әлеуметтендіру қажеттілігі туындайды. Бұл мәселені жүзеге асыруда, оқушылардың, адам өмір-тіршілігінің өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық қатынастармен тікелей байланыстылығын, тәуелділігін, оның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, т.б. іс-әрекеттері қоғамда қабылданған тәртіп ережелеріне сәйкес үйлестіріліп қалыптасатынын мақсатты түрде түсіндірудің де маңызы зор.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1 Нұсқабаев О. Мектеп – жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. – Алматы: Қазақстан, 2009.

2 Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001.

3 Бейсембаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. – Алматы: Ғылым, 2007.

4 Шайынғазина Д. Жасөспірімдер қылмысы – қоғам дерті // «Заң» газеті. 24 наурыз, 2002 жыл.

5 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы, 2005.

ҒТАМР 14.07.03

## БАЛАЛАРДЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІГІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

**Э.Н. Айтжанова**

*П.ғ.м., аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

**А.О. Әбітахун**

*Студент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Мақалада қазіргі заманғы отбасындағы балаларды гендерлік тәрбиелеу мәселелері көтеріледі. Отбасылық тәрбие – қазіргі қоғамда кең алаңдаушылық тудыратын өткір мәселе. Гендерлік проблемалардың мәні ретінде – жыныстық рөлді игеру, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын қиындататын жыныстық рөлдік стереотиптерден бос гендерлік сананың дамуы ұсынылады. Мінез-құлық үлгісінің жыныстарға сай әрекет етуін, баланың жынысына тән мінез құлықты қалыптастыруды қоғам мәселесі ретінде қарастыру. Қоғам жағымсыз салдарға тап болды: жыл сайын ажырасатын некелер, толық емес отбасылар саны артып келеді. Тәрбиенің бұл жағын елемеудің кеш теріс нәтижесі – жас ұрпақтың жынысына сәйкес әлеуметтік рөлдерді орындай алмауы болып табылады.

**Түйін сөздер:** гендерлік білім, гендерлік теңдік, гендерлік әлеуметтендіру, қазіргі отбасы, отбасылық құндылықтар, отбасын феминизациялау.

Гендерлік мәселе қазіргі заманғы руханияттық ойтолғаныстар мен күнделікті тұрмыс кешудің көпжақты қырларына байланысты туындаған қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, экономикалық-әлеуметтік саланы тұтастай қамтитын, жалпы алғанда, антропологиялық тұрпатты ізденістер мен түйткілдердің шынайы өмірмәнділік көрінісі болып табылады. Осыған орай, ол өзінің проблемалық алаңы бойынша ғылыми, әрі тұрмыстық, әрі саяси мәні бар шешімін табуға ұмтылатын және нәтижесін талап ететін сұраныстар аясынан табылып отырады. Олай болса, гендерлік мәселе, жалпы алғанда, бір қырынан, адамзатты сан ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан күрделі метафизикалық сипатты, екінші бір қырынан алғанда, нақтылық пен шешімді, тәжірибе мен істі талап ететін таза эмпирика [1, 53 б.].

Гендерлік педагогика жыныстық тәрбиемен байланысты, ал тәрбие мен оқытуда оқушылардың жыныстық рөлдік ерекшеліктерін ескеруге баса назар аударылады. Сонымен қатар, баланы жынысына баса назар аудармай жан-жақты оқытуға бағытталуы қажет.

Психологтар бұл жерде ата-ананың бала жынысының қалыптасуына тура және тікелей қатысы барын анықтап алды. Ата-ананың бала жынысына деген қатынасы ол жарық дүниеге келмей тұрғаннан басталады. Ата-ана болашақ туылатын баласының жынысын анықтауға тырысып, оған қатысты көптеген жоспарлар құрады, оған ат таңдайды, болашақта туылатын баланың бейнесін көз алдына елестетеді. Бала туылды. Баланың ата-анасына дүниеге ұл немесе қыз келегенін айтады. Одан әрі баланың отбасында әлеуметтену процесі жүзеге асады. Баланы тәрбиелегенде, ата-ана өзінің ер адам қандай болу керек, әйел қандай болу керек деген түсініктеріне сүйенеді. Бұл түсінік көп адамдарда өте ұқсас [2, 20 б.].

Баланы тәрбиелеу кезінде ата-аналар оған еркектік қасиеттерді сіңіруге тырысып, кейде қателіктер жібереді. Кейде балаға тым қатаң талаптар қойылады. Ересектер балаға жылаудың орнына еркек болуды үйретеді. Тәрбиенің бұл әдісі жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Бала қажетті қасиеттерге сай болуға тырысады, агрессивті, ашуланшақ болады, кейде өзін қатал ұстайды. Ата-аналар ұлдардың психикасы қыздарға қарағанда әлдеқайда осал екенін түсінуі керек. Бұл оларға сүйіспеншілік, ата-ана махаббаты және мақұлдау қажет екенін білдіреді.

Сондай-ақ, жұмсақ жағдайда тәрбиеленген бала бейімделмеген және тәуелді адамға айналады. Анасы ұлының алдында өз билігін көрсетпеуі керек. Ол оған нәзік болуы керек. Содан кейін бала, нағыз ер адам сияқты, оған қамқорлық жасауға және оны қорғауға дайын болады. Әдетте, ата-аналар балалардың жынысына тән мінез-құлықты қолдайды және егер бала басқа жыныстағы мінез-құлық үлгісіне сәйкес әрекет етсе, наразылығын білдіреді.

Жас кезінен бастап қыз бәріне анасына ұқсауға тырысады. Балаларды гендерлік тәрбиелеудегі проблемалар қыздар өз тәуелсіздігін басқалардың алдында қорғай бастағанда және мойынсұнушылық пен әйел момындығының жалпы қабылданған стереотиптеріне сәйкес келмейтін сәтте басталуы мүмкін. Бұл кезде баланың психикасы ең осал болып табылады. Оның жалпы депрессиясы, өзіне деген сенімсіздігі, ішкі қақтығыстары бар. Қыздармен қарым-қатынас жасағанда, ата-аналар олардың өте осал және жанашыр екенін есте ұстауы керек. Сондықтан қызды басынан бастап ата-анасымен сенімді және жылы қарым-қатынаста болатындай етіп тәрбиелеу керек.

Ұл баланы немесе қыз баланы тәрбиелеп отырған ата-ана көбіне неге сүйенуі тиіс? Ең алдымен ата-ана өзінің жеке басында қалыптасқан ер адам қандай болу керек, әйел қандай болу керек деген түсініктерге сүйенуі қажет. Балаларды ата-аналары іс-әрекетпен (демонстрация) арқылы тәрбиелеу маңыздылығын түсінуі қажет.

Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде қыздар мен ұлдарға әртүрлі көзқарас жоқ. Топтағы даму ортасын әйел жасайды, сондықтан ол қыздарға көбірек көңіл бөледі. Тәрбиешілерге ұлдарды, олардың проблемалары мен бағынбау себептерін түсіну қиынға соғады. Білім беру ұйымдарындағы ер кісілердің тапшылығы да айтарлықтай әсерін тигізеді.

Гендерлік рөлді игеру процесін сипаттайтын және түсіндіретін бірнеше теориялар бар. Солардың бірі – сәйкестендіру теориясы негізінен өзін-өзі дамыту теориясы болып табылады, өйткені психоаналитиктердің пікірінше, ұлдар мен қыздардың отбасында алатын тәжірибесі олардың әртүрлі туа біткен биологиялық қажеттіліктерімен анықталады. Дәл осы тәжірибенің әсерінен балаларда осы немесе басқа жынысқа тән белгілер өте ерте қалыптасады; мектепке дейінгі жаста пайда болған бұл белгілер есейген сайын бекітіледі. Сондықтан әлеуметтену процесс ретінде психологиялық жынысты қалыптастырудың негізгі факторы емес [3, 4 б.]

Өзінің барлық прогрессивтілігімен жыныстық рөлді демократияландыру өзімен бірге көптеген қиындықтарды да алып жүреді: жыныстар арасындағы жаңа қатынастарға деген қажеттілік, жаңа қатынастарды орнату, қолдау және дамыту қабілетінен асып түседі, олар өмірлік тәжірибемен үнемі түзетіліп отырады.

Әр бала 2-3 жасында өзін белгілі бір жыныстағы адам ретінде сезінеді. Ал гендерлік рөлдердің түпкілікті бекітілуі жеті жылға дейін жүреді. Егер осы кезеңде бала дұрыс білім алмаса, оның санасында жыныстар арасындағы айырмашылықтар бұлыңғыр болады. Болашақта бала қоғамдағы рөлін орындай алмайды. Осы жерден жалқау еркектер мен агрессивті дөрекі әйелдер көбейіп келеді. Әйелдер балалы болғысы келмейді, ал ер адамдар отбасы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Гендерлік білім ең ерте жаста – төрт жаста жақсы орындалады. Бұл жаста бала өз жынысын дұрыс қабылдайды, ұлдар мен қыздар арасындағы негізгі айырмашылықтарды түсінеді. Бала екі жыныстың бар екенін білуі қажет, осыған орай бала өзін екі санаттың біріне қосады және өзін-өзі анықтау негізінде бала белгілі бір іс-әрекет формаларын таңдап, сол арқылы өзінің мінез-құлқын басқарады. Балалардағы еркектік – әйелдік стереотиптер және «мен бейнесінің» қалыптасуы қажеттілігі осы орайда туындайды.

5-6 жасқа дейін, жыныстық сәйкестілік жүйесі қалыптасқанға дейін, оны тәрбиелеу кезінде оның қалыптасуын басқару оңайырақ. 5-6 жастан кейін жыныстық сәйкестілік жүйесінің жекелеген жақтарына тәрбиелік әсер ету әлдеқайда тиімді емес.

Қазақ отбасындағы тәрбиеге келер болсақ, тек бір жасында балалардың алғашқы жыныстық айырмашылықтары шаш үлгісінде тіркелетін болған. Бұрын саяхатшылар арасында жиі күлкі тудырған қазақ балаларының басындағы ерекше қыртыс жаман көзден қорғайтын құрал ретінде қызмет етуге арналған. Шаш қию кезінде ұлдардың басына қалдырылған шашты айдар деп атады. Қыздар, керісінше, самай аймағында екі тұлым өсірді, олар кейінірек өрілген. Бұрынғы уақытта қазақтар 4-5 жасқа толғанға дейін балалардың шаштарын қырқып алмаған, ал алғашқы шаштарына ерекше мән берілген. Осы орайда шаш алу мерекесі ұйымдастырылды. Бұл үшін ауылдың барлық ересек адамдары шақырылды, ал олардың ең үлкені баланың басынан шашты бірінші болып кесіп алды. Тәрбиедегі тәсіл жынысына байланысты болды.



Халел Арғынбаевтың мәліметінше, бала жүре бастаған кезден бастап оны жынысына қарай киіндіреді, қыздарға шаш өсіреді, ал ұлдарға 2-3 жастан бастап қайшымен қырқылады. Қыздар көбінесе аналардың немесе әжелерінің жанында, қуыршақтармен ойнайды, оларға киім тігеді, өздерін аналар ретінде елестетеді. Ұлдар асық және басқа ойындар ойнайды, ал 5-6 жастан бастап олар атқа отырады. Осы уақытта қыздар барлық әйел даналықтарын үйренеді: тамақ дайындау, кесте тігу, киім тігу және үйге арналған заттар. Үйленгенге дейін қыз болашақта үйдегі барлық нәрсені білу үшін бәрін үйренеді [4, 33 б.].

Зерттеушілердің пайымдауынша, біздің ата-бабаларымыз қамқор және жұмсақ ата-аналар, ал қазақ балалары қарапайым, сыпайы, сыпайы болған. Ата-аналар баланы белгілі бір әрекеттерді жасаудан сақтандырып қана қоймай, олардың тыйым салу себептерін міндетті түрде түсіндірді. Бұл тәсіл балаға оны ұмытпауға және оны қайтадан жасамауға мүмкіндік берді.

Алайда, белгілі бір шектеулерге қарамастан, қазақтар ешқашан балаларды өздеріне мүлдем ұқсатқысы келмеді, олар ұрпақтарының көреген болуын қалады, өйткені «оларды қазіргіден жақсы уақытта өмір сүруді» қалайды.

Тұлғаның өзіндік «Мен» тұжырымдамасының құрылымындағы гендерлік сипаттамаларды зерттеу жұмысының үлгісі.

Диагностика пәні: бұл сауалнама тұлғаның өзіндік тұжырымдамасының құрылымындағы гендерлік сипаттамалардың рөлін анықтау үшін қолданылады.

Көрнекіліктер: әдістеме нұсқаулықты, жауап формасын, нәтижелерді өңдеу және түсіндіру бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Нұсқаулық: бланкідегі бағандарда «мен» сөзі 20 рет жазылады, содан кейін бос жол қалады. 15 минут ішінде « Мен кімін?» кез-келген сөздерді немесе сөйлемдерді қолдана отырып, басқа біреуге емес, өзіңізге жауап бергендей жауап беріңіз. Жауаптарыңызды олар сіздің ойыңызға келген ретпен жазыңыз. Жауаптардың логикасы мен маңыздылығына мән бермеңіз. Оларды тез жазыңыз.

*Жауаптар парағы.*

1. Мен \_\_\_\_\_
2. Мен \_\_\_\_\_
3. Мен \_\_\_\_\_
4. Мен \_\_\_\_\_
5. Мен \_\_\_\_\_
6. Мен \_\_\_\_\_
7. Мен \_\_\_\_\_
8. Мен \_\_\_\_\_
9. Мен \_\_\_\_\_
10. Мен \_\_\_\_\_
11. Мен \_\_\_\_\_
12. Мен \_\_\_\_\_
13. Мен \_\_\_\_\_
14. Мен \_\_\_\_\_
15. Мен \_\_\_\_\_

16. Мен \_\_\_\_\_  
17. Мен \_\_\_\_\_  
18. Мен \_\_\_\_\_  
19. Мен \_\_\_\_\_  
20. Мен \_\_\_\_\_  
Жынысыңыз \_\_\_\_\_  
Жасыңыз \_\_\_\_\_  
Күні \_\_\_\_\_

*Кесте №1.* «Мен кімін?» сауалнамасы.

Нәтижелерді өңдеу.

Тест деректері «мен кімін?» бірқатар санаттар бойынша мазмұнды талдау әдісін қолдану арқылы өңделеді. Төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- 1) әлеуметтік топтар (жынысы, жасы, ұлты, діні, кәсібі);
- 2) идеологиялық нанымдар (философиялық, діни, саяси және моральдық тұжырымдар);
- 3) қызығушылықтары мен хоббиі;
- 4) ұмтылыстар мен мақсаттар;
- 5) өзін-өзі бағалау.

Субъектілердің әлеуметтік сәйкестігінің мазмұнын құрайтын келесі категорияларды бөліп көрсету ұсынылады:

1. отбасылық және тұлғааралық рөлдер (бұл санатқа жауап нұсқалары кірді: (мен – ана, әйелі, ұлы, күйеуі, досы және т.б.);
2. кәсіби рөлдер (мен болашақ психолог, студент, кәсіпкер, зерттеушімін);
3. басқа әлеуметтік рөлдер, негізінен бұл рөлдер демалыс саласына қатысты(мен коллекционермін, әуесқой балықшы, спортшы, оқырман, көрермен).

Келесі үш санат жеке тұлғаның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады:

1. феминистік (әйелдік) сипаттамалар – дәстүрлі түрде әйел бейнесіне жататын жеке қасиеттер (мен қамқор, сезімтал, тәуелді, нәзік, арманшылмын);
2. еркектік сипаттамалар – ер адамның бейнесімен стереотиптік байланысты жеке қасиеттер (мен күшті, батыл, мақсатты, тәуелсіз, тәуелсіз, агрессивті);
3. бейтарап сипаттамалар, еркектік-әйелдік стереотиптік сипаттамаларға кірмейтін жеке қасиеттер (мен көңілді, әдемі, мейірімді, адал, ұқыпты, еңбекқор, жалқаумын).

Кесте №2. Сауалнаманы өңдеу нәтижелері.

Категориялар	Отбасылық және тұлғааралық рөлдер	Кәсіби рөлдер	Басқа әлеуметтік рөлдер	Феминистік (әйелдік) сипаттамалар	Еркектік сипаттамалар	Бейтарап сипаттамалар
Сандық көрсеткіш						

Көрсетілген гендерлік сипаттамаларды зерттеу жұмысын жас ұрпақтың жынысына сәйкес әлеуметтік рөлдерді орындай алуын диагностикалауда іске асыруды ұсынамын.

### Қолданылған әдебиеттер

- 1 Гендерологиялық мәселелер / Д.Ж. Нөкетаева, Г.Н. Абдықалықова, М.С. Бекбосынова, З.М. Қодар. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2014. – 53 б.
- 2 Бектұрғанова Г.Қ. Отбасындағы гендерлік әлеуметтендіру. – Алматы, 2014. – 20 б.
- 3 Евтушенко, И.Н., Гендерный подход к проблеме воспитания детей разного пола. – Челябинск», Изд-во Библиотека А. Миллера, 2019. – 4 б.
- 4 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке: Тарихи-этнографиялық шолу: монография. – Алматы, 1973. – 33 б.

ҒТАМР 14.33.01

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТЕРІН КОЛЛАБОРАТИВТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Г.Н. Қолғанатова**

*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін коллаборативтік оқыту арқылы дамыту мәселесіне баса назар аударылды. Сонымен қоса, «Көшбасшылық», «Коллаборативтік оқыту» ұғымдарына кеңінен түсініктеме беріліп, қарастырылды. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері сипатталды және бастауыш сынып оқушылары осы аталған қасиеттерді қалай дамыта алатын жағдайлар жөнінде айтылды. Сондай-ақ, мұғалімдерге бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін дамыту деңгейін арттыру бойынша біршама теориялық мәліметтер келтірілді.

Жалпы айтқанда, мұғалімнің жүйелі басшылығымен топтық бірлескен жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бастауыш сынып оқушылары көшбасшылық қабілеттерін сәтті дамытатыны атап өтілді.

**Түйін сөздер:** Коллаборативтік оқыту, коммуникация, көшбасшылық қабілет, топтық жұмыс, белсенділік, күзіреттілік.

Қазіргі білім беру жүйесінде өскелең ұрпақтың сапалы білім алуы үшін барлық жағдай қарастырылып жатыр. Осы орайда, «XXI ғасырдың сауатты, белсенді ұрпағын одан әрі дамыту үшін не істеуге болады?», «Баланың бойындағы көшбасшылық қабілетті қалай дамытамыз?», «Оқытуда қандай әдіс-тәсілдер тиімді?» деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтар білім беру бағдарламасымен және оны іске асыруда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдермен тығыз байланысты.

Жалпы білім берудің басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету. Осы тұста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Әрбір оқушының білім алып,

жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс» деп атап өткен болатын. Және осы сөздердің іс жүзінде белең алуына мұғалімдер жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы көп септігін тигізе алады.

Заманауи жас ұрпақтың бойындағы қабілеттер мен дағдыларды ашу үшін мұғалім басты рөл атқарады. Жаңартылған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың бойында ғылыми-зерттеу, қарым-қатынасқа түсе отырып топта жұмыс жасау, көшбасшылық қабілеттерін дамыту сынды мақсаттарға қол жеткізе алады. Осы тұста көшбасшылық қабілетке баса назар аударған жөн. Қазіргі әлемде әрбір адамның жетістігі, оның құзыреттеріне және тез шешім қабылдауға, ақпаратты талдау дағдыларын дамытуға, әлеуметтік белсенділікке, кез-келген қызмет түріндегі симуляциялық нәтижеге қол жеткізуге, үнемі өзін-өзі тәрбиелеуге және тәуекелге бару қабілетіне байланысты. Бұл қасиеттер адамның дамуына және соның салдарынан оның айналасындағы өркениеттің дамуына көмектеседі. Мұндай қасиеттері бар адамдар көшбасшы болып саналады. Және өскелең ұрпақтың жоғарғы дәрежеде белсенділік танытып, көшбасшылық танытуы еліміз үшін маңызды.

Бастауыш сынып – бұл оқушылардың жеке дағдылары мен қабілеттерінің дамуындағы ең алғашқы кезең. Ол кезде балада өзін-өзі қабылдау және өзіне деген үлкен сенімділікті сезіну қабілеті туындайды, осылайша өзін көшбасшы ретінде көрсетеді.

«Көшбасшылық» ұғымының мағынасы алғаш рет психологияда қарастырылды. Бұл көшбасшылық қабілеті жылдар бойы өзекті болып келеді. Көшбасшылық – тұлғааралық қарым-қатынас процесі, ол жеке тұлғаның басқа адамдарға ортақ мақсатқа жету үшін әлеуметтік әсерін білдіреді. Көшбасшылықтың қалыптасуы мен даму мәселелері бірқатар шетелдік ғалымдардың зерттеу тақырыбына айналды. Сонымен, А.В. Петровский мен Л.И. Уман көшбасшыларды анықтау теориясы мен практикасын зерттеді, Д.Лори, Дж.Пикен мен А.Г.Шмелева тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін талдауды негіздеді. Ал И.П.Волков, В.Ф. Рубахиннің еңбектерінде көшбасшылықтың стильдері қамтылған. Көптеген ғалымдар көшбасшылық сөзінің мағынасын өз тұжырымдамаларымен түсіндіреді. Мысалы, И.П.Волков көшбасшылықтың келесі тұжырымдамасын ұсынды: «Көшбасшылық – бұл ішкі әлеуметтік-психологиялық ұйымдастыру және шағын топ пен ұжым мүшелерінің қарым-қатынасы мен қызметін басқару процесі. Көшбасшы тұлғааралық қатынастарда өздігінен пайда болатын топтық нормалар мен үміттердің субъектісі ретінде жүзеге асырылады». Яғни, көшбасшылық қабілет өздігінен туындайтын қабілет емес, ол белгілі бір топтардың әсері арқылы пайда болатын дағдылардың бірі. Сонымен қоса, тұлғаның бойындағы жекелеген қасиеттер де көшбасшылыққа ие болуға көмектеседі.

Оқушыны көшбасшылыққа жетелейтін жеке қасиеттер:

1. Қарым-қатынас орната білу;
2. Топты қалыптастыра, біріктіре білу;
3. Мақсатын анықтау;

4. Қажет тапсырмаларды беру және оны орындату;
5. Адамдардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын білу, оны қорғау;
6. Аз уақытта көп ақпаратты игере білу;
7. Белгілі біржағдайда шешім қабылдай алу;
8. Үлкен шығармашылық қасиеттер болу керек.

Бастауыш мектеп оқушыларының бойында топпен ойнауға деген сүйіспеншілігі, құрдастарымен, әсіресе көпшіл, мейірімді балалармен, ақыл-ойы дамыған, эмоционалды, ойынды ұйымдастыра алатын балалармен достасу арқылы қоғамдастық сезімі туындай бастайды.

Топта бірігіп жұмыс жасау – дәстүрлі сабақтың беретін мүмкіндіктерін кеңейтеді және бұл қазіргі заман талабы. Топпен жұмыс жасау процесі – бастауыш сынып оқушыларының іздену қабілеттерін, зерттеу дағдыларын қалыптастырады, сонымен қатар топпен араласу барысында бір-бірімен пікір алмасу, пікірталастар өрбиді. Коллаборативтік жұмыстарда оқушы өзімен-өзі отырмайды, жанындағы жолдастарымен пікір алмасып, өз ойын қате болса да жеткізуге тырысады. Бір-бірінің көзқарастарын тыңдай отырып пікір алмасу жаңа идеялар мен шығармашылыққа бастау болуы мүмкін. Топта жұмыс жасау – тақырыпқа байланысты түсініксіз сұрақтардың жауабын іздеп, материалдың толықтай ашылуына септігін тигізеді.

Коллаборативтік оқыту – бұл білім алушылар арасындағы немесе білім алушылар мен мұғалім арасындағы тығыз, өзара іс-қимылға негізделген тәсіл. Ағылшын тілінен аударғанда «collaborative» – «жалпы, біріктірілген, бірлескен» деген мағынаны береді. Бұл білім беру мен оқытуда қандай да бір мәселені шешуге көмектесетін немесе бір өнімді ойлап табуға жол бастайтын тиімді тәсілдердің бірі. Осы тұста коллаборативтік оқытудың артықшылықтарын да ескере кеткен жөн (1-кесте).

*Кесте 1.*

<b>Коллаборативтік оқытудың артықшылықтары</b>			
1. Жаңа материалдың көлемі ауқымды болады және оны топта түсіну тереңдігі артады.	2. Уақыттың тиімділігі. Мұғалімге оқу процесі кезінде барлық оқушылармен жұмыс жасай алу мүмкіндігі туады.	3. Оқушылар топпен жұмыс істеу барысында өз бойындағы кемшіліктерді түзете отырып, өзіне деген сенімділік, өз ойын ашық айта алумен қатар оны дәлелдей алу қасиетіне ие бола алады. Жауапкершілік, ситуациядан шығу дағдылары қалыптаса бастайды.	4. Мұғалім топқа бөлетін кезде әр оқушының бейімділігін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере алады және кемшіліктерді түзетуге жаңадан қадамдар жасайды. Топтағы белсенділер қатарын анықтап, соған сәйкес оқушымен жеке жұмыс жасауына болады.

Сонымен, коллаборативтік оқытудың негізгі идеясы-бір нәрсені тек орындап қана қою емес, оқушылардың бір тақырып аясында оқып, ізденуі. Бастысы қарым-қатынас орната алуы. Қазақ тілі немесе әдебиеттік оқу сабақтарында топтық жұмыс өткізу үшін мұғалімдерде мыналар қажет:

1. Сабақтың тақырыбын, дидактикалық, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарын, түрі мен құрылымын дәл белгілеп алу;
2. Сабақтың тақырыбы алдыңғы немесе кейінгі тақырыптармен байланыста болуы;
3. Өтілетін жаңа тақырыптың мазмұндық көлемін анықтау. Топтық қосымша тапсырмалар әзірлеу;
4. Бастауыш сынып оқушыларына өтімді әдіс-тәсілдерді таңдау, қолдану;
5. Топпен жұмыс барысында оқушыларды сырттай бақылап, анализ жасай алу;
6. Бірлесіп жұмыс жасауда балалардың шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік беру керек. Олардың өз ойларын іске асыруына, өзіндік пікір қалыптастырып, топ болып жұмыс жасай алуына жағдай жасау; Ішінара келісім жасап, топ басшысын анықтауға бағыттау.

Сонымен, жоғарыда келтірілген мәлімдемелерге сүйене отырып, коллаборативтік оқытудың үлкен тәрбиелік әлеуеті бар деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Сабақ барысында бірлескен ортаны құра отырып, біз оқушылардың белсенділік, көшбасшылық қабілеттерін және коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыта аламыз. Оның негізгі белгілері былай көрінуі мүмкін: оқушылардың топта, ұжымда бірлесе отырып жұмыс істей алуы, бір-бірінің пікірлерін құрметтей отырып бір шешімге келе алу қабілеті, сонымен қоса өзара көшбасшыларды анықтап, ынтымақтастық орната алуы болып табылады.

Біздің басты міндетіміз – оқушылардың белсенділіктерін арттыру, олардан белсенді, көшбасшы тұлғаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық механизмдерін анықтау. Оқушылар бойында көшбасшылықты қалыптастыру тек қана шара, үйірме жұмыстарымен шектеліп қалмауы тиіс.

### **Қолданылған әдебиеттер**

- 1 Бектасова Г.К. Коллаборативная среда как эффективная форма организации урока в условиях повышения качества образования и воспитания // Педагогическое мастерство: материалы VIII Междунар. науч. конф. – М.: Буки-Веди, 2016. – С. 3-4.
- 2 Гашкова К.А. Развитие лидерских качеств детей младшего школьного возраста. – Екатеринбург, 2019. – 68 с.
- 3 Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении. О коллективном способе учебной работы. – М.: Наука, 1991. – С. 24-57.

ҒТАМР 14.33.01

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН КОУЧИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**А.К. Нысанбаева**

*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Мақалада коучинг технологиясын оқу процесінде қолдану теориялық тұрғыда негізделді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділіктерін арттыру барысында тың әдістердің керек екендігі дәлелденіп, тұлғаның қабілеттерін ашу мен оқуға деген ынтасын арттыру басты мақсат екендігі айтылды. Коучинг технологиясының оқу процесіне енгізілу барысынан бастап қазіргі кездегі маңызына дейін толықтай дәлелдермен және мысалдармен келтірілді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің аталған технологияны қолдануда қандай артықшылықтарға ие болатындығы жайлы көптеген мәліметтер көрсетіліп, нақтыланды.

**Түйін сөздер:** белсенділік, коучинг технологиясы, оқу процесі, мақсат, дағды, қабілет.

Қазақстанның әлемдік бәсекеге түсу қабілетін арттыру барысында инновациялық технологияларды және жаңашыл әдістерді қолдану аясын кеңейту маңызды мәселе болып табылады. Осы тұста, табысты интегративтік технологияға айналған коучинг технологиясын айтуға болады. Себебі, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының оқу нәтижелері көңіл көншітпейді. Олардың себебін анықтау мен шешу жолдарын қарастыру білім берудегі өзгерістерді анықтауды талап етеді. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға саналы түрде қарауы үшін мектепте алған білімі оған үлкен мағына беруі керек. Бірақ бұл қазіргі оқушылар үшін өте қиын. Көптеген бастауыш мектеп оқушылары үшін, тіпті жоғары сыныптар үшін оқу – бұл жекелеген мақсат емес, өзіне берілген міндет секілді. Нәтижесінде олар оқу іс-әрекетіне немқұрайлы түрде қарайды, жоғары нәтижелерге ұмтылмайды, өз әлеуетін іске асырмайды.

Оқу процесінде коучинг технологиясы білім мен білікті, дағдылар мен қабілеттерді дамытады. Тұлғаның әлеуетін ашуға бағытталған және мотивациялық тұрғыда алға қарай жылжуға мүмкіндік беретін коучинг технологиясы – бірқатар шеберліктен тұратын жүйе.



Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының оқу процесі барысындағы белсенділіктерін арттыру баса назарға алынуы тиіс. Коучинг технологиясы – мәселенің шешімін тауып, тұлғаның әлеуетін ашып қана қоймайды. Білім беру процесіндегі коучинг – бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықпен білім алуына, бағдарлама мен берілген тапсырманы дұрыс игеруге көмектеседі.

Коучингтің негізін қараушы Джон Уитмор «Коучинг (ағылш. Coaching – бапкерлік) – бұл адамға өзінің жеке мақсатын айқындау мен оған қол жеткізуге кәсіби көмек», – дейді. Ағылшын тіліндегі сөздіктерде «coach» жаттықтыру, оқыту, ақыл қосу, бағыттау, деректермен қамтамасыз ету» деген мағынаны білдіреді. Негізінде «коучинг» сөзі таңсық дүние емес. Ол ең алғаш XVI ғасырда Англияда орныққан. Мұнда терминнің анықтамасы былай қарастырылады: «Мақсатқа тез жеткізетін және жолда қозғалуға көмектесетін нәрсе». Кейінірек, XIX ғасырдың екінші жартысында ағылшын студенттері бұл терминді «жеке оқытушылар» деп атады. XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында бұл сөз спорттық жаттықтырушының атауы ретінде спорттық лексикаға мықтап еніп, содан кейін тәлімгерлік, нұсқау беру және кеңес берумен байланысты кез келген іс-әрекетті белгілеуге көшті. Жеке мамандық ретінде коучинг XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында пайда болды деп саналады. Соның нәтижесінде, коучинг технологиясын оқу процесімен ұштастыру қазіргі таңда қарқынды белең алып жатыр.

Мұғалімнің оқу процесі кезінде коучинг әдісін қолдану тиімді және интерактивті әдіс болып табылады. Коучинг тек, оқу процесін басқаруда ғана қолданылмайды, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыруда, философия мен технологияның өзара байланысында сондай-ақ, бастауыш сынып оқушылары мен педагогтардың дамуына бағытталады. Оқытудағы коучинг технологиясының мақсаты – білім алушыларға белсенді және саналы түрде білім алуға көмектесу, өз бетінше білім ізденуіне мүмкіндік беру, олардың әлеуетін барынша арттыру, оқу міндеттерін жақсырақ орындауға, сонымен қоса нәтижелерге қол жеткізуге көмектесу.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 45-тен астам ұлттық заңнамалық құжат бар, олар қоғамдағы баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге кепілдік береді. Негізгі құжаттарға Қазақстан Республикасының Конституциясы, Еңбек, Азаматтық, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстері, «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау туралы», «Балалар отбасылық типті ауылдар мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар қараусыз қалған және панасыз қалудың алдын алу туралы», «Балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Әлеуметтік қызметтер туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» заңдары және т.б. жатады. Көрсетілген заңнамалық құжаттарда кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің жан-жақты сақталуын қамтамасыз ететін және оларды кемсітушілікке жол бермейтін, балалардың мүдделері үшін мемлекеттік саясатты іске асыру барлық мемлекеттік мекемелердің, жергілікті атқарушы органдардың қызметінің басым саласы болып анықталған. Осылайша тегіне, нәсіліне, қай ұлтқа жататындығында, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа да заңды өкілдеріне қатысты өзге мән-жайларға қарамастан барлық бала тең құқыққа ие. Некеден және некесіз туған балалар тең әрі жан-жақты қорғауды пайдаланады.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтарын шектеуге болмайды. Осы мақсатта бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздері қалыптастырылып, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құрылды. Баланың құқығын қорғаудың тиімді тетігін құру үшін көптеген елдер балалардың құқығын қорғау жөніндегі арнайы органдарды – бала құқықтары жөніндегі уәкіл институттарын құрды [2].

Заң баланы озбырлықтың түрлерінен, оның абыройын төмендетуден, ата-аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. Дегенменде осы заңнамалар аясында қолданылып жатқан шаралар көңіл құлазытады. Қоғамда болып жатқан кей жағдайлардың барлығы осы заң талаптарын білмейтіндігінен туындап жатқаны белгілі.

Балалардың қысым көруі қоғам алдында құқықтарының тапталуы болып саналады. Мәселен, Алматы қаласында болған қоғамдық көліктердің бірінде кондуктормен мектеп оқушылары арасында болған жанжалды айтсақ болады. Бұл жерде кондуктордың балаларға мектеп оқушылары екеніне сенбей қол көтерген. Жалпы егерде бала далада жоғалып кетсе қазіргі кезде ата-анаға ешкім іздеуге көмектеспейді. Жалпы қоғамда адасып кеткен баланы көрсе,

бәлесінен аулақ деп назар аудармайды. Егер бала адасып қалса тунде қылмыс факторының тіркелу ықтималдылығы өте жоғары. Себебі қазіргі кезде баланы қараусыз қалдыруға болмайды, қоғамда балаға келетін қауіптің артуы жоғарылауда.

Педофилден зардап шеккендердің саны жылдан жылға өсіп келеді. 2015 жылы педофилдің шабуылынан 300-ден астам бала зардап шеккен. Бірақ заңның педофилге беретін жазасы оларға бұл қылмысқа бармауына еш тоқтау салар емес. Мысалы, Алматы қалалық сотында үш рет сотты болып жатқан педофилдің ісінде, педофил өзінің соңғы сөзінде: «Мен тоқтамаймын, 5 жылдан кейін бостандыққа шыққаннан кейін педофилдік істерімді жалғастырамын», – деп сот залынан шығарылады. Сол мақсатта балалардың қоғам алдында құқықтарының тапталып жатқандығында, қандай десеңіздер барлық бала бірдей бөліп қарастыруға болмайды. Отбасындағы балалардың құқықтарының бұзылуы жалпы мемлекеттік әлеуметтік институттарының бірі отбасы институты бар екендігінде. Отбасы ол тек ата-ана ғана емес ол балаларда тұратындығында. Сол отбасыларда балалардың құқықтарының бұзылып жатқандығы мәлім. Оған дәлел ювеналды соттың құрылуы. Егер ешқандай құқықбұзушылық болмаған жағдайда сотта болмас еді. Жалпы баланың отбасында қысым көру айқын көрініп келеді. Мысалы, Ақтөбелік ата-ана мектепке баратын төрт қызының шашын алып тастапты [3]. Жалпы бұл баланың құқығының бұзылуы. Баланы тәрбиелеуде белігілі бір шектеулерді қоюды емес, қол көтеруге барады.

Қазақстандағы 2016 жылғы зерттеуіне сүйенсек, еліміздегі ересектердің 75%-ы баласын тәртіпке салуда күш қолданады екен. 2015 жылғы Комитет статистикасына сүйенсек, елімізде 14 жасқа дейінгі балалардың 53%-ы отбасында психологиялық агрессияның куәсі болып, ата-анасынан таяқ жеген 2010 жылы бұл көрсеткіш 49% болған. Зорлық-зомбылық – әлсіз және қорғансыз адамдарға (балаларға) күш қолдану немесе психологиялық шабуылдар. Бірақ зорлық-зомбылық әрекетсіздікте болуы мүмкін, бұл баланың физикалық және психикалық денсаулығына қауіп төндіреді. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың жасалуының себептері көбіне, әлеуметтік тұрақсыздық, отбасы құндылығының сақталмауы, жасалған әрекеттің құқықтық салдарын білмеу, жалпы жұрт таниған марольдік этикалық нормалардың сақталмауына байланысты болады [4].

Жалпы қорытындылай келе біз балалардың құқықтарын сақталғандығын қалаймыз. Себебі олар біздің болашағымыз. Біз болашағымызды кішкентай кезінен зорлық, қысым көрген адамдарды көргіміз келмейді. Болашақта отбасының тұтқасын ұстайтын дұрыс ата-анадан тараған ұрпақ. Тәрбиелі қоғамды қалыптастырады. Егер қазіргі балаларды дұрыс тәрбиелеп өсірсек, ертеңгі қоғамда қылмыскер деген ұғым азаятындығына кәміл сенеміз. Жалпы баланы өмәрге деген құштарлығын оятып құқықтарын сақтайтын болсақ, онда ол баладан әлемді өзгертетін адам болуы мүмкін. Мысалы отбасында қысым көрген Адольф Гитлер әлемге жасаған әрекеттерін ұмытуға болмайды. Әлемді жаулап алғысы келген Халокоста еврейлерді қырған. Ал мұғалім емес деген

Томас Эдисонды қоғам шектеген жоқ, одан атакты физик шықты [5]. Оның өнер туындысы барлық үйге жарық сыйлап тұр. Сондықтанда балаларға арнайы құқық беріп, және оларды жүзеге асыруға көмектескісі және оны қорғау керек деп есептейміз.

Әрбір бала өзінің теңдік, ойлық, рухани, және сондай-ақ адамгершілік пен әлеуметтік дамуына лайықты өмір деңгейіне мүдделі және құқылы. Лайықты өмір деңгейін қамтамасыз етудің негізгі жауапкершілігі ата-анаға жүктеледі. Ал мемлекеттің міндеті осы жауапкершілікті жүзеге асыруға жағдай жасау болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1 Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.

2 Егемен Қазақстан газеті, 2018.

3 Мамиев А.Б Бала құқықтары және оны жүзеге асыру // Заңгер, 2014. – С. 29-35.

4 Балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы, URL: sud.kz.

5 Ураженцев А.П. Как защищать права детей. Семейный кодекс и права детей.

ҒТАМР 14.25.01

## ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**А.Б. Амангелдина**

*Магистрант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.*

Мақала бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастыру мәселесіне арналған. Бастауыш мектеп оқушыларының еңбек тәрбиесі, еңбек қызметі және үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың технологиялық біліктерін қалыптастыру арасындағы айырмашылықты талдауға назар аударылады. Мектепке дейінгі жастағы «технологиялық біліктер» ұғымына анықтама берілген. Зерттеушілердің оқушылардың технологиялық біліктерін қалыптастыру мәселелері бойынша еңбектері талданды. Мектепке дейінгі білім беру кезеңінде қалыптасқан технологиялық біліктердің алғышарттары туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып оқушылары, технологиялық білік, техникалық прогресс, технология, конструкциялау, жобалау.

Қазіргі жағдайда техникалық прогрестің дамуы қоғамдық қызметтің әртүрлі салаларында – өндірістік, ғылыми, мәдени салаларда адам еңбегінің формалары мен сипатының өзгеруімен байланысты және нәтижесінде қазіргі адамның өмір салтының өзгеруіне әкеледі. Техникалық прогрестің дамуын ғылыми түсінудің барлық аспектілерінің ішінде техникалық объектілерді жобалауды, конструкциялауды, құруды және жетілдіруді үйренумен тікелей байланысты қызметті зерттеу ерекше орын алады. Бұл мәселеге жүгіну тек ғылыми қызығушылықпен ғана емес, ең алдымен практикалық қажеттіліктермен де анықталады.

Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастыру бізге қажет болып қана қоймай, болашақ инженерлік-техникалық мамандардың қалыптасуының бастапқы кезеңі болып табылады.

Қазіргі қоғам жоғары білікті кадрларға өте мұқтаж. Кәсіптік білімнің қазіргі еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестігі қазіргі заманғы маманға шығармашылық қабілеттері мен оларды жобалау, конструкциялау, шешім қабылдау және оларды орындау үшін жауапкершілікті өз мойнына алу, сондай-

ақ жаңа жағдайларда мобильді болу қабілеттерін ескеретін жаңа құрылымдық және функционалдық талаптарды іске асыру арқылы көрінеді.

Қоғамның қазіргі даму жағдайында технологиялық мәдениетке жалпы мәдениеттің бір жағы ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы маманның негізгі құзыреттерінің бірі ретінде көп көңіл бөлінеді. Профессор В.Д.Симоненконың пікірінше, технологиялық мәдениеттің негізінде адамның білімі, дағдылары мен шығармашылық қабілеттері көрінетін трансформациялық іс-әрекет жатыр [1].

Қазіргі және болашақ бұл роботтар әлемі, өндірісті автоматтандыру, күнделікті өмірді техникамен қанықтыру – бір жағынан, екінші жағынан – бұл технологиялардың тез өзгеруі. Бұл адамның алған білімін жаңа жағдайда қолдана білуі, типтік емес мәселелерді шеше білуі, оларды шешудің ұтымды тәсілдерін табуы, қоғам үшін өз қызметінің салдарын ескере отырып, баламалы массаның ішінен оңтайлы нұсқаларды таңдау қабілетінің болуын болжайды. Бұл жағдай, біріншіден, инженерлік-техникалық мамандықтарға сұранысты тудырады, екіншіден, мектепке дейінгі кезеңнен бастап үздіксіз технологиялық білім беру проблемасын тудырады [2; 3], мектеп жасына дейінгі балалардың инженерлік-техникалық мамандықтарға деген қызығушылығын дамытуға бағытталған мектепке дейінгі білім берудің жұмыстары мен ішінара білім беру бағдарламалары пайда болады [4], бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің әртүрлі кезеңдерінің сабақтастығының өзектілігі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушысының технологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері оқушылардың еңбек, экономикалық, адамгершілік, эстетикалық тәрбиесінің проблемаларын талдауға байланысты қарастырылды (Н.Н.Бондарева, Е.Н.Будаева, Е.Н. Губанова, и. И. Колесниченко және т.б.). Жоғары сынып оқушыларының жеке басының технологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесі диссертациялық зерттеулерде И.А. Бажина, М.Х.Гатиятуллин, Р. М. Чудинский қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастыру мәселесіне П.Р. Атутова, В. Д. Симоненко, В. А. Полякова, С.А.Малинина, В.И. Сахарова, П.Н. Андрианова, З.М. Богуславская, Л.А.Венгер және т.б. сияқты ғалымдардың жұмыстары арналған. Алынған білім негізінде және олар өз кезегінде ғылыми-техникалық прогресс деңгейіне сәйкес келеді.

Э.Ф. Зеердің пікірінше, «технологиялық біліктер» – бұл техникалық объектілердің жұмыс принципі, олардың формалары, материалдың құрылымы, құрылымдық және технологиялық бөлшектердің элементтері, сондай-ақ оларды біріктіру әдістері.

«Білік» анықтамасы субъектінің білім мен дағдыларға негізделген кез келген әрекетке қабілеттілігімен байланысты. «Білік» анықтамасы субъектінің білім мен дағдыларға негізделген кез келген әрекетке қабілеттілігімен байланысты [6]. В.И. Зыкова «білік» іс-әрекеттің құрамына кіретін барлық орындалатын операциялардың толық хабардар болуымен сипатталатынын атап өтті [7]; психолог Н.И. Запорожец біліктер жаттығулардың бірнеше рет

қайталануымен ғана емес, сонымен қатар оқушылардың «осы техниканы көтеру қабілеті болған кезде пайда болады деген қорытынды жасайды жаңа жағдайға, мысалы, жаңа оқу мазмұнына, әлі белгісіз білім көзіне қатысты» [8], сондықтан «білік» Н.И. Запорожец «өзгермелі жағдайларда саналы және нақты әрекеттерге дайындалу немесе (білім мен дағдыларға негізделген) жаңа жағдайларда саналы түрде қойылған іс-әрекет мақсатына жету қабілеті» ретінде анықтайды. Осылайша, «білік» ұғымы субъектілердің белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру қабілетін ғана емес, сонымен қатар жағдайға байланысты өзгеруге немесе монотонды болып қалуға қабілетті нақты іс-әрекеттерде бейнеленген адамның психикалық және рухани әлеуетін үйлесімді түрде біріктіруді қамтиды.

Технологиялық біліктер – бұл алынған ғылыми білім негізінде адам игерген трансформациялық іс-әрекеттің әдістері. Оларға өз қызметін жоспарлау, оның нәтижелері мен тиімділігін болжау және бағалау, қажетті білімді өз бетінше алу, графикалық жұмыстарды орындау, кәсіби жарамдылығын анықтау дағдылары жатады.

Әр түрлі авторлар келтірген ұғымдарды қарастырғаннан кейін, біз барлық ұғымдардың жалпы аспектісі-бұл іс-әрекет тәсілдері мен технологиялық біліктердің принциптерінің үйлесімі деген қорытындыға келдік. Сондай-ақ технологиялық біліктердің мазмұны, авторлардың көпшілігі өнімнің үлгісін талдай білу, өз жұмыс жоспарын құра білу, жұмыс үшін өз орнын ұйымдастыра білу, сондай-ақ өз өнімін өз бетінше немесе шаблонмен орындау сияқты біліктерді қамтиды.

Сондай-ақ, көркем еңбек сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастырудың бірқатар ерекшеліктері бар, атап айтқанда:

1. Оқушылардың практикалық жұмысы (сабақ барысында маңызды орын алатын қызмет);
2. Оқушылардың білімді бір технологиялық процестен екіншісіне ауыстыру қабілеті;
3. Сабақта әртүрлі технологиялық операцияларды қолдану: иілу, мүсіндеу, желімдеу, кесу, қолдану және т.б.

Айта кету керек, технологиялық біліктерді қалыптастыру процесін ұйымдастыру форма, мазмұн, әдістер, сондай-ақ жобалау және көркемдік іс-әрекеттің компоненттері арасындағы байланысты сақтауға көмектесетін педагогикалық жағдайларды қамтиды.

М.В. Савчина өз зерттеулерінде мұғалімнің кіші оқушымен байланысының ситуациялық факторы оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады деп тұжырымдайды. Ерекшелігі – әр түрлі іс-шаралар кезінде баламен байланыс орнату және ортақ тіл табу мүмкіндігі [5]. Бұл факторды олардың педагогикалық жағдайларының бірі ретінде ажыратуға болады.

Сондай-ақ, көркем еңбек сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастыруға ықпал ететін тағы бір педагогикалық шарт-бұл әр оқушының жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі тапсырмаларды қолдану.



Жоғарыда айтылғандардың негізінде бастауыш мектеп жасындағы балаларда технологиялық біліктерді қалыптастырудың маңыздылығы айқын болады. Оларды қалыптастыру процесін бастауыш мектептегі көркем еңбек сабақтарында сәтті жүзеге асыруға болады.

Бастауыш мектеп оқушыларының технологиялық біліктерін осы тұрғыдан қалыптастыру мәселесін қарастыру болашақта әр баланың технологиялық, шығармашылық әлеуетін ашуға объективті алғышарттар жасайды, қабылдау, білім берудің үздіксіздігі қағидаттарын қамтамасыз етеді, осылайша инновациялық технологияларды игеруге, оларды болашақта кәсіби және күнделікті қызметке енгізу қабілетіне жағдай жасайды.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1 Симоненко В.Д. Технологическая культура и образование (культурно-технологическая концепция развития общества и образования). – Брянск: Издательство БГПУ, 2001. – 214 с.

2 Волосовец Т.В. Парциальная образовательная программа дошкольного образования «От Фребеля до робота: растим будущих инженеров»: учебное пособие. – Самара: Астрад, 2017. – 78 с.

3 Хотунцев Ю.Л. Непрерывное технологическое образование школьников: сборник статей. – М.: Прометей, 2017. – 211 с.

4 Гурулева А.В. От дошкольника до инженера // Образование и воспитание. – 2019. – №1. – С. 10-11.

5 Савчин М.В. Возрастная психология. – Москва: Академ, 2016. – 360 с.

6 Ушаков Д.Н. Большой толковый словарь современного русского языка. URL: <http://www.classes.ru>.

7 Зыкова В.И. Формирование практических умений на уроках геометрии. – М.: АПН РСФСР, 1963. – 200 с.

8 Запорожец Н.И. Развитие умений и навыков учащихся в процессе преподавания истории. – М.: Просвещение, 1978. – 144 с.

ҒТАМР 14.25.01

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ДИДАКАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**М.А. Әлмұрат**

*Магистрант, Шәкәрім университеті, Семей қ.*

**М.С. Мырзаханов**

*П.ғ.к., профессор, Шәкәрім университеті, Семей қ.*

Мақалада мектептегі көркем еңбек пәнінің негізгі дидактикалық маңызы жазылған. Авторлар бүгінгі күндегі көркем еңбек пәнінің орта мектептегі қолданыстарына назар аударып қана қоймай, аталған пән ішіндегі ұлттық сәндік қолданбалы өнердің барысын талдау жасайды. Жалпы оқу және тәрбие жұмысындағы нәтижеге жету және тұлғаның қалыптасудағы тетікті бөліктерді бірін көркемдік қабылдау деп табылса, онда зерттеушілер сол қабілеттердің қайнар көздеріне концепциялық негіздеме жасауды көздейді.

**Түйін сөздер:** сәндік қолданбалы өнер, дидактика, көркем еңбек пәні.

Білім саласындағы кез келген пәннің жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық. Мектептегі көркем еңбек пәні басқа пәндерге ұқсамайтын, өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор пән. көркем еңбек пәнінің базалық мазмұны оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтау қабілеттерін дамытады, өздерін өздері танып білулеріне, технология әлемін зерделеуіне, әр түрлі кәсіби салалар бойынша қабілетін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі таңда жеке тұлғаға бағытталған сабақ – бұл мұғалімнің шығармашылық орта қалыптастыруы ғана емес, сондай-ақ оқушылардың субъект ретіндегі өмірлік тәрбиесін үнемі назарға ұстауы, сол тәжірибеге сүйенуі болып табылады. Бүгінгі таңда білімнің мемлекеттік стандартына сәйкес республика мектептерінде білім беру мен тәрбиенің мазмұнын түбегейлі жаңарту қажеттілігі туындауда.

Ата-бабамыздың қалдырған бай мәдени мұрасының тарихын байыпты зерттемей, жаңа өмірдің талабына лайық жауап беретін туынды жасау мүмкін емес. Жаңа туындының тамыры көне дүние тарихымен неғұрлым терең астасқан сайын оның өрбіп өскен жапырақты бұтақтары да жаңа заманның

рухынан нәр алып, сол ортаның идеологиялық және рухани жағдайына лайықты мазмұн мен мағына беруі тиіс.

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері ғасырлар бойы еліміздің тарихымен бірге дамып келе жатқан асыл мұра. Сәндік қолданбалы өнерді зерттеуге Қ.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, М.С. Мұқанов, Ә.Х. Марғұлан, Ә.Тәжімұратов, С. Қасиманов және т.б. секілді археологтар мен тарихшылардың, ғалым – этнограф пен суретшілердің қосқан үлесі мол.

Қазіргі қоғамымыздағы рухани бай, терең білімді сәндік-қолданбалы өнердің туындыларын, әсіресе, көнеден келе жатқан асыл қазыналарды бағалап, зерттей білетін, оны ары қарай жалғастыра отырып, әлем мәдениеті деңгейіне көтеретін халық мұрасын дамытатын, танымдық белсенділігі жоғары балаларды тәрбиелеп шығару мектептің міндеті.

Танымдық белсенділік – жас ұрпақтың оқуға, өнерді тани білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Баланың өнерді үйренуіне негізгі түрткінің бірі – қызығу. Ұлттық қолөнерінің жемісті болу, ең алдымен, баланың өнерге қызығушылығынан туындайды. Егер оқушы өзі өнерге талпынбаса, күшпен зорлап үйрету мүмкін емес. Қызығуды туғызу үшін оқушыларға берілетін білімнің мақсаты мен қажетін түсіндіріп, оларға нақты өнердің сатыларын үйрету керек. Үйренуге, оқуға, білуге деген қызығушылық – танымдық белсенділіктің қозғаушысы.

Әрбір ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін білім мен білігіне сай келетін оқыту бағдарламасын таңдай отырып, олардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту керек.

Мұғалімнің негізгі мақсаты – өз бетінше дами алатын жеке тұлғаның белсенділігін қалыптастыру, оқушыларға өз бетінше танымдылық әрекет әдістері мен дағдыларын меңгерту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет:

- өнердің арнайы ерекшеліктерін ескеру;
- жас ұрпақтың ұлттық қолданбалы өнерге деген эстетикалық қызығушылығын дамыту;
- имандылыққа, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу бағыттарын жүзеге асыру;
- оқыту барысында жүйелілік пен бірізділікті ұстану;
- оқушының жас ерекшеліктерін ескеру;
- политехникалық білім мен біліктілікті қалыптастыру.

Оқу-тәрбие жұмысындағы нәтижеліктің басты белгілері мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өмір танымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып қызықтыра білуінде.

Мектепте оқушылардың қолөнер саласындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту әдісі көп жағдайда жеке дара, топпен және кіріктірілген презентация түрінде жүргізіледі. Қазіргі таңда ұлттық бұйымдарға сұраныстың артуы оқушыларды қазақ халқының кәсіптік қолөнер бұйымдарын дайындай білу іскерлігіне баулу қажеттігін тудырды. Бұл мәселені шешудегі негізгі себеп

оқушы жастарды жаңа экономикалық жағдайда еңбек етуге, өз бағыт-бағдарын анықтауға мүмкіндіктерін іске асыруға даярлау.

Бағдарламаға сай тақырыптық бөлімдерде істелетін жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттырып, сабаққа деген белсенділік қабілеттерін дамытады.

Халқымыздың қолөнеріне оқушыларды баулып, оларды белгілі бір өнерге үйрету керек. Негізгі мақсат оқушыларды өнерге үйрету ғана емес, өнер туындыларын жасауға баулу.

Қазіргі кезде күнделікті тұрмысқа керекті жеңіл-желпі заттарды станоксыз да қолмен жасауға болады. Қолмен жасау ерекше жабдықты, арнаулы орынды, белгілі мезгілді керек етпейтін қарапайым әрі тиімді өнер.

Сәндік-қолданбалы өнер – өнердің ең көне және кең таралған түрі. Мектепте оқушылардың сәндік-қолданбалы үйірмеде, студияларда қабілеттерін арттыру мақсатында кілем тоқу, шілтер тоқу, кесте тоқу, бисермен тоқу, т.б. түрлерін кең көлемде үйретеді.

Өрнектің түр-түрін ойлап шығару мүмкіндігі сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылықты арттыра түседі. Ал қолөнерінің түрлері шексіз деп айтса артық болмас. Тоқып үйренген соң, бұл өрнектерді өзіміз де ойластырып шығаруға болады. Адамдарды барлық уақытта, қандай дәуірде өмір сүрсе де және олардың өміріндегі әдет-ғұрыптарына қарамастан әдемі орындалған бұйымдар барлық уақытта қызықтырады, қиялдауға жетелейді. Сондықтан да дұрыс ұйымдастырылған сабақ жоспары оқушының жеке басының қабілетін дамытып, өнерге үйретеді.

Қазір өнердің шарықтап етек жайған уақытында оқушыларға кесте тоқу, кілем, гобелен, бисермен тоқу және әр түрлі өнерді үйретуді мектеп бағдарламаларына көбірек енгізіп, оқушының шығармашылық қабілетін жандандырса, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдениетін көтеру арқылы ұлттық деңгейімізді көтерер едік.

Үнемі өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді толассыз дамытуды талап етеді. Осы тұрғыдан сәндік-қолданбалы өнерді жан-жақты игеру, оны түсіну жаңа педагогикалық технология бойынша оқушылардың білім мен сапасын арттыруға, ой санасының дамуына мүмкіндік жасайды.

Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі: тамақ істеу, киімді пішу, тігу, тоқу, қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірмен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны ісмерлікке, іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілік пен әсемділікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

Қазіргі өмір талабы – оқу-тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Технология сабағында іс жүзінде нақты ерінбей еңбек ететіндей төзімді және жинақы болу керек. Білім жүйесінің жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік жұмыстарының

мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуды, шыңдауды талап етеді.

Дамудың жаңа сатысына бағыт алған мектептің ең негізгі өзегі мұғалімнің жеке басының ізденімпаздылығы мен білімділігіне көп жағдай тәуелді.

Дүниежүзінде оқытудың тиімді жолдары мен әдістерін іздестіру жұмыстары соңғы кезде кең көлемде жүріп жатыр. Еліміздің болашақта көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді.

Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып және әлемдік білім берудің кеңістігіне бағыт алуда. Білім берудің қоғамдық жағдайы келешек ұрпақты оқытудағы оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үрдістерін және жаңа педагог формациясын ұйымдастыруды талап етеді.

Жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, іскерлікке баулу, әсіресе, қазіргі кезеңде ауадай қажет. Сондықтан «Көркем еңбек» бөлімінің арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар мен әдістерді ізденуіне және шығармашылығын дамытуда, ісмерлігін, икем-дағдыларын қалыптастыруда қазіргі экономикалық жағдайға үйренуін қамтамасыз етеді. Сондықтан оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақтарды түрлендіріп өткізу қажет. Ең басты мақсат – оқушылардың сабақ үстінде шет қалмауы, берілген тапсырмамен айналысып отыруын қадағалау. Технология пәнінде оқушылардың икемділігі, түсті таңдауы, жинақылығы және ілтипаты, биязы болып, өз ойын дәл дәйекті етіп, айқын көрсетуін талап ету.

Дүниетану, білімге талпыну әрбір адамның түбегейлі ісінің бірі. Егер бұл талпыну болмаса, әрбір адам білімге, еңбекке үніле қарамаса ілгері басу, прогресс те болмас еді. Сондықтан, ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық педагогикалық әдеп-ғұрыптарын, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарайтын, ақпараттарды қарап саралай, тұжырымдай алатын оқушыларды дайындауымыз керек. Олар жаңа ойларға, идеяларға толы, күтпеген жерден пайда болған ойларға мағына беріп, шала ақпараттарды терістеп айта білулері керек. Оқушылар кез келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап, оның ұтымды жақтарын қолдануға тиісті.

Сабақ – оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Дәстүрлі емес сабақтардың психологиялық, педагогикалық ұйымдастыру және өткізу жолдарын жан-жақты зерттеп, оқушылармен өткізілетін сабақтар жүйесі жасалынуы қажет.

Қазіргі педагогикалық ғылымда жаңа ұғымдар көп. Солардың бірі – инновация ұғымы. Оны жете түсініп, инновациялық әдіс-әсілдерді оқу үрдісіне енгізу – оқушылардың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты. Ал инновация дегеніміз жаңа жағдайдағы жаңалық болып табылатын, нақты мақсаттың нәтижелі жүзеге асуын қамтамасыз ететін идеялар.

Оқушылар ақпараттарды дұрыс мағыналы түрде меңгеру үшін сын тұрғысынан қарап, оны сұрыптай білуі тиіс. Олардың белгілі бір қалыптасқан ақпараттарды сұрыптауы, тізбектеп ойдан өткізуі, өз ойларын тұжырымдауы және пайдалы ақпараттарды, идеяларды таба білу тәжірибелері болуы керек. Олар өзі оқыған ақпараттарды жүйелілікпен ой елегінен өткізіп, сын тұрғысынан қарай отыра сұрыптай білуі қажет. Міне, сондықтан бүгінгі таңда педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, білім беру мазмұны жақсарып, жаңа көзқарастар пайда болуымен білім беру құрылымында жаңа технологиялар өмірге келді.

Инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден-бір шарты деп айтмыз.

Саралап оқыту – оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Барлық педагогикалық жүйе құрам бөліктерінде инновация үрдісі іске асу үшін төмендегідей жұмыстар істелуі тиіс:

– оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану;

– оқушылардың ойлау қабілетін, жаңалықтарды тез қабылдауын қалыптастыру және жаңалықтарды өмірде қолдана білуді үйрету;

– сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану.

Оқушылардың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын сыни тұрғыда қалыптастыру негізінде күтілетін нәтижелер:

– мұғалім мен оқушылар арасында тұлғааралық қатынас қалыптастыру;

– сабақ барысында сыйластық пен сенімнің жоғары деңгеймен ерекшеленетін бірлестік жұмыс әдісі қалыптасады;

– оқушыларды ашық түрде пікір алысу мәдениетіне баулиды.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке де баулу, үйрету аса қажет нәрсе, жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді. Сәндік-қолданбалы өнердің көп уақыт қажет ететіндігі мен қиындығына қарамастан ұлттық өнерімізді жалғастырып, ұлттық мәдениетімізді көтеруге өз үлесімізді қосайық.

Бүгінгі егемен еліміздің іргетасын нығайтып, келер ғасырға жалғастыратын, көкірегі ояу, саналы, арманшыл жастар екені даусыз. Тарихтың асыл қазынасын оқып үйренуде, халықтың мәдени мұрасын қадірлеп дәстүрін жалғастыра білу де дана халқымыздың қолөнерін үйренуде шығармашылық қабілеттерін дамыту қажет. Шығармашылық қабілет дамыған өнер тілін түсінген өмірде бір мақсатқа қол жеткізіп үйренген оқушы кез келген істе осы қабілеттерін қолданатын болады. Мұғалімдерден қоғамның талап етіп отырған азаматтары осындай қабілетті, жан-жақты, ұлтының тарихын білетін, озық ойлы болуы қажет деп ойлаймыз.

Біздің елімізде эстетикалық тәрбиеге деген ықылас жылдан жылға артып келеді. Ересектер мен балалар эстетикалық құбылыстармен үнемі бетпе-бет кездеседі. Адамның рухани өмірінде, күнделікті еңбегінде, көркемөнермен қарым-қатынастарда әдемілікпен пен сиықсыздық елеулі рөл атқарады.

Оқушыларды көркем өнерге бейімділігін дұрыс пайдалана білуге үйретіп, үнемі сәндік-қолданбалы өнер туындыларының эстетикалық маңыздылығын ашып отыру бағытында үйірме жетекшілері жұмыс істейді. Оқушылардың халық шеберлерінің шығармашылығымен танысуы олардың эстетикалық қарым-қатынастарын дамытуға жағдай жасайды.

### **Қолданылған әдебиеттер**

- 1 Қошқарбеков Н.Қ. Бейнелеу өнері сабақтарының жаңа технологиялық мазмұны. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2010.
- 2 Жаңаша оқыту жолында // Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №5(6). 2016.
- 3 Қолөнер материалын технология сабақтарында оқытудың теориялық негіздері. – Алматы, 2007.
- 4 Шоланов Қ. Білім деңгейі бәсекеге лайық па? // Парасат, 2005, №1.
- 5 Шилинбекова Т. Оқыту қажеттілігінің қажетті шарты // Қазақстан мектебі, 2006, №5.
- 6 Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алматы: «Өнер», 1986.
- 7 Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы, 1997.
- 8 Тойлыбаева А. Сәндік қолданбалы өнердің мәні // Мектептегі технология. № 5. – 2008.

ҒТАМР 14.25.09

## ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫҢ ОҚЫТУДА ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Н.М. Орынбаева**

*Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.*

Қазіргі үздіксіз өзгеріп отыратын әлемде адамдардың барлық білімді меңгеруі мүмкін емес, сонымен қатар болашақ үшін қандай білімнің маңызды болатынын болжау қиын. Студентке болашақта кез келген қажетті білімді меңгеруге мүмкіндік беретін зерттеу қабілеттерді дамыту маңызды болып табылады.

Органикалық химия күнделікті өмірдің маңызды негізі ретінде қарастырылады. Біз химиялық инженерия, тамақ өнеркәсібі, экология және медицина сияқты көптеген басқа салаларды түсіндіретін кезде міндетті түрде химияны қарастыруымыз қажет.

Мақалада органикалық химияны оқыту процесінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың түрлі мүмкіндіктерін ескере келе, органикалық химияны оқытуда зерттеу дағдыларын қалыптастырудың негізгі әдістемелік негіздері ұсынылған. Басты назар зерттеу дағдыларын дамытатын технологияларды іс жүзінде білім беруде қолдануға аударылады.

**Түйін сөздер:** зерттеу дағдылары, педагогикалық технология, зертханалық жұмыс, әдістеме, тиімді оқыту тәжірибесі, органикалық химия.

Органикалық химия күнделікті өмірімізге үлкен әсер еткеніне қарамастан, жаман беделге ие. Ол көптеген жылдар бойы білім алушылардың жүрегінде қорқыныш тудырды және ұзақ уақыт бойы медицинаға немесе денсаулық сақтау ұйымына байланысты мамандықтарға түскісі келетін оқушылар ғана таңдайтын курс ретінде қарастырылды.

Органикалық химия пәні Бразилиядағы Сеара федералдық университетінің химия инженериясы, химия және фармацевтика курстарының студенттеріне оқытылған. Пән бойынша қарастырылған химиялық реакциялардың саны көп болуы, студенттер үшін қиын болды, нәтижесінде білім деңгейінің төмендеуі мен білім алушылардың оқуды тастап кету пайызы шамамен 50-60% болды. Осы себепті органикалық химия оқу бағдарламаларындағы ең қиын пән ретінде қарастырылды [1].

Оқыту тәжірибесін талқыламас бұрын, органикалық химияның не екенін және оны неге қиын курс деп есептейтіндігіне түсініктеме берген жөн.



Қарапайым тілмен айтқанда, органикалық химия көміртектен тұратын молекулалардың химиясы. Органикалық химияның қолдану аясы кең, ол медицина, агрохимия, косметика, тамақтану ғылымы және алдыңғы қатарлы технологияларды қамтиды, тек бірнеше саламен ғана шектелмейді. Біздің денеміздегі генетика мен әртүрлі физиологиялық процестерге жауап беретін молекулалардың көпшілігі органикалық қосылыстар (ақуыздар, ДНҚ, РНҚ, дәрумендер, ферменттер және т.б.) болып табылады. Дегенмен, білім алушылар органикалық заттардың түрлерін, молекулалардың құрылымдарын жазуды, функционалдық топтарды тану, екі өлшемді құрылымдарды үш өлшемде визуализациялауды тез үйренуі керек. Олар химиялық құрылымның негіздерін жаңа ғана сіңіріп жатқандықтан, химиялық реакциялар туралы біле бастайды, мұнда білім алушылар белгілі бір функционалды топтарды басқаларға қалай өзгерту керектігін үйренеді. Реакциялардың қалай және неге байланысты жүретіндігінің логикасын түсінеді.

Білім алушыларға тапсырма ретінде органикалық молекуланың құрылымы беріледі және функционалды топтық түрлендірулер сериясы арқылы анағұрлым қарапайым қосылыстарды пайдалана отырып, сол реакциялардың жүру механизмін түсіндіру қажет. Мұндай мәселелерді шешу үшін курс материалын меңгеру, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау және білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту қажет. Бұл мақсат қорқынышты болып көрінсе де, мен білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытып және оларда жақсы қолдау көрсетіп, химияға деген қызығушылығын арттыруды ұсынар едім.

Химияға және оның ішінде органикалық химия пәнінен қорқу секілді мәселелерге қысқаша тоқталған жөн. Химиядан қорқудың болмауы, оқытудағы тұрақты тәжірибеге бағытталған тәсілмен және студенттердің химия сабағында да, сабақтан тыс уақытта да өз бетімен жүргізетін нақты тәжірибелерінен қалыптасады [2].

Органикалық химияны оқыту білім берумен шектелмейді; ол академиялық және кәсіби өсу үшін маңызды зерттеу дағдыларын тәрбиелеуді қамтиды. Бұл мақалада органикалық химия саласында тиімді зерттеу дағдыларын дамыту үшін қажетті әдістемелер мен тәсілдер зерттеледі.

Зерттеудің негізгі мақсаты – органикалық химияны оқытуда зерттеу қабілетін дамытуға бағытталған оқу әдісінің білім алушылардың зерттеу дағдыларына әсерін зерттеу. Олардың метакогнитивті дамуына қатысты бұл зерттеу екі мәселені қарастырады:

1. Дәстүрлі әдіспен оқытылатын оқушылар мен оқушылардың зерттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған әдістердің ғылыми үдеріс дағдылары тұрғысынан айтарлықтай айырмашылығы бар ма?

2. Дәстүрлі әдіспен оқытылатын оқушылар мен зерттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған әдістердің химияға деген көзқарасы бойынша айтарлықтай айырмашылық бар ма?

Зерттеудің негізі: Зерттеу дағдылары студенттерге органикалық химия саласында зерттеуге, қызықтырған сұрақтарын қоюға, ойын ашық жеткізуге

және ғылыми жаңалықтар енгізуге мүмкіндік беретін ғылыми ізденістің негізін құрайды.

Мәселелерді шешуге бейімділік: Зерттеудегі шеберлік студенттерді күрделі органикалық химия тұжырымдамалары мен нақты әлемдегі болып жатқан маңызды экологиялық мәселелерді шешу қабілеттерімен қамтамасыз етеді.

Оқу жоспарындағы зерттеулерді интеграциялау.

– Білім алушыларды ғылыми зерттеу процесімен таныстыру үшін оқу бағдарламасына ертерек зерттеу әдістерін енгізу қажет.

– Сабақты практикамен байланыстыру: Оқушыларды теориялық білімдерін өз өмірлерінде қолдануға ынталандыру, қызығушылықты ояту және зерттеу дағдыларын жетілдіру.

Зерттеу дағдыларын дамыту стратегиялары.

– Қызығушылықты ояту: Ойландыратын сұрақтар қою және білім алушылардың белгіленген оқу жоспарынан тыс зерттеуге ынталандыру арқылы қызығушылық сезімін дамыту.

– Ынтымақтастыққа жәрдемдесу: студенттерге топта жұмыс істеуге, идеялармен бөлісуге және адамдардың әртүрлі көзқарастарынан білім үйренуге мүмкіндік беретін бірлескен жобаларды жасау.

– Тәлімгерлік және нұсқау: тәлімгерлік мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, студенттерді зерттеу процесі арқылы бағыттау, әдіснамаларды нақтылау және нәтижелерді рәсімдеу.

Зерттеу дағдыларын бағалау және дамыту.

– Бағалау әдістері: Студенттердің зерттеу құзыреттілігін анықтау үшін зерттеу жұмыстары, презентациялар және эксперименттік есептер сияқты бағалаудың әртүрлі әдістерін енгізіңіз.

– Конструктивті кері байланыс: зерттеу әдістемелерін үздіксіз жетілдіру мен жетілдіруді ынталандыру үшін кері байланыс ұсыну керек [3].

Жаратылыстану пәндері үшін, атап айтқанда химия үшін эксперимент, бақылау, сипаттау, өлшеу сияқты ғылыми әдістер басым болуы керек. Білім алушылардың эксперименттік іс-әрекетінсіз химияны оқыту тиімсіз. Кез келген химиялық құбылысты зерттеу теориялық түсініктің және эксперименттік тәжірибенің болуын талап етеді, өйткені кез келген эксперименттік деректер теория тұрғысынан түсіндірілуі керек. Химиядағы оқу және ғылыми зерттеу іс-әрекеті студенттің теория мен эксперимент арасындағы ажырамас байланыс туралы түсінігі мен зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етуі керек. Әрине, мұндай байланыс оқушылардың зерттеушілік қабілеті мен зерттеушілік әрекетін дамытуға ықпал етеді. Студенттердің химия бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда оның практикалық бағыттылығының маңызы зор. Білім алушылардың зерттеушілік әрекетін мынадай түрлерге бөлу қажет:

– ақпараттық-теориялық (әдебиет – талдау, аналитикалық шолу, қорытындылау);

- эксперименттік зерттеу (зерттелетін құбылыс немесе объект туралы жаңа білім алуға бағытталған, бұрын белгісіз нәтижемен эксперимент жүргізу);
- эксперименттік-қолданбалы – тексеруге бағытталған эксперимент, деректерді салыстыру (мысалы, әртүрлі өндірушілердің шырындарындағы С витаминінің құрамын салыстыру және т.б.);
- шығармашылық – дайындау, модельдеу, жеке тұлғалық көзқарас арқылы тапсырманы көру және оны жүзеге асыру.

Органикалық химия сабақтарындағы практикалық жұмыстар мен зертханалық тәжірибелер, әдетте, білім алушыларда зерттеушілік көзқарасты қалыптастырудың негізгі мақсаты болып табылатын зерттеу сабақтарының шеңберінде жүзеге асырылады.

Research-based learning (RBL) – әдісі студентке өз бетімен білімін толықтыруға, жұмыс орындарында тез бейімделуге мүмкіндік береді, өз қызметін жоспарлауға, ұйымдастыруға, кәсіби мәселені шешуге үйретеді. Оқу процессінде оқытушы рөлі өзгереді, білім алушының қабілеті мен ерекшелігін есепке алуы керек. Ол ынталандырып, кеңес беріп, оқу процессін бақылауға алады.

Білім алушы өз кезегінде:

- Берген ақпаратты игереді, тапсырмаларды оқытушы көмегімен, топпен және жеке орындайды;
- Өз бетімен ойлануға тырысады;
- Жаңалықты білуге, ізденіс жасауға бастама көрсетеді, өз бетімен білім алумен айналысады;
- Адамгершілік қатынас тәжірибесін иеленеді;
- Өзін өзі дамытады;
- Білім алушылар зерттеу дағдыларын дамытады [4].


Педагогикалық эксперимент Маңғыстау облысындағы жалпы білім беретін 15 орта мектебінің 9 «А» сынып оқушыларына жүргізілді. Педагогикалық эксперимент келесі іс-әрекеттерді қамтыды:

- Білім алушыларға сауалнама өткізу арқылы олардың органикалық химияға деген көзқарасын анықтау;
- Органикалық химия бойынша сабақ өткізуде қолданатын әдістерді зерттеу;
- Органикалық химияға байланысты білім алушылар пайдаланатын кітаптарға талдау жүргізу;
- Білім алушылардың табиғатына байланысты сәйкес келетін әдісті анықтау;
- 9 сыныпқа арналған химия кітабына сәйкес «Оттекті органикалық қосылыстар» бөліміндегі зертханалық жұмыстарды білім алушыларға орындату арқылы зерттеу қабілеттерін дамыту;
- Білім алушылардың тәжірибеге дейінгі және кейінгі білім деңгейлерін салыстыру.

Қазіргі уақытта әртүрлі технологиялардың дамуына орай, адамдар қысқа мәтіндегі оңай ақпараттарды ғана қабылдауға үйреніп қалған. Оларға күрделі мәтіндегі ақпараттарды қабылдау және түсіну өте қиынға соғуда. Білім алушылар химияны өте қиын реакциялардан тұратын қиын және қызықсыз пән ретінде қарастырады. Осы себепті профессорлар білім алушылардың органикалық химияға деген қызығушылығын оятатын және ынталандыратын оқу ортасын құруы керек. Олар химияның ең тиімді оқыту және оқу процесін қолдануға тырысады.

Білім алушылардың органикалық химияға көзқарасын анықтау үшін 9 «А» сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

Сауалнама бойынша білім алушыларға оқу бағдарламасында оқытылатын пәндер тізімі берілді. Оқушыларға берілген пәндерді күрделілігіне қарай орналастыру ұсынылды және не себепті олай орналастырғанын ашып түсіндіруі қажет болды. Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде ең қиын пәндер білім алушылардың қабылдауына қарай анықталды, олар төмендегі суретте көрсетілген, 1-суретті қараңыз.



Сурет 1. Білім алушылардың қабылдауына байланысты қиын пәндер көрсеткіші.

Сабақтарда білім алушылардың зерттеу қабілетін дамыту мақсатында зертханалық жұмыстар орындалды. Зертханалық жұмысты орындау кезінде оқушылар өз беттерінше зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алынған нәтижелерімен бөліседі. Білім алушыларға «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу» және «Нәруыздардың денатурациясы» бойынша зертханалық жұмыс жүргізілді.

Зерттеу жұмыс барысында алынған нәтижелерінің дұрыс немесе бұрыстығын салыстырып, талдап, алынған нәтижелері бойынша зерттеу жүргізді.

*Жұмыстың барысы.*

*1-ші тәжірибе. Сірке қышқылының индикаторға әсері.*

1. Сынауыққа 1 мл сірке қышқылының ерітіндісін құйыңдар.
2. Ерітіндіге әмбебап индикаторды қосыңдар.
3. Ерітіндінің РН мәнін анықтаңдар.

*2-ші тәжірибе. Сірке қышқылының металдармен әрекеттесуі.*

1. Екі сынауыққа 1 мл-ден сірке қышқылын құйыңдар.
2. Оның біреуіне – магний, екіншісіне мырыш түйірлерін салыңдар.
3. Сынауықтардағы газдың бөліну жылдамдығына көңіл аударыңдар.

Зерттеу жұмысы кезінде сірке қышқылының ортасы анықталады. Сірке қышқылының металдармен әрекеттескендегі өзгерісін, бөлінетін газдардың жылдамдығын зерттейді.


*Жұмыстың барысы.*

*Нәруыздардың денатурациясы.*

1. Үш сынауыққа 2 мл-ден нәруыз ерітіндісін құйыңдар.
2. Бірінші сынауыққа 0,5 мл мыс (II) сульфаты, екінші сынауыққа 0,5 мл қорғасын нитраты, үшінші сынауыққа 0,5 мл сірке қышқылының ерітіндісін қосып, олардышыны таяқшамен араластырыңдар.
3. Сынауықтағы өзгерістерді бақылаңдар [5].

Білім алушылар зерттеу жұмысы бойынша нәтижелерін анализдеп, сұрақтарға жауап беруі қажет. Нәруызға қышқыл және тұз ерітінділерін қосқанда, нәруыздарда қандай өзгеріс орын алады? Қыздырғанда нәруыз молекуласы қандай өзгеріске ұшырайды. Осы өзгерістер бойынша оқушылар зерттеу жұмыстарының нәтижесін ұсынады.

Зерттеу жұмысы нәтижесінде оқушылардың тәжірибеге дейінгі және кейінгі білім деңгейлеріндегі өзгерісті байқауға болады.



Сурет 2. Тәжірибеге дейінгі және кейінгі білім алушылардың білім деңгейлері.

### Қорытынды.

Органикалық химияны оқытуда зерттеу дағдыларын қалыптастыру студенттерді осы салада шебер проблемаларды шешуші және жаңашыл болуға дайындау үшін маңызды болып табылады. Зерттеуге бағытталған әдістемелерді біріктіру, тиісті ресурстарды қамтамасыз ету және ізденімпаздық мәдениетін дамыту арқылы педагогтар студенттерге тек академиялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар органикалық химия саласындағы болашақ күш-жігерінде де жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

### Қолданылған әдебиеттер

- 1 José Nunes da Silva Júnior. Design, implementation, and evaluation of a game-based application for aiding chemical engineering and chemistry students to review the organic reactions, *Education for Chemical Engineers*, Volume 34, 2021. – P. 106-114.
- 2 Garg N.K. How organic chemistry became one of UCLA's most popular classes. 2019. – P. 678-683.
- 3 Дробышев Е.Ю. Технология организации учебно-исследовательской деятельности учащихся в рамках учебного предмета «химия» // Школьные технологии. 2020. №2.
- 4 Кенжина Н.К. Медициналық білім беруде RESEARCH – BASED LEARNING (RBL) тәсілін қолдану бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулық, 2021. – 7-17 б.
- 5 Оспанова М.Қ., Аухадиева Қ.С., Белоусова Т.Г. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 168 б.

ГРНТИ 14.01.07

## ПРОБЛЕМА ЭСТЕТИЧЕСКИХ ОРИЕНТАЦИЙ И КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ХОРЕОГРАФОВ

**А.С. Калдыбаева**

*Аспирант 4 курса университета ФГБОУ «ЮУрГТТУ» г. Челябинск,  
Преподаватель, магистр, Актюбинского Регионального университета имени  
К.Жубанова, г. Актобе*

В данной работе рассматриваются теоретические и методические аспекты проблемы формирования эстетических ориентаций и компетенций у будущих педагогов и учителей хореографии, в частности. Любое искусство во все времена, во всех культурах является ценностью постольку, поскольку отличается качеством эстетического. В современной образовательной парадигме, ориентированной на удовлетворение потребностей личности, особое место занимают проблемы саморазвития, самообразования, самореализации человека. В связи с этим изменяются и требования, предъявляемые к современному специалисту, а это, в свою очередь, требует пересмотра организации, содержания, форм и методов профессиональной подготовки студентов в вузе в аспекте развития их художественно-эстетической компетенции. Хореография всегда была и останется той сферой искусства, которая призвана играть незаменимую роль в развитии художественно-эстетической компетенции.

**Ключевые слова:** художественное-эстетическое образование, педагогический принципы, компетенция будущих хореографов, подход, художественно-эстетические компетенции.

Подготовка специалистов-хореографов предполагает формирование прочной теоретической базы знаний, широкого спектра практических умений и навыков, необходимых в будущей профессии. Она имеет комплексную структуру, строится на основе взаимодействия различных видов хореографической деятельности в условиях глубокого и эффективного сочетания информационной и творческой функций обучения. Сегодня обществу нужны специалисты, способные решать задачи различного уровня сложности, проводить необходимые преобразования в соответствии с требованиями профессии и социокультурной ролью будущего специалиста. Профессиональная подготовка будущих – хореографов, благодаря специфике хореографического искусства и особенностям его восприятия, наиболее

естественно и органично влияет на развитие внутренней свободы и творчества, а интеграция форм хореографического искусства создает целостное, гармоничное социокультурное образовательное пространство, формирующее художественно-творческие способности личности студентов, обучающихся на хореографических отделениях художественных вузов. Качественное образование, подготовка высококвалифицированных кадров, формирование профессионального мастерства будущих специалистов являются главной задачей нынешнего времени в общей системе высшего образования. Результатом подготовки специалиста в высшем учебном заведении должна выступить его компетентность в профессиональной деятельности, что отражено в документах по модернизации образования, где отмечено, что основным результатом деятельности образовательного учреждения должна стать не просто система знаний, умений и навыков, а набор заявленных государством ключевых компетенций в интеллектуальной, общественно-политической, коммуникационной, информационной и прочих сферах.

На сегодняшний день возникает множество противоречий между:

- необходимостью повышения культуры граждан нашего общества и неиспользуемыми возможностями образовательного процесса педагогического вуза в приобщении к ней;

- накопленным уровнем знаний об эстетическом воспитании и отсутствием у преподавателей хореографического факультета системных знаний о путях и условиях приобщения будущих учителей к культуре;

3 Смертина А.А., Иноземцева Е.С. особенности фитнес-менеджмента в спортивно-оздоровительных клубах // Физическая культура, здравоохранение и образование. Материалы XVI Международной научно-практической конференции, посвященной памяти В.С. Пирусского. – Томск, 2022. – С. 579-585.

ҒТАМР 14.25.09

## ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ

**Э.Н. Айтжанова**

*П.ғ.м., аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

**А.М. Елубаева**

*Студент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Мақалада ерте заманнан ата-бабаларымыз өскелең ұрпақты елін, жерін сүйеге, тектілікпен, жан-жақты тәрбиелеуді басты мұрат тұтқандығы, ұлттық тәрбиені балалардың бойына сіңіру қарастырылады. Қазіргі дамыған дәуірде озық қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге байланысты. Тәрбиенің қуатына тең келетін рухани күш, қуат көзі жоқ екенін жақсы түсінеміз. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп биік дәрежеге көтеріледі. Оның ең маңыздысы адамды ойлануға бағыттайды, жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеді. Бауыржан Момышұлының өскелең ұрпақ тәрбиесіне байланысты көзқарастары мен ой-пікірлерінің құндылығы көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** ұлттық тәрбие, патриоттық тәрбие, халық педагогикасы, білім беру.

Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық тәрбиеге кең өріс ашты. Білім беру жүйесі мен мазмұнының жаңа талаптарға сай болуы өмір қажеттілігінен туындап отыр. Өркениетке қадам басқан қоғамда жеке тұлғаны тәрбиелеуде ең алдымен, білім берудің ұлттық жүйесі адамның ішкі жан-дүниесін, рухани әлемін жетілдіру бағытындағы тәрбие ісі ұлттық тәлім-тәрбие арқылы жүзеге асуы қажет. Заман жетістіктері негізінде ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат ете отырып, жаңа қоғамға лайықты өмірден өз орнын табатын, зерделі тұлға тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Ұрпақ тәрбиесі – қай қоғамның, қай заманның болмасын көкейкесті мәселесі екені даусыз. Себебі, еліміздің көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесі арқылы көрініс табады [1].

Бәсекеге қабілетті, талғамы биік, жаңа заман адамын қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтары мен ұлы мұраларымызды зерделей білудің мәні ерекше. Ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ұлт тағдырын тереңнен бағалап, болашағын болжайтын тұлға ретінде танылады.

Себебі, халықтық педагогика құндылықтары жас ұрпақтың бойында ұлттық сананы қалыптастырады.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің асыл арналары болып табылатын ізгілік, имандылық, парасаттылық ұғымдарының бастауы тарихта мәңгі аты қалған ғұлама өсиеттерінде, мақал-мәтелдер мен тыйым сөздерде, шешендік сөз өнерінде, жұмбақтарда, өлең-жырларда, дастандарда және дала данышпандарының нақыл сөздерінде ерекше көрініс тапқан.

Ғасырлар бойы ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бала бойына жастайынан тәрбие нәрін себетін ұлттық тәлімнің негізінде халықтық тәрбие мәселелерін қозғайтын ойлар жатыр. Жасөспірімді өнегелі қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері мол екенін халқымыз ежелден-ақ бағалай білген. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани жан-дүниесі бай адамды қалыптастыру баланың өмірге келген кезінен басталуы бекер емес.

Мұндай мақсатқа бағытталған жұмыс адамды еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизмге тәрбиелейді. Адамгершілік – әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы халқымыздың салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, отбасында қалыптасады. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Демек, жеке тұлғаға жан-жақты терең білім берумен бірге оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттері адамды құрметтеу, оған сену, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізеттілік, ізгілік, қарапайымдылықты ұялата білсек, жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпал етері сөзсіз. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сыйласымдық қарым-қатынастарында қалыптасады.

Бүгінгі таңда зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде ата-бабаларымыз сақалған халық педагогикасының негізінде ұрпаққа саналы тәрбие беру мен қатар ұлттық тәлім-тәрбиелік асыл мұралардың назарға алынуы бұл мәселенің көкейкестілігін айқындап отыр.

Ұлттық дәстүр, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеру міндеттерін жүзеге асыру туралы зерттеуші ғалымдар: »Қазіргі білім, ғылым мен мәдениетті жаһандандыру процесі кезінде әр ұлт өз мемлекетінің рухани мәдени құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік өркениетке кірігуі заңды құбылыс», [2] «Халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік, ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы... Ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі», – деп атап көрсетті. [3, 348 б.] Мұндағы басты қағида – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы мәдени дағдыларды игеру, өзіне, сондай-ақ, өзгелерге де жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Әйтсе де, бұл мәселені, келешек ұрпақ тәрбиесін белгілі адамдарға ғана жүктеумен шешілмейді, ол үшін тәрбие әдістері мен тәсілдерін жаңаша көзқарастармен байытып, ұлттық тәлім-тәрбие арқылы ұрпақ тәрбиелеуді өмірге батыл түрде енгізген жөн. Өйткені, адам

өмірін өзгертер әділет, ынсап, қанағат сияқты адамның рухани ізгі қасиеті дамымайынша, қоғамда өркендеу болмайды.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті арттыруда ұлттық тәлім-тәрбиенің мәні ерекше. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, көмек беру, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес негізінде ұлттық құндылықтар жатады.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үнілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Халқымызда: «Тәрбие – тал бесіктен» деген ұлағатты сөз бар. Отбасындағы ізеттілік, қайырымдылық, имандылық – бәрі балаға тал бесіктен берілетін алғашқы тәрбие. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты отбасы арқылы беріледі. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыздың тағлымында баланы бесігінен-ақ, жақсы әдеттерге баулыған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамның борышы болып саналады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен танымы арқылы қалыптасады. Бұл – ұлттық тәрбиенің ең озық көріністері.

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Халқымыздың аяулы ұлы зиялы азаматы Б. Момышұлы былай деген екен: «жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді, қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді, оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке, шеше жоқ» Бауыржан атамыз бүгін де арамызда жоқ, ол кісі көтерген мәселе бәрімізді де алаңдатуы тиіс. Бұл ата-анаға да, ұстазға да ой салады деп ойлаймын.

XXI ғасырдың көкейкесті мәселелері тоғысқан кеңістігінде көне мұраларымыздағы адамның болашағын бағыттауға қажетті рухани күш, ізгі ілім, өшпес үлгідегі ақыл-кеңестердің ұлттық мәдениетіміз, тіліміз бен дініміздің бүгінгі мен ертеңіне де негіз әрі тірек болары осыған дәлел. Кез келген халықтың рухани мұрасында әлемдік философияның, әлемдік педагогиканың ортақ қазынасын байыта түсетін құнды ой-пікірлер, пайымдаулар болатыны белгілі. Қазақ дүниетанымының өзегі саналатын құндылықтың әрбір тынысы, әрбір сөз орамы мен ой түйіні ізгілікпен байланысты. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Руханилық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі адамды мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Адамгершілік тәрбие бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас

мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Қазіргі ақпараттық ғасыр мен ғаламданудың күшейіп тұрған уақытында ұлттық идея мен ұлттық сананы қалыптастыруда ұлтымыздың салт-дәстүріндегі үлгі-өнеге, асыл қасиеттеріміз: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, барға қанағат етушілік, жомарттық пен қонақжайлылық, мейірімді болу, қайырымдылық жасау сияқты көптеген адамгершілік, ізгілік, өнеге-сипаттар жайлы ғұлама көзқарастары педагогика тарихын байытып қана қоймайды, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру үрдісіндегі мәнін арттыра түседі. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу ұлттық тәлім-тәрбиенің жемісі екенін дәлелдейді. Адам баласы мінез-құлқында отбасынан алған тәрбие мен тәлім арқылы білім мен ақылды ұштастыра білгенде өз орнын адаспай табады. Өйткені, ол қоғамда өзінің адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Қазақтың көрнекті педагогы Ж. Аймауытов: «Өткен өмірде күн сайын адам қай бағытта машықтанып әдет етсе, егде болғанда да сол бағытта өзгереді...» дейді [4]. Бұдан шығатын түйін адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас көбінесе, іскерлік қарым-қатынастың адамгершілік және психологиялық үлгісін қалыптастырады. Ата-ананың болашақ бала тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы қалыпта жүзеге асады, сөйтіп, оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Демек, ұрпақ тәрбиесінде ұлтжандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет.

Қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістер айналадағы құбылыстарға, заттарға деген адамның ішкі сана-сезімі мен көзқарасына, қарым-қатынасына өзінің әсерін тигізеді. Осы орайда, бүгінгі таңда жастарымыздың жан-дүниесі мен рухани әлемі өз халқының салт-дәстүрінен ажырап, шетел мәдениетіне бой алдыруы ойланарлық мәселе. Бұған тосқауыл болу керек. Ендеше, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық тәлім-тәрбие негіздерінен қол үзбеу жас ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, көркемдік әлемін байытады. Ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңген имандылық қағидалары: адамдар арасындағы ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік қарым-қатынас негізінде жас ұрпақты тәрбиелеудің сыры тереңде жатыр.

Тәрбие беру, тәрбиелеу мақсаты қоғамның даму сұранысымен анықталады және оның өзіндік тәсіліне, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынына, педагогикалық теория мен практиканың дамуының жеткен деңгейіне, қоғамның, оқу орындарының, білім беруші мен білім алушы

мүмкіндіктеріне тәуелді. Осындай тәрбие жұмысының түрлі формаларын есепке ала отырып, ұжымдық шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістемесін меңгеру аса маңыздылыққа ие.

Ендеше, қазіргі жаһандану процесінде ел болашағын ойлайтын, жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдениеті мен ғылыми өресі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы міндет.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1 Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 400 б.

2 Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2006. – 480 б.

3 «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 2 том. Құрастырған: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1998. – 416 б.



ҒТАМР 14.25.09

## ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ БӨЛІМІ БОЙЫНША АРНАЙЫ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

**Ғ.Б. Ерман**

*Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*

**К.Ш. Оразымбетова**

*Ғылыми жетекші, г.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*

Бұл аннотация физикалық география бөлімі бойынша арнайы қосымшаларды пайдалану тиімділігін зерттеуге арналған. Мұндай тиімділікті анықтау маңызды міндет болып табылады, өйткені оқу процесін оңтайландыруға және оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында әртүрлі қосымшалар мен олардың функционалдық мүмкіндіктері қаралды, сондай-ақ олардың оқу процесінде практикалық қолданылуына талдау жүзеге асырылды. Аталған қосымшалардың тиімділік деңгейін бағалау үшін мұғалімдер мен оқушыларға сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері физикалық география бөлімі бойынша арнайы қосымшаларды пайдалану материалды түсінуді айтарлықтай арттыратынын, білімді меңгеруді жеңілдететінін және практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетті. Алайда, оң нәтижеге қол жеткізу үшін қосымшаларды дұрыс таңдау және нақты білім беру қажеттіліктеріне бейімдеу қажеттігін ескеру қажет. Сондықтан, алдағы уақытта қосымша зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс деп санаймын.

**Түйін сөздер:** физикалық география, геоақпараттық жүйелер, арнайы қосымшалар, ГАЖ тиімділігі.

Географиядағы арнайы қосымшалар – бұл географиялық деректермен және кеңістіктік талдаулармен жұмыс істеу үшін әзірленген бағдарламалық қосымшалар немесе құралдар. Олар зерттеушілерге, ғалымдар мен географтарға географиялық құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін географиялық деректерді жинауға, талдауға, көзбен шолуға және түсіндіруге мүмкіндік береді.

Географиядағы арнайы қосымшалар географиялық деректерді сақтауға, басқаруға және талдауға, сондай-ақ карталар мен кеңістіктік модельдерді жасауға мүмкіндік беретін географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЖ) қамтиды. Оларға сондай-ақ демографиялық деректерді, климаттық жағдайларды, экологияны, көлікті, қалалық жоспарлауды және басқа да

географиялық аспектілерді талдауға арналған бірқатар құралдар енгізілуі мүмкін. Бұдан басқа, географиядағы арнайы қосымшалар орналасқан жерінің координаттарын анықтау және карталар жасау үшін ғаламдық навигация жүйесін (ГЛОНАСС, GPS және басқалар) пайдаланатын геопозициялау мен навигациялық жүйелерді, сондай-ақ мұздық салаларының өзгерістерін, дефорестацияны, климаттың өзгеруін және басқа да экологиялық процестер арқылы жүзеге асырылады.

*Арнайы қосымшаларды қолдану тиімділігі.*

Физикалық география бөлімі бойынша арнайы қосымшалар сабақтарда географияны оқытуда тиімді құрал болуы мүмкін. Міне, осындай қосымшаларды пайдаланудың артықшылықтары:

*Визуализация:* Арнайы қосымшалар әртүрлі физикалық процестер мен құбылыстарды көзбен шолуға көмектесе алады, бұл оларды оқушылар үшін түсінікті етеді. Мысалы, қосымшалардың көмегімен жаһандық тектоникалық плиталарды және нақты уақыттағы плиталық шекаралардың қозғалысын көрсетуге болады.

*Интерактивтілік:* Көптеген арнайы қосымшалар оқушыларға физикалық географияны өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беретін интерактивті функцияларды ұсынады. Бұл климаттық жағдайлар, геологиялық факторлар немесе карта ауқымының өзгеруі сияқты параметрлерді өзгертуді қамтуы мүмкін.

*Өзектілігі:* Арнайы қосымшалар жаңартылатын және физикалық құбылыстар туралы өзекті ақпаратты қамтуы мүмкін. Мысалы, олар жанартаулардың ағымдағы белсенділігі немесе өрттер туралы деректерді ұсына алады.

*Қолжетімділік:* Арнайы қосымшалар мобильді құрылғыларға орнатылуы мүмкін, бұл оқушыларға кез келген уақытта және кез келген жерде қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушыларға сынып бөлмесінен тыс оқуға және сол жердегі қосымшалардың көмегімен зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Арнайы қосымшаларды қолдану оқушыларды, әсіресе интерактивті оқыту әдістерін қалайтындарды қызықтыра алады. Бұл материалды жақсы меңгеруге және географияны зерттеуге ынталылықты арттыруға ықпал етуі мүмкін. Жалпы, физикалық география бойынша арнайы қосымшалар география сабақтарында оқытудың тиімділігін айтарлықтай жақсарта алады. Олар оқушыларға материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі, сондай-ақ осы ғылымды үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

*Арнайы қосымшалар.*

Физикалық географияны бөлуге арналған әртүрлі арнайы қосымшалар бар, олар физикалық географияның әртүрлі аспектілерін зерттеуге және түсінуге көмектеседі. Мұндай бағдарламалардың кейбірі мыналарды қамтиды:

*Google Earth:* Бұл қосымша пайдаланушыларға Жерді зерттеуге, оның бетін бақылауға және оның физикалық географиясының бедер, климат, гидрология және басқа да элементтерін зерттеуге мүмкіндік береді.

*Topo Maps:* Бұл бағдарлама әлемнің түрлі өңірлерінің топографиялық карталарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ол пайдаланушыларға түрлі жерлердің бедері мен геоморфологиясын зерттеуге жағдай жасайды.

*World Weather Map:* Бұл қосымша әлемнің әр өңіріндегі ауа райы туралы ақпарат береді. Ол климаттық үлгілерді, жел жүйелерін және жауын-шашынды зерттеуге мүмкіндік береді, бұл физикалық географияны зерттеуге көмектеседі. Бұл қосымша пайдаланушыларға жануарлардың, өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың түрлі түрлерін зерттеуге және тіркеуге мүмкіндік береді. Ол әлемнің әр өңірінде биомды және биологиялық алуан түрлілікті зерттеуге көмектеседі.

*EarthViewer:* Бұл қосымшаны НАСА әзірледі және пайдаланушыларға Жердің дамуын миллиардтаған жылдар бойы зерттеуге мүмкіндік береді. Ол планетарлық геологияны және континенттердің орын ауыстыруы мен климаттың өзгеруі сияқты жаһандық өзгерістерді зерттеуге көмектеседі.

*Картография мен навигацияға арналған қосымшалар:* Google Maps немесе Yandex.Maps сияқты қосымшалар жергілікті жер туралы географиялық ақпаратты ұсынады, маршруттар құруға және нысандардың географиялық орналасуын анықтауға мүмкіндік береді.

*Климатты зерттеуге арналған қосымшалар:* Weather Underground немесе AccuWeather типті қосымшалар белгілі бір аумақтағы ауа райы туралы ақпаратты, соның ішінде желдің температурасы, ылғалдылығы, жауын-шашыны және жылдамдығы туралы деректерді ұсынады.

*Экожүйелерді зерттеуге арналған қосымшалар:* iNaturalist немесе Plantsnap сияқты қосымшалар фотосуреттер негізінде жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін анықтауға көмектеседі, сондай-ақ осы түрлердің тіршілік ету ортасы мен экологиялық мәртебесі туралы ақпарат береді.

*Гравитация мен магниттік өрісті зерттеуге арналған қосымшалар:* Physics Toolbox Suite немесе Magnetometer сияқты арнайы қосымшалар гравитациялық өрістің күшін және белгілі бір аумақтағы магниттік өрісті өлшеуге мүмкіндік береді.

Жер сілкіністері мен жанартау белсенділігіне арналған қосымшалар, мысалы, Earthquake Alert, нақты уақыт режимінде жер сілкіністері мен жанартау белсенділігі туралы ақпарат береді, сондай-ақ болған оқиғалардың тарихын бақылауға мүмкіндік береді.

Геоморфологияны зерттеуге арналған қосымшалар: мамандандырылған қосымшалар, мысалы, Geology Toolkit немесе Landforms, шатқал, плато, аңғар және басқалар сияқты әртүрлі геоморфологиялық нысандар туралы ақпарат береді, сондай-ақ олардың картада географиялық орналасуын көрсетеді. Бұл қосымша минералдар, тау жыныстары, палеонтология және тектоника сияқты геологияның түрлі аспектілері туралы ақпарат береді. Ол геологиялық талдау арқылы физикалық географияны зерттеуге көмектеседі.

*Арнайы қосымшалар мен ГАЖ.* Арнайы қосымшалар мен географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) әртүрлі салаларда ерекше міндеттерді шешу үшін

жиі қолданылады. Төменде осындай қосымшалар мен ГАЖ-дың кейбір мысалдары келтірілген:

*Қалалық жоспарлау және дамытуға арналған ГАЖ:* мұндай жүйелер аумақты талдау, жаңа құрылыс объектілерінің оңтайлы орналасуын анықтау, көлік инфрақұрылымын жоспарлау және халықтың өсуін болжау үшін пайдаланылады.

*Экология және қоршаған ортаны қорғауға арналған ГАЖ:* бұл жүйелер осал экожүйелерді сәйкестендіруге және мониторингілеуге, климаттың өзгеруін болжауға, ластануларды анықтауға және оларды жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға көмектеседі.

*Жерге орналастыру және ауыл шаруашылығына арналған ГАЖ:* мұндай жүйелер топырақ сапасын бағалауға, жерді оңтайлы пайдалануды жоспарлауға, ауыл шаруашылығы алқаптарын мониторингілеуге және су ресурстарын басқаруға арналады.

*Транспорт және логистикаға арналған ГАЖ:* Бұл жүйелер маршруттарды жоспарлау, жүктерді бөлуді оңтайландыру және көлік желілерінің мониторингі үшін пайдаланылуы мүмкін.

*Геология және геофизика үшін арналған ГАЖ:* мұндай жүйелер пайдалы қазбаларды іздестіруге және зерттеуге, геологиялық құрылымдарды зерттеуге және жер сілкіністері мен жанартау атқылаулары сияқты табиғи апаттарды болжауға қолданылады.

*Туризм мен рекреацияға арналған ГАЖ:* бұл жүйелер туристік бағыттарды жоспарлау, көрікті жерлер мен демалыс орындары туралы ақпарат беру үшін арналған.

*Криминалистика және құқық қорғау органдарына арналған ГАЖ:* мұндай жүйелер қылмысты талдау, қылмыстарды картографиялық визуализациялау, криминалдық үрдістерді болжау және аумақтың қауіпсіздігін жоспарлау үшін пайдаланылады.

Бұл тек арнайы қосымшалар мен ГАЖ қолдану салаларының шағын тізімі. Нақты міндеттерге байланысты басқа да мамандандырылған қосымшалар мен ГАЖ жүйелері болуы мүмкін.

*Қорытынды.* Физикалық география бөлімі бойынша арнайы қосымшалар сияқты қазіргі заманғы технологиялық әзірлемелер география сабақтарында оқыту процесіне айтарлықтай тиімділік енгізеді. Олар оқушыларға материалмен көрнекі және интерактивті қарым-қатынас жасауға бірегей мүмкіндік береді, бұл білімді тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді.

Арнайы географиялық қосымшаларды пайдаланудың негізгі артықшылықтарының бірі – олар абстрактілі тұжырымдамалар мен күрделі процестерді көзбен шолуға мүмкіндік береді. Мысалы, осындай қосымшалардың көмегімен климаттың өзгеру динамикасын, өсімдіктердің бөлінуін немесе жер қыртысының геологиялық құрылымын көрсетуге болады. Бұл оқушыларға материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға, сондай-ақ физикалық география туралы өз білімдерін тереңдетуге көмектеседі.

Сонымен қатар, арнайы географиялық қосымшалар оқушыларға географиялық карталармен белсенді өзара іс-қимыл жасауға және ақпаратты зерттеу мен талдау үшін түрлі құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, олар ауқымды өзгертуге, ақпарат қабаттарын қосуға немесе жоюға, географиялық талдау жүргізуге және графиктер құруға болады. Мұндай тәсіл оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал ете отырып, география сабақтарын қызықты және интерактивті етеді.

Арнайы географиялық қосымшаларды қолдану оқушыларға жаңартылған және өзекті деректерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл климаттың өзгеруі, экологиялық қауіпсіздікке қатер төнуі немесе күрделі геосаяси жағдайлар сияқты өзекті проблемаларды зерделеу жағдайында ерекше маңызды. Қосымшалар нақты уақыттағы ақпаратты жаңартады және оқушыларға өзгерістерді бақылауға және оларды талдауға мүмкіндік береді, бұл физикалық география туралы кешенді және өзекті түсінікті қалыптастыруға көмектеседі.

Осылайша, география сабақтарында физикалық географияны бөлу бойынша арнайы қосымшаларды пайдалану оқытудың тиімділігін айтарлықтай арттырады. Олар күрделі процестерді көзбен шолуға, ақпаратпен белсенді өзара іс-қимыл жасауға және өзекті деректерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл материалды тереңірек меңгеруге және оқушылардың физикалық географияны кешенді түсінуін қалыптастыруға ықпал етеді.

### **Қолданылған әдебиеттер**

- 1 Дорожнова Е.Н. Информационные технологии в обучении географии. – М.: Учитель, 2018.
- 2 Безродный В.Н., Гордеева Т.В. Использование информационных технологий в обучении географии. – М.: Просвещение, 2011.
- 3 Федорова Н.А. Применение специальных приложений в образовательном процессе по географии. – СПб.: Лань, 2016.
- 4 Лоскутова И.Г., Степанов В.Г. Использование геоинформационных технологий в обучении географии. – М.: Дрофа, 2015.
- 5 Камишина Е.Н. Видеоуроки по географии: проблемы и перспективы. – М.: Гуманитарное издательство «Экономика», 2019.
- 6 Костюченко В.В. Проектная деятельность в обучении географии с использованием информационных технологий. – М.: Педагогика, 2014.
- 7 Лебедева Е.А. География с использованием интерактивных технологий. – М.: Просвещение, 2013.
- 8 Сергеев С.А. Возможности использования мобильных приложений в обучении физической географии. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2017.
- 9 Грекова Е.Н., Соколова Н.И. Применение компьютерных технологий в обучении географии. – М.: Т8. Независимый институт развития образования, 2012.
- 10 Шевченко Н.А. Использование интерактивных приложений в обучении физической географии. – М.: Астрель, 2020.

ҒТАМР 77.03.05

## АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТОП СТУДЕНТТЕРІМЕН САБАҚТАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

**С.С. Жанбосинов**

*Магистрант, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.*

Арнайы медициналық топтар – дене шынықтыру сабағында денсаулығына қатысты сырқаттарын ескере отырып, дене тәрбиесіндегі физикалық күш түсіретін ауыр жаттығуларды жасамай, оның орнына жеңілдетілген сауықтыру жаттығуларын ұсынатын арнайы секция болып табылады. Осыған сәйкес мақалада арнайы медициналық топтың студенттерімен дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың және өткізудің әдістемелік ерекшеліктері сипатталған. Жұмыста сауықтыру-профилактикалық жұмыстың, салауатты өмір салтын қалыптастырудың, жоғары білікті мамандарды даярлаудың міндеттері, мәселелері мен перспективалары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** білім алушылар, дене тәрбиесі, арнайы медициналық топ, физикалық, жаттығулар.

Жоғары кәсіптік білім берудің өзекті мәселелерінің бірі білім алушылардың денсаулық жағдайын, оны сақтау және нығайту жолдарын зерттеу болып табылады. Университетте мұндай білім алушылардың оқу жағдайларына бейімделу қиын. Білім алушыларға тән гиподинамия, жыл сайын өсіп келе жатқан оқу жүктемесі, дұрыс тамақтанбау, компьютермен жұмыс істеудің үлкен көлемі, әлеуметтік ыңғайсыздық, әртүрлі психоэмоционалды факторлардың әсері бейімделу жүйелерінің шиеленісін тудырады. Мұның бәрі жыл сайын оқу жүктемелеріне бейімделу процесінде дененің физикалық және функционалдық жағдайының нашарлауымен байланысты оқу қиындықтарын бастан кешіретін білім алушылардың үлесінің артуына әкеледі [1].

Арнайы медициналық топтардағы білім алушылардың дене тәрбиесінің негізгі міндеттері:

– денсаулықты нығайту, аурулардан туындаған бұзушылықтарды жою, ең жақсы жағдайда оларды жою;

– дене шынықтырудың дұрыс дамуына ықпал ету, ағзаның иммунитеті мен ауруын арттыру, қатаю;

- өмірлік маңызды қозғалысты және дағдыларды игеру, физикалық даму деңгейін жақсарту, аурудан әлсіреген органдар мен жүйелердің функционалдық деңгейін арттыру;
- денені және физикалық белсенділікті бейімдеу;
- бар ауруларды ескере отырып, ағзаға әсер ететін арнайы жаттығулар дағдыларын игеру;
- мөлшерлеу және жүктемені өзін-өзі бақылау тәсілдерін практикада оқыту және іске асыру;
- дене шынықтырумен өз бетінше айналысуға қызығушылықтарды тәрбиелеу.

Денсаулығында ауытқулары бар білім алушылармен сабақтар бүкіл оқу кезеңінде жүйелі түрде өткізілуі маңызды.

Сабақтар оқу түрінде де, дербес түрде де өткізілуі мүмкін. Сонымен қатар, дене шынықтыру жаттығулары, дене шынықтыру минуттары, таңертеңгі гигиеналық гимнастика, сондай-ақ оқудан бос уақытта жаппай, сауықтыру, дене шынықтыру, туристік іс-шаралар сияқты күнделікті режимге физикалық жаттығуларды қосу қажет.

Таза ауадағы сабақтар қатысушылардың денесіне үлкен әсер етеді. Мұнда серуендеу, жүгіру, серуендеу мен жүгірудің үйлесімі, шаңғы тебу сияқты циклдік спорт түрлеріне артықшылық беру керек.

Төзімділік, жылдамдық, күш жаттығулары шектеулі. Біз аурудың сипатын ескеру қажет, циклдік спорт түрлері, тыныс алу және созылу жаттығулары кардиореспираторлық жүйенің аурулары кезінде дене бітімі бұзылған кезде дененің бұлшықет буынын нығайтуға арналған жаттығулар енгізіледі.

Кесте бойынша оқу сабақтарына шығатын топтың құрамы үлкен болмауы керек. Әдетте мұндай топта 15 адамнан аспайды. Тиімді сабақтар үшін топтарда білім алушыларды дұрыс таңдау өте маңызды. Егер топ бірдей диагноз қойылған студенттерден тұрса жақсы. Сонымен қатар, оқу топтарын толықтыру кезінде білім алушылардың функционалдық мүмкіндіктерінің шамамен бірдей деңгейін ескеру маңызды. Сондықтан әртүрлі ауруларды бастан өткерген білім алушылардың жүктемелерді орындауға дайындығы ұқсас болған жағдайда бірлескен сабақтар үшін топқа қабылдануға рұқсат етіледі.

Арнайы топтары бар сабақтарда дене шынықтыру сабақтарының жалпы қабылданған құрылымын ұстанған жөн. Алайда, оны ұйымдастыру мен өткізу әдістемесінің ерекшелігі бар: сабақ үш емес, төрт бөліктен тұрады, оған алдымен баяу, содан кейін орташа қарқынмен орындалатын жалпы даму жаттығуларын орындау ғана емес, сонымен қатар жүрек соғу жиілігін есептеу, жүрек-тамыр жүйесінің бейімделу мүмкіндіктерін және бұлшықет жағдайларын жақсартуға ықпал ететін қозғалыс жаттығулары кіреді.

Арнайы медициналық топқа жатқызылған студенттермен оқу сабақтары аптасына 80 минуттан 2 сабақ есебінен негізгі оқу сабағынан бөлек өткізіледі. Жүрек-қан тамыр жүйесінің ауруы, қан айналымының жеткіліксіздігі, гипертония студенттерде жиі кездеседі, сондықтан дене шынықтыру мұғалімі

патологияның негіздерін жақсы білуі керек, өйткені оның қолында жаттығу сияқты күшті құрал бар. Дене шынықтыру мұғалімдері, шын мәнінде, профилактикалық медицинаның қызметкері болып табылады, өйткені дұрыс дене тәрбиесі адамның денсаулығын нығайтады, оның ауруларға төзімділігін арттырады және бірқатар ауруларды емдеуге көмектеседі. Мысалы, жүрек-қан тамырлары жүйесінің ауруы бүкіл ағзаның функционалдық белсенділігінің төмендеуіне әсер етеді, ал физикалық жаттығулар олардың сипатына қарамастан, бүкіл ағзаның қамтамасыз етеді.

Денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топқа жатқызылған студенттермен сабақ кезінде дене белсенділігі, жаттығуларды таңдау және қарқындылығы негізінен қатысушылардың денесінің функционалдық мүмкіндіктерімен анықталады.

Дененің ішкі ағзалардың, атап айтқанда, қан айналымы және тыныс алу мүшелерінің физикалық жүктемелерге бейімделу сипаты көп жағдайда бірдей, сондықтан әртүрлі жүйелердің ауруларымен ауыратын студенттердің бірлескен сабақтары қолайлы.

Негізінен, әсіресе, студенттердің жүректері ескеріледі. Арнайы медициналық топта дене шынықтыру жаттығулары кезінде жүректің функционалдық жағдайын ескеруге ерекше назар аудару кез келген дене жаттығуларын орындау кезінде ең жауапты рөл атқаратын жүрек екеніне байланысты [2].

Дайындық кезеңіндегі сабақтар бірінші семестрде жоспарланады. Бұл кезде оқытушы білім алушылардың функционалдық мүмкіндіктерін зерттеп, олардың қозғалысымен танысады.

Бұл бүкіл кезең дене белсенділігімен айналысатындардың денесінің бейімделуін біртіндеп дамытуға бағытталған. Негізгі кезең екінші семестрде жоспарланады, бұл кезде студенттердің денесін неғұрлым қарқынды түрде дайындау жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды: қарқынды жүгіру, күрделі гимнастикалық жаттығулар. Мысалы, дайындық кезеңінде тыныш жүгірулер 20-дан 40 секундқа дейін беріледі, оларды жаяу жүрумен ауыстырады, алдымен бір рет, содан кейін олар артады. Негізгі кезеңде жалғыз жүгіру 50 секундқа дейін артады – 1 минут, қайталау сеансқа 5-6 рет жетеді. Бірақ жүгіру қатаң түрде жеке тағайындалуы керек. Арнайы медициналық топтың студенттерімен сабақ үстіндегі жұмыстармен қатар таңертеңгілік гигиеналық гимнастика жүргізіледі.

Әр білім алушының дене шынықтыру оқытушысы құрастырған жеке кешені болады. Негізінен таңғы гигиеналық гимнастика тыныс алу жаттығуларының кешенінен тұрады, мұндай білім алушылар бағдарламаға енгізілген элементтерді орындау техникасын оқу үшін үй тапсырмасын алады; спорттың бір түрін насихаттау ережелерімен таныстыру. Бірақ арнайы медициналық топқа бекітілген студенттермен жұмыстың негізгі түрі – сабақтар.

Кіріспе бөлім 20 минутқа дейін созылады және жалпы дамыту жаттығуларынан тұрады, дайындық кезеңінде 4-5 рет қайталаумен баяу, тыныш



қарқынмен орындалады, ал негізгі кезеңде жаттығулардың дозасы 8-ге дейін артады.

Сабақтың негізгі бөлігі 55 минутқа дейін созылады. Негізгі бөліктің оқу материалын дене белсенділігіне жауап ретінде айналысатын ағзаның физиологиялық өзгерісі сабақтың ортасында аздап көтерілетіндей етіп бөлу керек, сондықтан бұл сабақтарда қозғалыстың тек бір түрін, оның ішінде орташа ұтқырлық ойынын үйрету керек. Ойын тәжірибенің қуанышты эмоцияларын тудырады және білім алушылардың жалпы тонусын арттырады.

Сабақтың соңғы бөлігі 10 минутқа дейін созылуы керек. Сабақтың бұл бөлігінің құралдары-жүрудің әртүрлі түрлері, назар аудару жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, олардың мақсаты физикалық белсенділікті азайту. Арнайы медициналық топпен сабақ өткізу кезінде оқытушы білім алушылардың денсаулық жағдайындағы өзгерістерді бақылауы керек. Арнайы медициналық топ білім алушылармен сабақ кезінде жүктеменің дұрыстығының ең объективті көрсеткіші сабаққа дейін, сабақтың негізгі бөлігінен кейін және сабақтан кейін жүрек соғыс жиілігін үш рет өлшеу болып табылады. Егер сабақтың негізгі бөлігінен кейін жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы 50-60% болса, содан кейін сабақтың соңғы бөлігінде бастапқы шамаларға дейін қысқарса, физикалық белсенділік қалыпты болды деп санауға болады [3, 4].

Сабаққа жақсы қатысуды қамтамасыз ету үшін білім алушының дене шынықтыру процесіне деген қызығушылығын төмендететін нақты себептерді білу маңызды. Әдетте, мұндай себептер мазмұнның сапасыздығы және сабақтарды ұйымдастыру, кейде білім алушылардың физикалық жаттығулар мен әдістерді, әрекеттерді жүйелі түрде орындамауы болып табылады, бұл білім алушылардың өз күштеріне деген сенімін жоғалтуға әкеледі. Осыған байланысты әрбір дене шынықтыру мұғалімі білім алушылардың дене шынықтырумен айналысуға деген қызығушылығын арттыруға қамқорлық жасауы керек. Білім алушылардың дене тәрбиесіне деген қызығушылығын арттыратын тәсілдер мен әдістердің ішінде ерекше назар аударуға лайық:

– Дене шынықтырумен айналысуға деген қызығушылықты және зерттелетін қозғалыс әрекеттеріне саналы қатынасты дамыту арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

– Оқу сабағының білім беру құндылығын арттыру.

– Әр түрлі аурулары бар білім алушыларға сараланған көзқарас және дене шынықтыру сабақтарына деген көзқарас.

– Білім алушыларға сабақтардың әсерінен олардың физикалық дамуында болатын қолайлы өзгерістерді көрсету үшін медициналық куәландыру және антропометриялық өлшеу деректерін пайдалану.

– Білім алушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын шынайы бағалауды шығару.

Осылайша, дененің жеке ерекшеліктері арнайы медициналық топтармен айналысатын білім алушылар үшін дене шынықтыруды тандаудағы негізгі фактор болып табылады, ал дене шынықтыру арнайы медициналық топтардағы дене шынықтыру сабақтарының мақсаттары мен міндеттерінен анықталады.

### Қолданылған әдебиеттер

1 Методика оздоровительных занятий по физическому воспитанию студентов специальных медицинских групп. URL: <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=788873>.

2 Попова И.В. Организация и методика проведения занятий по физическому воспитанию со студентами специальной медицинской группы с различными заболеваниями: учебно-методическое пособие для студентов специальной медицинской группы с различными заболеваниями. – Хабаровск: Дальневосточный государственный медицинский университет, 2010. – 79 с.

3 Таштанов М.А. Организация и проведение занятий по физическому воспитанию со студентами, отнесенными к специальной медицинской группе // Наука и новые технологии. – 2007. – № 3-4. – С. 114-116.

4 Дармонкова А.В. Особенности организации и проведения занятий в вузах по физической культуре со студентами специальной медицинской группы // Здоровье человека, здоровый образ жизни, здоровьесберегающие технологии, физическая культура и спорт: Материалы III Всероссийской научно-практической конференции. – СПб.: ООО «НИЦ АРТ», 2020. – С. 20-27.

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENT**

**Гуманитарлық ғылымдар  
Гуманитарные науки  
Humanities**

Орынбасар Д.Ш., Исаева М.У. XXI ғасырда әл-Фарабидің кемел адам идеясының мәні .....	5
Әжібаева А.Б., Бегимбаева Ж.С. 1920-1930 жылдары Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшырағандардың әлеуметтік сипаты .....	11
Үегізбай А.Т. John Rawls' Theory of Justice: A Philosophical Analysis .....	16

**Әлеуметтік ғылымдар және экономика  
Социальные науки и экономика  
Social sciences and economics**

Zheng Yajun, Tazhieva S.K. Comparative Analysis of Corporate Social Responsibility Development in Global Markets .....	21
Jia Xiao, Tazhieva S.K. Management methods of a modern organization and ways to improve them .	26
Qiao Yi, Nietalina G. Innovative transformations in improving the organizational structure of the company .....	31
Wu Xiao Xiang, Masakova S. Research on the problems and countermeasures of cross-border e-commerce development by small and medium-sized enterprises in China .....	37
Алжанова Н.С. Оптимизация финансовых потоков: основные шаги и подходы на производственном предприятии .....	45

**Өнертану салалары**  
**Отрасли искусствоведения**  
**Branches of art criticism**

Исина Р. М., Татиев Е.Е.

А. Дүзелхановтың картина талғампаздығы және оны көркем еңбек сабағындағы маңыздылығы ..... 52

**Жаратылыстану ғылымдары**  
**Естественные науки**  
**Natural science**

Тәжібай А.Е., Махмудов Ж.У.

Биология мұғалімдерін әдістемелік даярлау жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздері ..... 59

Айнагулова Г.С.

Егеуқұйрықтардың өкпе тініндегі липидтердің асқын тотығуына және антиоксиданттық жүйе ферменттерінің белсенділігіне хризотил асбесттің әсері ..... 65

Дауек Ә.Б., Муратбекова М.А.

Күрделі тригонометриялық теңсіздіктерді шешуді үйрету әдістемесі .... 70

Ақболат А.Н., Жунусова Ж.Х.

Логарифмдік теңдеулердің маңыздылығы мен есептерді шешудің тамаша әдістері ..... 77

Жунісов Д.Ж., Таймуратова Л.У.

Физиканы оқытудағы эксперименттік әдістер ..... 83

Жылысбаева Г.Н., Бакирова Б.А.

Химия пәнінде өзіндік жұмыстарды жүргізудің инновациялық әдістері. 91

**Техникалық ғылымдар және технологиялар**  
**Технические науки и отрасль технологии**  
**Technical sciences and technologies of the industry**

Мугаз Қ.К., Сагиндыков К.М.

Take-Grant моделі негізінде компьютерлік жүйенің қауіпсіздігін тексеру алгоритмін құру ..... 101

Онайбаева Н.Н. Білім беру саласында мобильді қосымшаларды құру және дамыту .....	106
Бұланов Қ.Б. Компьютерлік криминалистика құралдарын дамытудағы Computer Forensic Tool Testing (CFTT) жобасының рөлі мен маңызы .....	111
Алтынбаева А.Т., Жақсыбекова Б.А. Мақта матасына антимикробтық қасиет беретін наножабын технологиясын жасау .....	116
Әуесхан Е.Т., Джумабаев А.А. Релевантность использования рулонных кровельных материалов .....	119
Дарменбаева А.С., Аубакирова Д.М., Орынбекова А.А. Темір негізіндегі нанобөлшектерді алу және олардың қасиеттерін зерттеу .....	123

**Қызмет көрсету салалары**  
**Сферы услуг**  
**Service sector**

Каражанова М.Х., Урузбаева Н.А. Экологический потенциал туризма для развития экобрендинга в Казахстане .....	128
---	-----

**Ауыл шаруашылығы ғылымдары**  
**Сельскохозяйственные науки**  
**Agricultural Science**

Ермекбаев К.А., Иембергенова Ж.Ж. Актуальность и значимость создания генофонда .....	136
---	-----

**Педагогика және білім беру**  
**Педагогика и образование**  
**Field of pedagogy and education**

Kamzina Zh.M., Abdol E.D. Applying critical thinking in teaching secondary school students english as a foreign language .....	142
---	-----

Айтжанова Э.Н., Манатауова М.Қ. Адамгершілік құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру .....	147
Айтжанова Э.Н., Әбітахун А.О. Балалардың гендерлік ерекшелігін ескере отырып тәрбиелеу .....	151
Қолғанатова Г.Н. Бастауыш сынып оқушыларының көшбасшылық қасиетерін коллаборативтік оқыту арқылы қалыптастырудың педагогикалық- психологиялық ерекшеліктері .....	157
Нысанбаева А.К. Бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін коучинг технологиясы арқылы дамытудың теориялық негіздері .....	161
Мырзабаев А.Б., Жұмырова А.А. Биологиядан дарынды балалардың оқу мотивациясын арттырудағы инновациялық технологиялар .....	167
Есенов М.А. Волейболмен айналысатын орта сынып оқушыларының жылдамдық- күш қабілеттерін дамыту әдістемесі .....	171
Белхайрова А.С. Волейболшылар командасының оқу-жаттығу процесін басқару .....	175
Бектурсинов А.А. Гимнастикалық жаттығуларды сәтті оқытудың әдістері, жолдары мен шарттары .....	180
Абдикаримов Д.Ұ. Дене шынықтыру саласындағы адамгершілік тәрбие .....	184
Ишанханқызы А. Ертегі терапиясы эмоционалды-еріктік сферасында бұзылыстары бар оқушыларды түзету әдісі ретінде .....	188
Музафаров Д.Т. Жас баскетболшылардың қозғалыс-үйлестіру қабілеттерін дамытуда қолданылатын әдістер мен жеке әдістемелік әдістер .....	193

Нарымбаева М.А. Инклюзивное образование: вызовы и перспективы преподавания информатики .....	198
Айтжанова Э.Н., Бабаомар А.А. Қазіргі таңдағы бала құқығының тапталу жағдайына қатысты мәселелер .....	203
Амангелдина А.Б. Қазіргі педагогикалық мәселе ретінде бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастыру .....	207
Әлмұрат М. А., Мырзаханов М.С. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы сәндік қолданбалы өнердің дидактикалық негіздері .....	211
Орынбаева Н.М. Органикалық химияның оқытуда зерттеу дағдыларын қалыптастыру ....	217
Калдыбаева А.С. Проблема эстетических ориентаций и компетенций будущих хореографов .....	224
Тусупова М.М. Психика дамуының жас заңдылықтары мен зерттеу әдістері .....	231
Оңғарова М.Н. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (III деңгей) мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері .....	236
Имангазиев А.А., Дошыбеков А.Б. Спорттық-сауықтыру клубтарындағы фитнес менеджмент .....	241
Айтжанова Э.Н., Елубаева А.М. Ұлттық тәлім-тәрбиенің ұрпақ тәрбиесіндегі ролі .....	245
Ерман Ғ.Б., Оразымбетова К.Ш. Физикалық география бөлімі бойынша арнайы қосымшаларды пайдалану тиімділігі .....	250
Джанбосинов С.С. Арнайы медициналық топ студенттерімен сабақтар ұйымдастыру және өткізу .....	255

Scientific publication  
proceedings of the international scientific conference  
**«Priority directions of science and education development»**  
25-26 December 2023.  
Astana, Kazakhstan

**Responsible editor – A. Amangeldiyev**

Signed to the press on 29.12.2023  
Circulation of 50 copies. 60X90/8 format  
Offset paper font «Times New Roman»  
Order No. 15269



Published in the printing house of the «Bilim Innovations Group».  
Uly Dala avenue 38/494, Astana city, Republic of Kazakhstan, 010000  
Phone: +77074929322; e-mail: info@kazconf.com



*Ескертпелер үшін*